


Көркем еңбек

қыздарға арналған

Мұғалімге арналған нұсқаулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Назарбаев Зияткерлік мектептері
Астана
2017

ӘОЖ 372.8:64
КБЖ 74.263
К 69

Авторлары:

Б.Ж. Дүйсенова, С.А. Жолдасбекова, Ж.С. Құлбекова, Ф.А. Құрабаева

Көркем еңбек (қыздарға арналған): жалпы білім беретін мектептің 7-сынып
К 69 мұғаліміне арналған нұсқаулық / Б.Ж. Дүйсенова, С.А. Жолдасбекова, Ж.С. Құлбекова
және т.б. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 88 б.

ISBN 978-601-7916-42-8

ӘОЖ 372.8:64
КБЖ 74.263

ISBN 978-601-7916-42-8

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017

Мазмұны

Кіріспе	4
Визуалды өнер	5
Суретші қолындағы микроскоп	6
Фотосуретші қолындағы микроскоп	8
Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар.....	10
Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар.....	12
Поп-арт стиліндегі Қазақстан образы.....	14
Шығармашылық жұмысты бастаймын	16
Шығармашылық жұмысты бастаймын. Комикстер	18
Шығармашылық жұмысты жалғастырамын.....	20
Барлығыңызды көрмеге шақырамын	22
Визуалды өнер. Қорытынды	24
Сәндік-қолданбалы өнер	25
Көркем өрнек салу өнері	26
Батик және оны жасау тәсілдері.....	28
Шығармашылық жұмыстың басы. Батикке арналған нобай салу.....	30
Батик жасауға дайындық.....	32
Матаға өрнек салу	34
Бұйымға көркем өрнек салу жұмысын аяқтау.....	36
Барлығыңызды көрмеге шақырамын	38
Сәндік-қолданбалы өнер. Қорытынды.....	40
Дизайн және технология	41
Киімді түрлендіру (трансформациялау)	42
Киімді трансформациялауға арналған идеялар.....	44
Сәндік тігін материалдары және фурнитура.....	46
Тоқыма материалдарынан жасалған аксессуарлар	48
Тігін бұйымдарын пішуге дайындау	50
Тігін бұйымдарын пішу.....	52
Тігін бұйымдары бөлшектерін өңдеу	54
Тігін бұйымдарын біріктіру және ылғалды жылумен өңдеу.....	56
Тігін бұйымдарын әшекейлеу	58
Жұмысты таныстыру рәсімі.....	60
Дизайн және технология. Қорытынды	62
Тамақтану мәдениеті және үй мәдениеті	63
Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері	64
Наурызкөже – наурыз мерекесінің басты тағамы	66
Әлем халықтарының тағамдары.....	68
Әлем халықтарының дәстүрлі тәтті тағамдары	70
Ұннан дайындалатын ұлттық тағамдар	72
Тұрмыстық техника әлемі	74
Гүлдер – әшекей құралы.....	76
Интерьердегі гүл композициясы.....	78
Тамақтану мәдениеті және үй мәдениеті. Қорытынды	80
Глоссарий	82

Қымбатты мұғалім!

Сіздің алдыңызда 7-сыныпқа арналған «Көркем еңбек» (қыздарға арналған) пәні оқулығымен жұмыс істеуге арналған нұсқаулық жатыр. Бұл нұсқаулықта сабақты жоспарлау және жүргізу барысында басшылыққа алатын мұғалімнің іс-әрекеті сипатталған, тиімді оқытуға арналған әдіс-тәсілдер мен айрықша назар аударатын аспектілер келтірілген.

Алдымен оқу бағдарламасымен, негізгі мектепке арналған пәннің оқу мақсаттары жүйесімен мұқият танысыңыз. Ол сізге сабақ барысын сапалы жоспарлауға және іс-әрекетті ұйымдастыру мүмкіндігін жан-жақты бағалауға көмектеседі.

«Көркем еңбек» оқулығының әр тарауы бір тоқсан бойы оқылатын төрт тараудан тұрады. Олар:

1-тарау. Визуалды өнер

2-тарау. Сәндік-қолданбалы өнер

3-тарау. Дизайн және технология

4-тарау. Үй мәдениеті және тамақтану мәдениеті

Әр тарау оқу мақсаттарына сәйкес біріктірілген тақырыптардан (сабақтардан) тұрады.

Сабақты жоспарлау және ұйымдастыру барысында мынадай мәселелерге назар аударыңыз:

- белсенді, мотивациялық оқыту және зерттеу дағдысына негізделген оқыту;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту, мәселелерді өз бетінше шешуге үйрету;
- оқытудың күнделікті өмірмен байланысына назар аудару;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру.

Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жеке папкаларға (портфолио) жинақтап, сақтау ұсынылады. Сонымен қатар өздерінің идеяларын, сипаттамаларын, ойларын жазатын зерттеу альбомын пайдалануына ерекше назар аударыңыз.

Портфолио және зерттеу альбомы оқыту нәтижелерін бағалауда пайдаланылады.

Тәжірибелік жұмысқа, әсіресе, бояулармен және желіммен жұмыс істеуге берілген уақытты нақты жоспарлау ұсынылады.

Оқулықта және нұсқаулықта берілген тақырыптар, іс-әрекеттердің түрлері және педагогикалық ұстанымдар ұсыныс ретінде берілген. Оқушылардың білімі мен дағдыларының деңгейіне, кабинеттің техникалық және материалдық тұрғыдан жабдықталуына т.б. факторларға орай, сіз сабақтағы іс-әрекеттердің түрі мен сипатын өзгерте аласыз, алайда оқу мақсаттарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуіңіз қажет.

Жұмысыңызға сәттілік тілейміз!

Визуалды өнер

Қымбатты мұғалім!

Өнерде шегара мен шектеу болмайтыны белгілі. Өнер жайлы шексіз айтуға және оны зерттеуге болады.

«Визуалды өнер» тарауында сіздер оқушылармен бірге бейнелеу өнерінің әртүрлі қырларын оқып білесіздер. Бұл тарау мына бағыттар бойынша біріккен сабақтардан тұрады:

- өнер және ғылым, микросуреттер;
- заманауи бейнелеу өнері;
- көрме ұйымдастыру.

Өнер және ғылым, микросуреттер. Ғылым мен өнер арасында орныққан тығыз байланысты тарих көрсетіп отыр. Бұл тарауда оқушыларды суретшілердің ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, микроскоптың көмегімен жасаған бейнелер әлемімен таныстырасыз. Оқушылар бактериялармен, вирустармен және жай көзге көрінбейтін басқа да микросуреттермен танысады, оқыған материалдарын шығармашылық тұрғыда талдайды және тәжірибелік жұмыстар жасайды.

Заманауи бейнелеу өнері. Оқушылар бейнелеу өнерінің поп-арт, символизм, абстракционизм, перфоманс т.б. сияқты жаңа бағыттарымен танысады. Заманауи өнердің дамуына технологиялардың әсеріне және ерекшеліктеріне назар аудара отырып, қазіргі қазақстандық суретшілермен танысады. Олар қазіргі суретшілердің шығармашылығымен шабыттанып, әртүрлі стильде және заманауи бағыттарда өздерінің шығармашылық жұмыстарын орындайды.

Көрме ұйымдастыру. Дұрыс ұйымдастырылған көрме тарауды оқытудың қорытындысын шығарудың тиімді жолы болып табылады. Жасаған бұйымын толық аяқтау үшін оқушылар шығармашылық жұмыстарын безендіріп үйренеді. Шығармашылық жұмыстарды перфоманс түрінде таныстыру рәсімін өткізу жолдарымен танысады.

Оқыту үдерісін ойдағыдай жүзеге асыру үшін түрлі түсті қарындаштар, бояулар, түрлі өлшемдегі қағаздар т.б. негізгі материалдар мен құралдар қажет.

Еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейміз!

Суретші қолындағы микроскоп

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- ғылым салалары жетістіктерінің өнердің дамуына тигізер әсерін түсінеді;
- шығармашылық идеяларын көрсету үшін қоршаған ортаның визуалды элементтерін қолдану жайлы білімі мен түсініктерін көрсете алады.

Ресурстар

микроағзалар туралы көрсетілім материалдары, микроскоптар, зерттеуге арналған материал, микроағзалар туралы қосымша материалдар (таныстырылым, брошюралар, иллюстрациялар), зерттеуге арналған альбом, түрлі түсті қарындаштар, фломастерлер.

Тірек сөздер: микросуреттер, бактериография.

Оқулық: Суретші қолындағы микроскоп, 6-7 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Микроағзалар (микробтар) – тек оптикалық ұлғайту арқылы көрінетін жан-жануарлар мен өсімдіктерден алынған ағзалар. **Роберт Гук** (1635-1703) – физик, ботаник, өнертапқыш және астроном. 1665 жылы түрлі ғылыми зерттеулер үшін микроскопты қолдану тәсілдері сипатталған «Микрография» атты трактаты жарияланған. Ғалымның ғылыми еңбегінде өсімдіктердің, жәндіктердің және жануарлардың бөлшектерінен жасалған әртүрлі тәжірибелерді бейнелейтін иллюстрациялар мен гравюраларды кездестіруге болады.

Нидерланд натуралисі **Антони ван Левенгук** (1632-1723) – ғылыми микроскопияның негізін қалаушы ғалым, микроскопты құрастырған конструкторлардың бірі. Қоршаған ортаны зерттеуіне Роберт Гуктың трактаты түрткі болған.

Эрнст Геккель (1834-1919) – неміс жаратылыстанушы ғалымы және философ. Ол нысандардың нобайлары мен акварель нобайларын жасай отырып, ағзаларды зерттеген және сипаттаған. Табиғат кемелдігін бейнелеген «Табиғаттағы пішіндердің көркемдігі» атты кітабы ХХ ғасырдың бейнелеу өнері мен сәулетіне үлкен әсер еткен. Қазіргі кезде микробиология және өнер бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылып келеді. Өнер және микробиология синтезінің нәтижесінде «бактериография» термині пайда болды. Бұл термин бактерия және «графия» (грек. *grapho* – жазамын) деген сөздердің бірігуінен шыққан.

Британ бактериологы **Александр Флеминг** (1881-1955) дүниежүзінде алғаш рет антибиотик – пенициллинді ойлап тапқаны үшін Нобель сыйлығына ие болған. Ғалым өнерге біртабан жақын болған және өмір бойы Челси өнер клубының мүшесі болған. Ол тірі бактериялармен сурет салған бірінші ғалым болып табылады. Ол өз жұмыстарында майлы бояу немесе акварель кескіндеме сияқты бейнелеу өнерінің дәстүрлі техникаларының баламасы ретінде пигментті бактерияларды қолданған. Суретшінің жұмыстары Александр Флемингтің (Imperial College Healthcare NHS Trust) мұражайында орналасқан.

Закари Копфер – тірі микроағзалардан картиналар салатын заманауи микробиолог. Ол көптеген танымал адамдардың портреттерін салған. Олардың қатарында Леонардо да Винчи, Чарльз Дарвин, Пабло Пикассо және т.б. портреттері бар.

Сабаққа қатысты ескертулер

Осы және келесі тақырыптар биология саласымен тікелей байланысты. Сабақты жоспарлағанда алдын ала биология пәнінің мұғалімінен кеңес алу ұсынылады, ол қандай да бір техникалық немесе басқа да көмек беруі мүмкін.

Суреттерге мұқият қара.

Берілген тапсырма оқушыларды ынталандырады, ойлануға шақырады. Олар оқулықтағы суреттерге назар аудара отырып, өздерінің көргендері туралы ойланады, әсерлерімен бөліседі. Оқушылар қоршаған ортадағы көрінбейтін алуан түрлі микроағзалар пішінінің әсемдігін түсінеді, қиялы мен ойын өрбіте түседі.

Ықтимал жауаптар:

Оқушылар бірінші фотода лимон жемісі бар бұтақ бейнеленген деп ойлауы мүмкін. Лимон жемістері мен жапырақтар анық көрінеді. Екінші фотода қызыл түсті жіп иірімі бейнеленген. Үшінші фотода жарығы жымыңдаған қала көшесінің суреті бейнеленген.

Оқушылармен микросуреттер туралы мәтінді оқуды ұсыныңыз және микроағзаларды бейнелеуге байланысты ғылыми ізденістер туралы әңгімелесіңіз. XX ғасырда бейнелеу өнері мен сәулет өнерінің дамуына өздерінің шығармашылығымен ықпал еткен ғалымдар туралы айтып беріңіз. Қызықты микросуреттерді көрсетіңіз. Оқушылардың назарын Эрнст Геккельдің шығармашылығына, өнердің әртүрлі саласының өкілдері арасында қолдау тауып жүрген оның «Табиғаттағы пішіндердің көркемдігі» деген еңбегіне аударыңыз.

Зертте.

Бұл тапсырма Эрнст Геккельдің суреттерін оқушылардың өз бетінше зерттеуіне және ассоциативті ойлауын дамытуға бағытталған. Оқушылар бейнелерді зерттей отырып, қандай сызықтар, пішіндер мен түстердің қолданылғандығын, олардың неге ұқсайтындығын анықтап өз бетінше өрнектердің нобайын салады. Микроағзалардың осы суреттері оқушыларға жаңадан сәнге айналған өрнектерді салуына көмектесе алады.

Ықтимал жауаптар:

Оқушылар суреттегі композицияның белгілерін, яғни элементтердің қайталануын, симметриясын, түстердің арақатынасын, композициялық орталығын, түс пен сызықтың, нысанның бөлшектерінің орналасуын сипаттайды. Бейнелер түймелерге, әшекейленген жұмыртқаларға, баспа таңбаларына т.б. ұқсас.

Сен білесің бе?

Осы тақырып бойынша қосымша ақпарат береді. Оқушыларға мәтінді оқып, мына сұраққа жауап беруді ұсыныңыз: осы айдарда берілген қызықты мәлімет қандай ойға жетелейді?

Орындап көр.

Тапсырма осы тақырып бойынша сабақта алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға бағытталған. Оқушылар сабақта жасаған өрнектерінің нобайымен «Микросуреттер» композициясын құрастырады.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Тапсырма өткен сабақтағы материалды қайталауға бағытталған. Оқушылардан зерттеу альбомына оқулықта берілген сұрақтарға жауап жазуын сұраңыз.

Ықтимал жауаптар:

Өнер мен ғылымның байланысы екі салаға да пайда әкелуі мүмкін; технологияның дамуы ғылым мен өнердің дамуына айтарлықтай үлес қосты; микроскопсыз микроәлемді көру және түсіру мүмкін емес; микробиологияның көмегімен ерекше туындыларды жасауға болады.

Қосымша тапсырмалар

Қосымша тапсырмалар ретінде орындалған суреттерді кез келген материалмен (мысалы, түрлі түсті қарындаштармен) бояуды ұсыныңыз.

Бағалау

Зерттеу альбомына орындалған жұмыстарға топпен немесе жұппен талдау жүргізіңіз және бағалаңыз. Орындалған нобайлардың сапасына назар аударыңыз, атап айтқанда, жалпы композицияға, оның күрделілігі мен элементтерінің аяқталғандығына, пішіндердің, сызықтардың үйлесімділігіне мән беріңіз.

Фотосуретші қолындағы микроскоп

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- бейнелеу өнерінің дамуына ғылымның тигізер әсері туралы біледі;
- визуалды бейнелермен байланыстыра отырып, микрофотосуреттердің пішінін, түсін, құрылымын қарастырады;
- дизайн жасауда микрофотосуреттерді қолданады.

Ресурстар:

микроскоппен көріп, зерттеуге арналған нысандар (гүлдің күлтежапырақтары, көбелектің немесе инеліктің қанаттары, үйдегі шаң-тозаң, қағаз, мақта, жіптер, шаш, аквариум қабырғасындағы тат т.б.), зерттеу альбомы, түрлі түсті қарындаштар, фло-мастерлер, бояулар.

Тірек сөз: микрофотосурет.

Оқулық: Фотосуретші қолындағы микроскоп, 8-9 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Микрофотосуреттер – микрофототехниканың көмегімен алынған фотосурет. Шығармашылық өнердің бұл түрінің бірден-бір өкілі – британдық фотосуретші, профессор Роб Кесселер. Ол біз елестететін экзотикалық микроәлемді ұсақ бөлшектермен көрсетеді. Оның жұмыстарында өнер мен ғылым ұштасқан. Ортағасырлық голландиялық гүл натюрморттарымен рухтанған Р. Кесселер микрофотосуреттің шығармашылық мүмкіндігін зерделеу үшін ғалым-микробиологтармен бірге жұмыс істейді. Жоғары технологиялық зертханаларда ғылым мен өнерді ұштастыру арқасында өсімдіктер, өзектер, тұқымдар, жемістер мен жапырақ бөлшектері бейнелерінің үлкен топтамасы пайда болды. Роб Кесселер бізге органикалық әлемнің ең кішкентай бөлшектерінің құпиясын ашады. Бейнелердің күрделілігі мен ғажайып әсемдігін, яғни табиғаттың жасырын сырлары мен көзге шалынбас көркемдігін жай көзбен көру мүмкін емес.

Британдық суретші Анна Думитриу өз шығармашылығының негізгі нысаны ретінде бактерияларды таңдады. Суретші өз шығармаларымен қазіргі таңдағы өзекті мәселелерге, антибиотиктерге төзімді бактериялардың артуына және олардың мутациясына назар аударады. Суретші ерекше технологиямен әйелдердің көйлегін, жастықтарды, перделерді, интерьердің басқа да бұйымдарын жасаған. Ол өз жұмысында қауіпсіздік шараларын қолдана отырып, қауіпті бактерияларды пайдаланған, содан соң дайын бұйымдарды зарарсыздандырған.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақ биология пәнімен тығыз байланысты, сондықтан тақырыпты оқып, қарастыру үшін микроскоп қажет. Микроскопты пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда жұмысқа интернеттен әртүрлі нысандардың түрлі түсті микробейнелерін дайындап қойыңыз.

Фотосуреттерге қара.

Берілген тапсырма заттардың ұқсастықтарын сипаттай отырып, ойлауды дамытуға бағытталған. Оқушылар фотосуреттерге қарай отырып, өз ойларындағы ассоциациялар туралы айтып береді.

Ықтимал жауаптар:

Микрофотосуреттер оқушылардың қиялын ұштайды, қоршаған ортаға жаңаша көзқараспен

қарауға ықпал етеді. Роб Кесселердің фотосуреттерін көрген оқушылар бір бейненің орамжапырақ тұқымына ұқсайтынын, екіншісінің шашылған асбұршаққа, үшіншісінің терезе әйнегінде қатқан қырауға ұқсайтынына болжам жасай алады. Сіз өте кішкентай, бірақ осынша әсем микроағзалардың қандай күшті әсер ететініне көз жеткізіңіз. Оқушылардың назарын суретшінің бейнелерді қалай салатынына аударыңыз. Роб Кесселер туралы қысқаша айтып беріңіз.

Сен қалай ойлайсың?

Тапсырма оқушылардың ой-өрісін дамытады, оларды шығармашылық идеяларға жетелейді. Оны жұппен, топпен немесе жеке орындатуға болады.

Ықтимал жауаптар:

Роб Кесселерді микроәлемнің көркемдігі қызықтырған. Сонымен қатар ол әртүрлі фотоқұрылғылардың мүмкіндіктерін пайдаланып, тәжірибе жүргізуді ұнатқан. Суретшінің жұмыстары сан қырлы болып келеді. Суреттерін көйлектердің үлгілерін жасағанда, интерьерді сәндегенде пайдалануға болады.

Зертте.

Тапсырма оқушылардың зерттеу дағдыларын өз бетінше дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл тапсырмада оқушылар микроағзалардың түсіне, пішініне, құрылысына назар аудара отырып, микроскоппен дайындалған нысандарды немесе интернеттегі микрофотосуреттерді зерттейді. Зерттеу альбомдарына олардың суреттерін салады. Айдарда берілген сұрақтар олардың ынтасы мен шығармашылық белсенділіктерін дамытуға ықпал етеді.

Сен білесің бе?

Бұл айдар оқушыларды шығармашылық жұмысқа жетелейді, өнер мен ғылымның өзара байланысын іздестіруге қызығушылықтарын оятады. Бұл жерде биологиямен айналысатын оқушылар ерекше қызығушылық танытуы мүмкін.

Суреттерге мұқият қара.

Тапсырма оқушылардың шығармашылық қиялын дамытуға бағытталған. Оқушылар Роб Кесселер интерьер дизайнында микрофотосуреттерді қалай қолданғанын зерделейді. Мысалы, осы тәсілді интерьердегі тоқыманы, қабырғаны, үй гүлдеріне арналған ыдысты сәндегенде қалай пайдалануға болады? Оқушылар идеяны одан әрі дамытып, өздерінің нұсқаларын ұсынады.

Орындап көр.

Бұл тапсырмада оқушылар дизайнда микросуреттерді қалай қолдану керектігі туралы шығармашылық идеяларын зерттеу альбомдарында дамытады. Олар суреттердің түстері мен пішіндері туралы жазады және нобайларын салады. Тапсырма өз бетінше орындауға арналған.

Ойлан да сұрақтарға жауап бер.

Оқушылардың қойылған сұрақтарға қайтарған жауаптарынан микрофотосуреттер туралы материалды қалай меңгергендіктерін анықтауға болады. Оқушылар алған тәжірибесімен бөлісіп, келешекте оны қалай қолдануға болатындығын айтады.

Қауіпсіздік ережелері

Оқушылар микроскопты пайдалану барысында жұмыс орындарын дұрыс ұйымдастырулары тиіс және қауіпсіздік ережелерін орындауларын қадағалау қажет. Микроскоптың және фотосандардың бөлшектерімен абайлап жұмыс істеу керек.

Қосымша тапсырмалар

Сабақта өткен суретшілерден басқа қай қылқалам шеберлерінің ғылыми жетістіктерді өз шығармашылығында пайдаланғанын айтыңыз.

Бағалау

Зерттеу альбомында орындалған жұмыстарына топпен немесе жұппен талдау жүргізіңіз және бағалаңыз. Дизайнының ерекшелігіне, идеясының тереңдігіне, қолданылған визуалды элементтеріне, жұмыстың эстетикалық тұрғыдан безендірілуіне назар аударыңыз.

Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- өз беттерінше суретшілердің шығармаларындағы заманауи өнердің бағыттарын, олардың ерекшеліктерін зерттейді;
- идеяларды, әдіс-тәсілдер мен олардың жай-жапсарын талдағанда салалық терминдерді пайдаланады.

Ресурстар:

заманауи өнердің бағыттары мен стильдері туралы еңбектер, зерттеу альбомы, түрлі түсті қарындаштар және басқа да көркем құралдар.

Тірек сөздер: абстракционизм, инсталляция, поп-арт.

Оқулық: Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар, 10-11 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Оқулықта заманауи саналық жаңғыру мен өнердің бағытымен, яғни абстракционизм, инсталляция және поп-артпен танысу ұсынылған. Қазіргі өнер тарихи хронологиялық тұтастықта қарастырғанда шамамен соңғы жүз жылды қамтиды. Техникалық прогресс қоғамдық сананы жаңғыртып, заманауи өнер түрлеріне тың серпін әкелді. Ол өнерде қолданылатын техникалық тәсілдерге (коллаждарды, принтерді, компьютерлік графиканы қолдануы) дейін жан-жақты әсер етті.

Заманауи контекстегі өнер классикалық өнер мазмұнынан мүлдем басқаша сипатқа ие. Оның рухани-эстетикалық, мазмұндық құндылығы бір қарағанда байқалмауы мүмкін. Шын мәнінде ол белгілі бір ойдың констатациясы немесе философиясы болуы мүмкін. Кейде тіпті көрермен ойында жалпы, бұл өнер ме деген күмәнді ой туындауы да мүмкін.

Абстракционизм XIX ғасырдың басында, Еуропа, АҚШ және Ресейде бір уақытта, шамамен 1910-1915 жылдарда пайда болған. Суретшілер адамзат санасы ішкі әлемінің философиясын бізге таныс нысандар арқылы емес, шартты құралдар арқылы жеткізуге тырысты. Олар геометриялық денелердің, дақтардың, сызықтардың, түстер мен пішіндердің үйлесімінің көмегімен абстрактілі ойға құрылған шығармаларын дүниеге әкелді.

Инсталляциялар өнер әлеміне XX ғасырдың басында өнердегі авангардпен бірге келді. Ол суретшілер үшін өзін-өзі тану, заттар арқылы өз ойын білдіру жолдарын іздестіру кезеңі болды. Суретшілер бізді қоршаған заттардан белгілі бір мән табуға талпынды. Егер өнер туындыларын сыртынан тамашалайтын болсақ, ал инсталляцияда оларды ішінен көре аламыз.

Өнердегі **поп-арт** бағыты Батыс Еуропада және АҚШ-та 1950-60 жылдары пайда болған. Бұл бағыт абстрактілі өнерге қарсылық ретінде пайда болды. Егер де абстракционизмнің негізі ретінде затсыз композициялар алынса, поп-артта заттардың өзіне сүйенеді. Поп деген атының өзі – көпшілікке мәлім, тұтыну заттарының жарнамасы деген мағынаны білдіреді.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақ заманауи өнер туралы теориялық материалдарды оқуға негізделген.

Суреттерге мұқият қара.

Оқушылар жұптаса немесе топтаса отырып, ұсынылған кестедегі заманауи өнер бағыттарымен және олардың өзіндік ерекшеліктерімен танысады. Кестеде заманауи өнердің үш бағыты,

яғни абстракционизм, инсталляция және поп-арт туралы жан-жақты мәліметтер берілген. Анықтамаларда әр бағыттың ерекшеліктері және осы бағыттардың танымал өкілдері келтірілген.

Зертте.

Бұл тапсырма алдыңғы тапсырмада ұсынылған шығармалардың визуалды сапасын талдау арқылы өнер бағыттарының ерекшеліктерін тереңірек түсінуге бағытталған.

Оқушылар өз сұрақтарын негіздеуде, жоғарыда келтірілген кестені пайдалана алады.

Ықтимал жауаптар:

Бір суретте тек қана шартты белгілер геометриялық сызықтар мен дақтар, басқасында көлемді композиция, үшіншіде жарнамалардағы кейіпкер немесе шоу-бизнес өкілі т.б. бейнеленгендігін айтады. Оқушылар жобаланған бағыттарды атау барысында қателесуі мүмкін. Келтірген дәлелдеріне, терминдерді пайдалануына назар аударыңыз.

Айтып бер.

Тапсырма оқушылардың шығармашылық қиялын ынталандыруға бағытталған. Оқушылар заманауи өнер бағыттарында өздерінің идеяларын дамыта отырып, ойланады. Саралауға назар аударыңыз, қажет болған жағдайда оқушыларға қолдау көрсетіңіз. Олар өздерінің идеяларын жүзеге асыруға қажетті көркем құралдар мен әдіс-тәсілдер туралы ойланады.

Ықтимал жауаптар:

Оқушылар заманауи өнер бағыттарының бірін таңдап алады. Олар зерттеу альбомдарында түсін, пішінін, қандай материалдарда жұмыстың орындалуы мүмкін екенін сипаттап, нобайларын жасайды. Мысалы, абстракционизм үшін – коллаж, бояуларды, поп-арт үшін – ашық бояулар, компьютерлік графиканы, инсталляция үшін – қолда бар заттарды (қалдық материалдар, пластик шөлмектер) т.б. пайдаланады.

Орындап көр.

Оқушылар зерттеу альбомына өз идеяларының нобайын салуы керек.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Тапсырма оқушылардың терминдерді, идеяларды, олардың ерекшеліктерін түсінгендеріне көз жеткізуге көмектеседі. Оқушылар жасаған жұмыстары мен алған білімдерін қайда пайдалана алатындықтарын анықтайды.

Қосымша тапсырмалар

Әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, оқушылар кейбір суретшілердің шығармашылықтарын, заманауи өнердегі ең танымал туындыларды зерттейді.

Бағалау

Осы сабақта зерттеуге арналған альбомдағы талдаулар, дәйекті жауаптар, салынған нобайлар бағалаудың негізі болып табылады. Әр оқушы жұмысының өзіндік ерекшелігіне, жауаптарының толықтығына, терминдерді дұрыс қолдануына назар аударыңыз.

Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- Қазақстанның заманауи бейнелеу өнерінің ерекшеліктерімен танысады;
- әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, зерттеу жұмысын жасайды және шығармашылық идеяларын дамытады.

Ресурстар:

заманауи қазақстандық суретшілердің жұмыстарының репродукциялары, альбомдар, түрлі түсті қарындаштар, бояулар, фломастерлер.

Оқулық: Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар, 12-13 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның бейнелеу өнері жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Кескіндеме, графика, мүсін өнерлері және сәндік-қолданбалы өнердің жаңа бағыттары дами бастады. Қазақстандық заманауи бейнелеу өнері соңғы кездері шетелдерде де танымал болып келеді. Отандық суретшілер кескіндеменің басқа материалдармен күрделі үйлесімін пайдалана отырып, өз жұмыстарында көркем материалдардың, техника және технологиялардың шексіз мүмкіндігін танытып келеді. А. Дүзелхановтың «Томирис», «Абылай хан», «Әбілқайыр хан» кескіндемесінде, Ф. Қаржасовтың, А. Смағұлованың, Н. Қилыбаевтың, Ә. Бапановтың, С. Бапанованың сәндік-қолданбалы өнерінде, Ж. Үмбетовтің және тағы көптеген басқа суретшілердің шығармаларында халықтың тарихи тамырлары мен дәстүрлері көрініс тапты.

1990 жылдан бастап бейнелеу өнеріндегі жаңа үрдістерді қолдаушы белсенді суретшілер Алматыда және Шымкентте «арт-топтар» ұйымдастыра бастады. 1997 жылы Алматы қаласында трансавангард бағытындағы суретшілердің алғашқы және ең айшықты көрмесі ұйымдастырылды. Содан кейін біздің суретшілеріміз этнография, трансавангард, авангард, постмодернизм, инсталляция, перфоманс стилдерінде салынған, жаңашылдық идеялары байқалатын туындыларын Еуропа және АҚШ-тың танымал галереяларында көпшілік назарына ұсынды. «Қызыл трактор», «Жасыл үшбұрыш» деп аталатын суретші топтарының туындыларынан жұртшылық қайталанбас қолтаңбалармен таныса бастады. Олар жүннен жасалған композициялар арқылы қоғамдағы өзекті тақырыптарды қамтитын ауқымды фотокөрме, инсталляциялық композициялар мен перфоманс ұйымдастырды. Осылайша, адами құндылықтарды көркемөнер арқылы насихаттауды көздейтін суретшілер шоғыры қалыптасты.

Кәрікбек Күйіков – белгілі қарағандылық суретші. Семей полигонының зардабын тартқан суретші қылқаламын аузымен және аяқ саусақтарымен ұстайды. Алайда осындай қиындықтарға қарамастан ол тынымсыз еңбектеніп келеді. Суретші көркемөнер мен сурет салуға арналған компьютер бағдарламасын меңгеріп, ядролық қаруға қарсылықты насихаттаумен айналысып, өмірден жаңа мүмкіндіктерді талмай іздестіріп келеді. Суретшінің мұқалмас ерік-жігері мен өмірге құштарлығы таңғалдырады. 2016 жылы Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздік істері жөніндегі саммит кезінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ-тың сол кездегі Президенті Барак Обамаға Кәрікбек Күйіковтің ядролық сынақ көрінісі бейнеленген «Жарылыс» атты суретін сыйға тартты.

Сабаққа қатысты ескертулер

Мүмкіндігінше сыныптан тыс ресурстарды пайдаланыңыз. Айталық, мұражайға бару (виртуалды), суретшілермен кездесу, арт-фестивальге бару т.б. шараларды ұйымдастыруға болады.

Суреттерге мұқият қара.

Оқушылар заманауи суретшілер туындыларының ерекшеліктері мен бағыттарын өзара салыстыра отырып, бір-бірінен ажыратады. Барлық қарастырылған жұмыстарда әртүрлі қолда-

ныста ұлттық колорит ұсынылған. Сондай-ақ С. Сүлейменовтің жұмысында кескіндеме мен жаңа баспа технологиясы пайдаланылғанын, З. Асылғазинаның жұмысы реализм, А. Ақановтың жұмысы бейдәстүршілдік, Ғ. Мадановтың жұмысы символизм стилінде орындалғанын көруге болады.

Ықтимал жауапар:

Оқушылар бұл суреттердің өткен сабақта көрген суреттерден айырмашылықтары мен ұқсастықтарын атайды. Олар өздеріне беймәлім стильде салынған суретті көрсетіп, себебін түсіндіреді. Оқушыларға қазіргі кезде еліміздің суретшілерінің қазақстандық стиль немесе Қазақстан өнерінің алуан түрлілігін көрсететін, әлемдік кеңістікте біздің еліміздің бренді бола алатын бағыттарды іздестіріп келе жатқанын түсіндіріп, олармен осы тақырыпта әңгімелесіңіз. Бұл әңгіме этностиль құралдары туралы келесі тапсырмаға әзірлік болып саналады.

Назар аудар.

Оқып, танысу мақсатында қазақстандық белгілі суретші Қуаныш Базарғалиевтің «Қошқармүйіз» деп аталатын композициясы ұсынылған. Суретші ұлттық оюмен тәжірибе жүргізеді, оған мәдени, діни, саяси (доллар, кеңестік жұлдыз, т.б.) сипаттағы графикалық нышандарды бастырады. Қазақ жерінде әр кезеңдерде орнығып, үстемдік еткен идеологияны осылай көрсетуге тырысқан. Суретші оюдың маңызы мен құндылығын ұлттық рәміз ретінде көрсетуге талпынған.

Оқушылар мұндай туындыларды трафарет қолданып жасауға болатынын айтады, жұмыс үдерісін сипаттайды.

Өмірге құштар адам

Дүниеге қолсыз келген, соған қарамастан елімізге көркем туындыларымен кең танылған суретшінің өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарат оқушыларды өмірді сүйе білуге, қиындықты жеңіп, алға ұмтылуға жетелейді. Кәрікбек Күйіков – Семей полигонының ядролық сынағынан зардап шеккен суретші. Туған жерін шексіз сүйетін, қоғамдағы өзекті мәселелерге бей-жай қарамайтын ерік-жігері зор, қайсар да табанды суретші үлгі болуға, құрметтеуге әбден лайық жан.

Орындап көр.

«Жарылыс» шығармасы бойынша эссе жаздыру барысында оқушылар суретшінің идеясы, визуалды образдардың маңызы, автордың өз ойын жеткізу тәсілдері туралы ойланады. Ядролық саңырауқұлақ – қиратқыш дүлей күштің, зұлымдықтың образы. Адам алақанын жайып, Алладан зұлымдықтан құтқаруды сұрап, дұға етіп тұр. Түнерген ауыр түстер қасірет, дерт, үрей секілді трагедиялық жағдайды көрсетеді.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар заманауи өнер түрлері туралы сұрақтарға жауап береді. Қайтарған жауаптары арқылы олардың сабақ материалын қаншалықты меңгергенін білуге болады.

Қосымша тапсырмалар

Сіз «Қазіргі суретшілердің туындыларындағы тарихи тұлғалар» немесе «Заманауи суретшілер мен технологиялар» секілді белгілі бір тақырыпты таңдап алып, оқушылармен техникалық прогрестің Қазақстан бейнелеу өнеріне тигізген әсері, өнер мен тарихтың байланысы жайлы әңгімелесуіңізге болады.

Бағалау

Эссені мына талаптар бойынша бағалаңыз: тақырыпқа сәйкестігі, тақырыпты түсінуі, келтірген дәйектерінің айқындығы, баяндау логикасы, өзіндік ерекшелігі.

Поп-арт стиліндегі Қазақстан образы

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- шығармашылық жұмыстарда қолданатын қазіргі заманғы материалдарды, құралдар мен көркем техникаларды біледі;
- өз идеясын жеткізу үшін визуалды образдарды және көркем құралдарды орынды қолданады.

Ресурстар:

мұғалімге арналған көрсетілім материал, зерттеуге арналған альбомдар, түрлі түсті қарындаштар.

Тірек сөз: бейне.

Оқулық: Поп-арт стиліндегі Қазақстан образы, 14-15 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Бернд Луц – белгілі неміс дизайнері, суретші және фотосуретші, 400-ден астам логотиптің және танымал жарнамалардағы дизайнерлік жұмыстардың авторы. Дизайн саласы бойынша халықаралық сыйлықтардың иегері. Оның жұмыстары «Логотиптердің үлкен энциклопедиясына» (АҚШ, 2004), «Дизайнның үлкен энциклопедиясына» (АҚШ, 2000) және т.б. іргелі еңбектерге енген.

Бернд Луцтың Қазақстан тақырыбына арналған көрмесі Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұражайда өтті. Көрмеге суретшінің 40-тан аса шығармасы қойылды. Сонымен қатар ол – тұмса табиғат, жарыс, кино саласындағы поп-арт және т.б. тақырыптарға арналған сериялық еңбектердің авторы. Қазір Германия мен Швейцария аумағында графика және жарнамамен айналысатын RevoLUZion компаниясын басқарады. Б. Луц өз жұмыстарын «AbstractPop» деп атайды. Туындыларын өзіне ғана тән мәнерде жасайды. Алдымен картина фоны ретінде кенепке акрилмен қандай да бір абстракция салады. Содан соң баспа элементін қосады. Одан кейін суретші композицияның жеке элементтерін акрил бояумен бояйды.

Сабаққа қатысты ескертулер

Бұл сабақта оқушылар идеялар және образдарды әртүрлі көркем техникалар, технологиялар және әдіс-тәсілдер арқылы беру жолдарын үйренеді. Сабақты белгілі неміс суретшісі, дизайнер және фотограф Бернд Луц туралы әңгімемен бастаңыз. Ол Қазақстан тарихын екі жыл зерттеген, соның нәтижесінде біздің еліміз туралы көптеген сурет салды.

Назар аудар.

Тапсырма поп-арт шығармаларындағы ұлттық образдардың маңызы туралы оқушылардың ой-пікірін дамытуға бағытталған. Суретші қолданып отырған түстер мен образдарға, адамдардың эмоциясына назар аударыңыз. Оқушылардан бұлардың нені білдіретінін сұраңыз.

Ықтимал жауаптар:

Оқушылар Б. Луцтың жұмыстарындағы поп-артқа тән белгілерді атайды. Ұлттық элементтерді, олардың қолданылатын орнын сипаттайды: домбыра ұстаған бозбала, киіз үй атрибуттары, ұлттық киім, ат үстіндегі бойжеткен, биші қыздар – мұның барлығы қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлерінің куәсі бола алады.

Оқушылар алдыңғы сабақта өткен тақырыпты одан әрі меңгере түсу үшін олардың назарын суретшінің айрықша туындыларына, көркем техникасының ерекшеліктеріне аударыңыз. Бернд Луц баспаханалық принтке акрил бояу жағудың ерекше тәсілін қолданады, сол арқылы өмірге құштарлыққа, қуат пен жігерге толы үш өлшемді бейне жасайды.

Ойлан.

Тапсырма оқушының образды ойлауын дамытуға бағытталған. Оқушылар Қазақстанның бейнесі қандай көрініспен астасады, қазақ халқының мәдениеті мен тіршілігінің бейнесін қалай білдіруге болады деген сұрақтарға жауап береді. Нұр-Сұлтан қаласының біздің мемлекетіміздегі рөлі қандай? Әлемде Қазақстанның бренді деп атауға лайықты не бар? Оқушылар осы сұрақтар төңірегінде ойлансын.

Ықтимал жауаптар:

Оқушылар шаңырақ, «Бәйтерек», ұлттық ою, көк бөрі, апорт алма образдары арқылы Қазақстан бейнесін қалай жасауға болатыны туралы ойланады. Бұл тұрғыда тудың көгілдір, алтын сары түстерін қалай пайдаланған дұрыс? Қандай нысандар қазақстандық сәулет өнерінің ерекшеліктерін паш етеді? Оқушылар қазақстандық брендтің негізгі элементі болуға лайықты белгілер туралы ойланады. Алтын шапақты Күн, қыран құс, алып «Бәйтерек» бейнелерін пайдалана отырып, өз идеяларының нобайын түсіріп, салыстырады.

Орындап көр.

Оқушыларға ел бренді болуға лайықты белгілерді талқылау барысында өздері айтқан идеяларын жүзеге асырып көруге мүмкіндік беріңіз. Олар Қазақстанның келбетін бейнелейтін шығармашылық жұмыстарының нобайын жасайды. Жұмысты поп-арт стилінде орындайды. Алдымен жұмыстың негізгі идеясын анықтайды. Оқушылар өз жұмыстарында Қазақстанның сәулет ескерткіштерінің образы мен қазақтың ұлттық мәдениетінің белгілерін пайдалана алады.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар әлемдегі танымал брендтерді сипаттайды. Оларда не бейнеленгенін және оның себебін айтады. Қазақстандық бренд жасау кезінде белгілі бір нысандардың бейнесін пайдалану туралы идеяларымен бөліседі. Белгілі бір түсті, әдіс-тәсілдер мен материалдарды пайдалану мүмкіндігіне назар аударады. Келер сабақты жоспарлау үшін сіз оқушылардың осы тақырыпты қалай меңгергенін бағалауыңыз керек.

Қосымша тапсырмалар

Геральдика таңбасында, төсбелгіде, ұлттық валюта банкноттарының дизайнында т.б. туындыларда дизайнерлер қандай бейнелер мен әдіс-тәсілдерді қолданған? Оқушылардың көріністі еске түсіру қабілеті мен бақылау, затты сипаттау қабілетін дамытуға тырысыңыз.

Бағалау

Оқушылардың зерттеу альбомдарындағы жұмыстарын тексеріп, бағалаңыз. Тәжірибені әрі қарай жалғастыру үшін оқушылар өзара пікірлесіп, ойларын ортаға салады. Бұл осы тақырып бойынша логотип жасауға арналған келесі практикалық сабаққа дайындалуға мүмкіндік береді.

Шығармашылық жұмысты бастаймын

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- өз идеясын жеткізу үшін өнердің визуалды құралдары мен қоршаған ортаның визуалды элементтерін пайдаланады;
- бейнелерді сомдауда көркем материалдар мен әдіс-тәсілдерді анықтап, өзара араластырады;
- композиция тәсілдері мен қағидаларын қолданады.

Ресурстар:

логотиптер, брендтер және композиция қағидалары туралы көрсетілім материалдар, альбом, түрлі түсті қарындаштар, фломастерлер, ашық түсті маркерлер, ескі газеттер мен журналдар, желім және қайшы.

Тірек сөздер: композиция, нобай.

Оқулық: Шығармашылық жұмысты бастаймын, 16-17 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Поп-арт – қарапайым бұқаралық мәдениет үлгілері қолданылатын өнер бағыты. Өнер сыншыларының айтуынша, бұл белгілі бір тауар бейнеленген жай ғана жарнама және бірер сөйлемнен тұратын композиция. Бұрын суретшілердің шығармашылық нысаны, мысалы, гүл немесе жеміс натюрморты болса, поп-арт стилінде қарапайым заттаңбалар мен қаптамалар, нақты бренд жазылған нысандар алына береді. Осындай қарама-қайшылық бола тұра поп-арт стилінде де композиция заңдылықтары сақталады. Нысандарды көбейтіп көрсету тәсілі алғаш рет поп-артта қолданылған.

Композицияның негізгі қағидалары мен әдістері:

- *тұтастық, композиция ортасы* – ортаны дақпен көрсету, басқа заттарды бадырайтып боямай, негізгі назарды ортаға аудару;
- *түстік контраст* (бұл тәсілді көптеген суретшілер қолданады) – ашық түсте қара түс немесе қара түсте ашық түс қолданылады;
- *көлем контрасты* – заттардың үйлесімі: кең және тар, биік және аласа, үлкен және кіші;
- *ритм* – қайталанатын элементтер қозғалыс образын жасай алады;
- *динамика, композициядағы қозғалыс* – диагональді қолдану композиция динамикасын көрсетеді; ортасы орнынан жылжытылған композиция – композициядағы динамиканы көрсету үшін ортасы әдейі жылжытылады;
- *статикалық композиция* – диагональ, ырғақтық элементтері жоқ – композиция тыныштықты бейнелейтін, аяқталған геометриялық денені көрсетеді;
- композициядағы *симметрия немесе ассимметрия*.

Сабақта оқушылармен бірге поп-арт суретшілері композиция қағидаларын қалай басшылыққа алатынын көре аласыз.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта оқушылар поп-арт стилінде өз идеяларын көрсете отырып, іс жүзінде көркемдік әдіс-тәсілдерді меңгереді. Бұл стиль туралы не білетіні, оны қайдан жиі көруге болатыны жайлы қысқаша әңгімелесіңіз. Поп-арт стиліндегі жұмыс тармен таныстырып, өнердің басқа түрлерінен айырмашылығын қайталап түсіндіріңіз. Оқушылар поп-арт туралы мәтінмен өздері танысады.

Анықта.

Оқушылардан поп-арт стилінде жұмыс сатыларына мұқият қарауды сұраңыз. Белгілі бір бейнелерді поп-арт стилінде салу тәсілдерін үйренгенде ашық, қанық, қара контурлар мен шартты нысандарды қалай қолдануға болатынына назар аударыңыз. Нысанды шыны арқылы көшіру әдісін қолданыңыз: терезеге барып, көшірілетін суретті қойып, үстінен таза парақ төсеп, суреттің контурын жүргізіңіз.

Оқы, қызық!

Мұнда поп-арт стилінде қолданылатын өзге де көркемдік әдістер туралы мағлұмат берілген. Оқушыларға оны практикалық жұмыстың материалын анықтап алу үшін оқып шығуды ұсыныңыз. Оқушылар іске қызыға кірісуі үшін алдын ала ескі газет-журналдарды дайындап, алдарына жайып тастаңыз.

Орындап көр.

Оқушылар зерттеуге арналған альбомдарына бұрын жазған жазуларын пайдаланады. Осы жазбаларға сүйене отырып, графика, коллаж, аралас әдіс-тәсілдердің бірін таңдап, поп-арт стилінде жұмыс істеп көрсін. Композицияны құрастырмас бұрын оған қандай тақырып таңдауға болатыны туралы оқушылармен бірге талқылаңыз. Олар далада, мектепте, дүкендерде өздері күнделікті көріп жүрген логотиптерге назар аударсын. Мысалы, белгілі бір тауарға, танымал адамдардың портретіне, натюрмортқа, интерьерге және тағы да басқа нысандарға жарнама жасауына болады.

Жұмыс барысын бақылап отырыңыз, поп-артпен жұмыс істеуге қабілетті оқушыларға қосымша тапсырма беріңіз, олар композицияның кей детальдарын одан әрі жетілдіре түссін. Тапсырманы орындауға берілген уақыт шектеулі екенін ескертіңіз.

Жұмыс соңында оқушылар өздері пайдаланған әдіс-тәсілдер мен материалдар туралы, жұмысының ерекшеліктері мен кездескен қиындықтары, оларды қалай жасағаны жайлы айтып береді. Талдау барысында оқушылармен бірге «Логотипті 3D көрінісімен жасауға бола ма?» деген мәселені қарастырыңыз, қандай элементтерді көбірек көрсету қажеттігін анықтаңыз.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар поп-арт стилінде жұмыс істегенде өздеріне не ұнағанын, қандай қиындық кездескенін, идеяларын қалай көрсеткені туралы ойларымен бөліседі. Өз идеяларын ортаға салады.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар өздері жасаған логотипті басқа көркемдік тәсілмен де жасап көрсін. Олар сіз ұсынған нұсқаларды өз жұмыстарын жетілдіруге пайдаланады.

Бағалау

Поп-арт стилінде жасалған жұмыстарды сыныпта, топта талқылаңыз. Дизайндың ерекшелігіне, идеясының тереңдігіне, визуалды элементтеріне мән беріңіз.

Шығармашылық жұмысты бастаймын. Комикстер

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- өз идеяларын комиксте көрсету үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің визуалды құралдарын қолданады;
- комикс жасау кезінде көркемдік материалдар мен техникаларды таңдап, араластырады.

Ресурстар:

комикстер бойынша көрсетілім материал (комикстер журналы, иллюстрациялар), зерттеу альбомы, түрлі түсті қарындаштар, гель қаламдар, фломастерлер, бояулар.

Тірек сөздер: комикстер, манга, аниме.

Оқулық: Шығармашылық жұмысты бастаймын. Комикстер. 18-19 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Комикс – әзіл-сықақ немесе қызық оқиғаны әңгімелейтін, мазмұнына сәйкес мәтіні бар суреттердің сериясы немесе «суретпен салынған хикая». Заманауи бұқаралық өнер жанры.

Белгілі бір хикаяны сурет салу арқылы баяндау XVI-XVII ғасырларда Испанияда басталған. Бұл кезде діни мазмұнда гравюралар жасалып, халыққа сатыла бастады. Кейін Еуропада баспа өндірісі жаппай дамығанда одан әрі кең тарады. XX ғасырдың 30-50 жылдары Америкада танымал жанрлардың біріне айналды.

Комикстер стилі және әдеби жанры бойынша алуан түрлі болып келеді. Қазіргі кезде қызықты оқиғалар, әзілдер, супер кейіпкерлердің бастан кешкендері, фильмдерді экрандау, фантастика, детектив секілді түрлі жанрлар мейлінше көп тараған.

Комикс мультипликациямен тығыз байланысты. *Cartoon* сөзі әзіл, мультфильм, комикс деген мағынаны білдіреді. Жапондық аниме мультфильмдерінің негізінде жапондық комикстер – манга жатыр. Франкотілдік әлемде комиксті *bande dessinée* (сурет салынған лента) немесе *BD* деп атайды.

Комикстер туралы материалдарды ұсынғанда KhanComics комикстер баспасы даярлаған (мысалы, «Дала» – Жоңғар хандығына қарсы Қазақ хандығының күресі кезіндегі жас жігіттің өмірі туралы) қазақстандық өнімді қолданған дұрыс. Сонымен бірге жас суретші, дизайнер, қазіргі кездегі өзекті мәселелер туралы әлеуметтік комикстер сериясының авторы Аңса Мұстафаның жұмыстарын да үлгі ретінде алуға болады. Интернеттегі кейбір комикстерде зорлық-зомбылық пен қатыгездік байқалады. Сондықтан сабақта алдын ала тексерілген және мұқият іріктелген интернет ресурстарын қолданыңыздар.

Комикс бірнеше кезеңде жасалады. Сценарий немесе сюжет ойлап табу, сюжетті миниатюраларға (кадрларға) бөлу, комикс кейіпкерлері мен диалог терезелерін (жоспарлау) қойып шығу, детальдарының суреттерін көркемдік әдіс-тәсілдермен салу керек.

Комикстердің композициясында алдыңғы және артқы көрініспен классикалық композиция қолданылады. Сонымен бірге композицияның үзіндісі де болады. Көптеген комикстердің басты ерекшелігі – композициядағы «диалог бұлтшасы».

Сабаққа қатысты ескертулер

Бұл сабақта оқушылар комикстерге байланысты ауқымды тақырыптармен танысады.

Суреттерге мұқият қара.

Тапсырма комикстерді заманауи өнер жанры ретінде оқып, танысуға бағытталған. Оқушылармен комикс дегеніміз не, олардың қандай комикстер мен

ондағы кейіпкерлерді білетіні туралы әңгімелесіңіз. Оқушылар комикс туралы жан-жақты білгеннен кейін қазіргі кезде олардың өте кең тарағаны туралы айтуы мүмкін. Комикстер стилі және жасалуына байланысты әртүрлі болады.

Оқы, қызық!

Мұнда комикстің әр елде әртүрлі аталатыны туралы мағлұмат келтірілген. Мұндай тың мағлұматтар оқушылардың ой-өрістерін кеңейтеді.

Комикстерді қалай салуға болады?

Оқушылар комикстерді салу кезеңдерімен мұқият таныссын. Содан кейін оқушылардың оларды кезеңдерге бөлу, қарапайымдылық пен нақтылық, диалогты бөлшектеу сияқты негізгі қағидаларын қаншалықты меңгергеніне назар аударыңыз.

Комикстер салуға дайындалу

Оқушылар бұл кезеңде өз бетінше немесе жұппен, топпен жұмыс істей отырып, салатын комикстерінің сюжеті туралы ойланады. Комикстің стилі мен материалдарын өз бетінше таңдауға мүмкіндік беріңіз. Комиксті ақ-қара немесе түрлі түсті түстермен жасауға болады. Оқушылар комикстің идеясын ойластыру кезінде оны қалай түсінікті етіп жасауға болатынын жоспарлайды. Олардың идеясын талқылаңыз, қажет болса бағыт беріңіз. Уақыттың шектеулі екенін ескертіңіз, сондықтан сюжет өте күрделі болмауы керек.

Орындап көр.

Оқушылардың комикс салу жұмыстарын бір-неше кезеңге бөліп ұйымдастырыңыз:

- қарапайым сюжет ойластыру, қатысушы адамдарды, олардың әр кадрдағы әрекеттерін анықтау;
- қағаздың бетінде кадрлар (3-5 кадр) бойынша сюжетті жоспарлау;
- комикстің әр кадрында диалогқа орын қалдырып, қатысатын адамдарды (немесе үзіндіні) белгілеу;
- суреттің бөлшектерін салу, диалогтағы сөздерді жазу, графикада немесе түрлі түспен жұмыс істеу.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылардан сабақта нені үйренгені, қандай қиындықпен кездескендері туралы сұраңыз. Кей оқушыларға жұмыс сапасын жақсарту үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар өздері жасаған комикске ат қойып, жарнамасын ойластырсын. Комикс авторлары қандай идея айтқысы келді? Комикс кімдерге арналған?

Бағалау

Оқушылар салған комикстерге топпен, жұппен немесе бүкіл сыныппен талдау жасаңыз және бағалаңыз. Сюжеттің қаншалықты ашылғанына, визуалды элементтерге, орындау техникасына және жұмыстың аяқталғандығына назар аударыңыз. Сондай-ақ уақытты қаншалықты тиімді пайдаланғанына, керекті материал мен визуалды құралдарды не себептен таңдағанына көңіл бөліңіз.

Шығармашылық жұмысты жалғастырамын

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- суретші Рой Лихтенштейн шығармашылығының ерекшелігімен танысады және оны өздерінің шығармашылық жұмыстарында қалай қолдануға болатыны жөнінде ойланады;
- поп-арт стилінде жұмыс істегенде түрлі әдіс-тәсілдер мен көркемдік материалдарды анықтайды және қолданады.

Ресурстар:

Рой Лихтенштейннің шығармашылығы туралы көрсетілім, альбом, түрлі түсті қарындаштар, фло-мастерлер, әртүрлі нүктелі шаблон, бояулар.

Тірек сөздер: эмоция, кадр.

Оқулық: Шығармашылық жұмысты жалғастырамын, 20-21 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Рой Лихтенштейн (1923-1997) – поп-артта қайталанбас дара стиль қалыптастырған танымал суретші. Өнер саласы бойынша білім алған ол әуелі сюрреализм, абстракционизм және басқа да бағыттарда көптеген тәжірибе жасап көрген. Ол танымал комикстерге, мультфильмдерге, жарнамаға, поп-арт стилінде қоса жүретін сәнді және танымал образдарға жүгінеді. Комикстен өзіне ұнаған суретті таңдап, оны трафарет пен жібекбаспасы (трафарет арқылы бояу) арқылы қолмен үлкейтеді.

Суретшінің басты мақсаты – олардың адам қолымен салынбағанын, баспа түрінде жасалғанын көрсету. Сондықтан ол бірнеше түстерді ғана пайдаланған, ал көлемді, көлеңкені және тереңдікті көрсету үшін қара сызықтар мен нүктелерді қолданған. Нүктелерді суретші трафаретпен салған. Жұмыстар қолдан салынғанына қарамастан, комикстің үлкейтілген кадрлары сияқты көрінеді.

Суретшінің негізгі жұмыстарының қатарында: «Мәшинеден» (In the car), «Ұйқыдағы қыз» (Sleeping girl), «Мүмкін» (M-Maybe), «Жылап тұрған қыз» (Drawing girl) т.б. атауға болады.

Суретші көзі тірісінде-ақ Энди Уорхол және Ричард Гамильтон сияқты таңғаларлық табысқа жетті. Сан рет марапатталып, сый-сияпатқа ие болды. Сөйтіп, ол туындылары ең қымбат бағаланатын суретшілердің қатарына қосылды.

Сабақта нобайды үлкен форматқа көшірудің бір нұсқасы ұсынылады.

Суретті тор арқылы үлкейту тәсілі. Негізгі суретті торға бөледі, тордың саны суреттің күрделілігіне байланысты болады. Суретке арналған үлкен форматтың беті де торланады. Тор саны негізгі суреттегі тор санына пропорционалды және тең болуы керек. Ыңғайлы болу үшін кесте торын нөмірлеп қоюға болады.

Суретті трафарет арқылы көшіру тәсілі. Бұл тәсіл кестені, мәселен, суретті үлкен қабырғаға көшіре алмаған кезде қолданылады. Мұндай тәсілді қолданғанда үлкен өлшемдерге қарамастан, бейне пропорционалды тұрғыдан дәл салынады.

Сурет тор арқылы картон қағазға немесе қатты қағаздың бетінде үлкейтіледі. Содан кейін суреттің жиектерін жуан инемен тесіп белгілейді. Тесік ізі түскен суретті қабырғаға іліп, сорғышпен немесе қылқаламмен бояйды. Бұл әдісті бір суретті бірнеше рет қайталап салғанда қолданады.

Анықта.

Оқушылар шығарманың әр бөлігіне мұқият қарасын. Суретші көлемді көрсету үшін сызық, нүкте және 2-3 ашық түс арқылы бейнені үлкейту әдісін қолданады. Нүктелер трафаретпен түсірілген. По-

лотноның ашық тұсына жақындаған сайын нүктелер біртіндеп кішірейе береді. Осындай ерекше тәсілдермен орындау арқылы сурет қолмен салынғанына қарамастан, баспадан шыққандай әсер қалдырады.

Бейнелеу үшін кадр таңда.

Сурет салатын қағаз не басқа материал іздеу, оған сурет салу тәсілдерін ойластыру – оқушыны шығармашылық жұмысты жасайтын материалды таңдауға және уақытты тиімді пайдалануға жетелейді.

Оқушылар үлкейтіп салу үшін комикстен кадр таңдап алады. Оған алдыңғы сабақта өзі жасаған комикс немесе оның бір бөліктері де жарайды. Сурет көңіл-күйді немесе басқа да эмоцияларды білдіретіндей болуы тиіс (оқушылар өздері таңдаған кадр үлкейтілгеннен соң қалай көрінетінін елестетсін). Бейнелеудің ұтымды форматын алдын ала таңдаңыз: А4, А3 немесе А2. Бұл кезеңде оқушылар таңдап алған суретін форматқа көшіреді. Кейбір оқушылар суретті «көз мөлшермен» немесе көшіру тәсілдерімен салуы мүмкін. Шығармашылық жұмысты әркім өз бетінше немесе жұптасып, шағын топпен жасайды.

Мұнда тор арқылы суретті үлкейту тәсілінің бірі сипатталған. Осыған зер салған оқушылар оны алдағы уақытта пайдалануға болатынын түсінеді. Қажет болса, оқушыларға суретті үлкейтуге көмек көрсетіңіз.

Орындап көр.

Оқушылар сурет салуды әрі қарай жалғастыра отырып, басқа түстерді қосады. Сондай-ақ негізгі түсті пайдалана отырып (ақ пен қара түстердің реңі) формасы мен көлемін және көлеңкесін анықтайды. Акрил және гуашь бояуларды пайдаланған дұрыс. Уақыт үнемдеу үшін нүктелер түсіретін шаблон жасауға болады, ол бояу және трафаретпен тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Берілген сұрақтар оқушыларға алған тәжірибесін түйсінуге, мектеп өмірінде оны қалай пайдалануға болатыны туралы ойлануға ықпал етеді. Рой Лихтенштейннің шығармашылығы туралы ойлануға, оның жұмыстарының негізгі ерекшеліктерін көрсетуге септігін тигізеді. Оқушылардың материалды қаншалықты меңгергені дәйекті жауаптарынан көрінеді.

Қосымша тапсырмалар

Дайындалған комикске ат қоюды және жарнама жасауды ұсыныңыз. Оқушылардан автор қандай идеяны баса көрсеткісі келгенін сұраңыз. Комикс кімдерге арналған?

Бағалау

Оқушылар өздері салған комикстерді екеуара немесе топ-топ болып, не сыныппен отырып талқыласын. Тақырып сюжетінің қалай ашылғанына, визуалды элементтерге, сурет салу тәсілдеріне және туындының толық біткеніне, уақытты ұтымды пайдаланғанына назар аударыңыз.

Барлығыңызды көрмеге шақырамын

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- жасаған жұмыстарын көрмеге әзірлейді;
- дайындаған жұмыстарын көрермендер назарына ұсынады.

Ресурстар:

көрмені ұйымдастыру және перфоманс туралы көрнекі материал, көрмені дайындауға арналған материалдар мен құралдар (рама, паспарту, скотч және т.б.).

Тірек сөздер: көрме, перфоманс, багет.

Оқулық: Барлығыңызды көрмеге шақырамын, 22-23 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Оқушылар көрмеге суреттерін шығармас бұрын алдымен оны безендіреді. Графика және кескіндемелерді безендірудің алуан тәсілі бар. Көркем жұмысты безендірудің басты міндеті – оның идеясын көрнекі етіп көрсету, мазмұнын ашу. Сонымен қатар суретті бекіту тәсілдерін, қабырғаға ілу, картинаның аты туралы ақпараттарды, автор жайлы мәліметтерді т.б. жазуды ойластыру керек.

Суретті **багетке** (*ағаш, металл немесе пластик рама*) безендіру. Сурет өлшеміне сай келетін багетті сатып алуға немесе тапсырыс беріп жасатуға болады. Өлшемге сай багет табыла қоймауы мүмкін, сондықтан сурет көлемінен үлкендеу багет алу керек. Мұндай жағдайда көлемін өзгертуге ыңғайлы **паспартуды** (*қағаздан немесе қатты қағаздан жасалған жалпақ рама*) пайдалануға болады. Паспартуда безендіру – суретті безендірудің қолайлы тәсілдерінің бірі. Оқушылардың өздері де жасап ала алатын шығыны аз безендіру түрі. Паспартуға, әдетте ақ немесе түрлі түсті қатты қағаз пайдаланылады.

Багет пен паспарту түсін сурет мәні мен жалпы тұжырымдамасына сай келетіндей етіп таңдайды. Көрермен көзі багетке немесе паспартуға ауып кетпей, суретке түсетіндей болсын. Олар тек суретті тартымды көрсетуі керек. Паспартудың төменгі жағын кеңдеу етіп жасап, онда суреттің аты мен авторы туралы мәліметтер жазылған заттаңбаны бекітуге болады.

Көркем туындыны жұртшылыққа көрсетудің тағы бір тәсілі – **перфоманс** (*бұл да заманауи өнер түрі*). Перфоманс – белгілі бір идеяны жеткізу мақсатында көрермен алдында көркем сөйлеу өнері. Оған арнайы сценарий немесе кәсіби актер қажет емес, перфомансқа кейде суретшілердің өздері де қатыса береді. Әдетте жеңіл сюжет ойластырылып, жұртшылықтың назарына көбірек түсу үшін халық көп жиналған жерде өткізіледі. Перфоманс кейде флешмобтың бір түріне ұқсайды.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақ барысында бірінші тоқсанда жасаған жұмыстарының қорытынды көрмесіне дайындалады және көрме өткізеді. Көрмені қайда өткізуге болатынын анықтаңыз, өйткені ол көрменің ауқымын, ресурстарды және уақытты ұтымды ескеруге мүмкіндік береді.

Ойлан.

Тапсырма оқушыларды шығармашылық жұмыстарын қалай ұсынуға болатыны туралы ойлануға жетелейді. Оқушылар көрмеге, арт-фестивальдарға барғаннан алған әсері туралы

естеліктерімен бөлісе алады. Багет және паспарту туралы ақпаратты мұқият қарауларын сұраңыз. Оқушылар өз үйлерінде картиналар мен фотосуреттердің қалай безендірілгенін еске түсірсін.

Анықта.

Иллюстрацияларды зерттей отырып, оқушылар өз туындыларын көпшілікке қандай қолайлы тәсілдермен ұсынуға болатыны туралы ойланады. Иллюстрациялар мен картиналарды бекітетін түрлі тәсілдер көрсетілген. Бұл – қандай тәсілдің тиімді екенін, жұмыстардың ретін, қандай ресурстар қажет екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Сен білесің бе?

Шығармашылықты көпшілікке ұсынудың ұтымды тәсілдерінің бірі туралы мағлұмат берілген. Бұл мағлұмат оқушылардың шығармашылық нәтижесін көрсету жөнінде түсінігін кеңейтуге арналған.

Өз жұмысыңды көрмеге дайында.

Оқушылар тұсаукесердің түрлері және тәсілдерімен танысқан соң, картиналарын көрмеге әзірлейді. Жұптасып немесе топтасып жұмыс істейді.

Көрме ауқымын алдын ала анықтап алу керек, картиналардың бөлмеде немесе бөлменің жартысында қалай көрінетінін, оларды ілу немесе қою мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

Қолайлы нұсқаны таңдаған соң соған қажетті материалдар мен жабдықтарды дайындау керек. Қонақтар шақырылатынын немесе шақырылмайтынын келісіп алу керек.

Оқушылар картиналарын багетпен немесе папартумен безендіреді. Кәсіби суретшілер секілді әр картинаның аты мен авторы туралы мәліметтер, сурет салу тәсілі көрсетілген заттаңбалар дайындалады. Көрмеде толтырылатын шаблонды алдын-ала дайындап қойған жөн.

Орындап көр.

Оқушылар тарауды оқу барысында орындаған жұмыстардың көрмесін ұйымдастырады. Көрмеде оқушылар түрлі шығармашылық идеяларын көрсетіп, перфоманс жасауларына болады. Эксперимент және экспромт көрермендерге ғана емес, оқушылардың өздері үшін де қызық болады. Бәлкім кейбір оқушылар арт-фестивальдарда перфоманспен танысқан болар, ал бұл жолы өзінің автор ретінде өз жұмысын ұсынуға мүмкіндік жасалады.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Бұл айдарда өткен тарауға оқушылармен бірге шолу жасаңыз, әр тақырыптың ерекшелігіне тоқталыңыз. Оқушылар өткен тақырыптар бойынша зерттеу альбомдарын пайдаланып, маңызды тұстарын қайта талқылап, ойларын ортаға салады. Тараудың артықшылықтарын сезіну мен оқу барысындағы табыстары оларды әрі қарайғы жұмыстарға ынталандырады.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылардан өздері тұратын қалада немесе елді мекенде өтіп жатқан арт-шараларға, қолжетімді көрмелерге, мұражайларға баруды сұраңыз. Сонымен қоса жұмыстардың экспозициясы – интерьер, драпировка, заттаңба т.б. қалай жасалғанына назар аударуды өтінізіз. Галереялар мен мұражайлардың сайттарын қарауды ұсыныңыз.

Бағалау

Атқарылған жұмыстарды бүкіл сыныппен бірге талқылап, бағалаңыз. Оқушылардың өз жұмыстары мен өзге оқушылардың жұмыстарын бағалауға белсенді қатысқаны маңызды. Талқылау кезінде олардың қиындықтарды қалай жеңіп, жетілгеніне назар аударыңыз. Әлі де жетілдіретін тұстары, оларды жақсарту туралы ұсыныстарыңызды ақыл-кеңес сипатында айтқаныңыз жөн.

Визуалды өнер. Қорытынды

Сіз бұл тарауда оқушылармен бірге көп жұмыс атқардыңыз, соның нәтижесінде шығармашылық жұмыстардың көрмесін өткіздіңіз.

Оқушылар микросуреттерді, заманауи өнер ерекшеліктерін оқып білді, шығармашылық жұмыстар жасады, көрмеге дайындалды. Тарауды оқу барысында өз жұмысыңызды және оқушылардың жұмыстарын талқылай отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріңіз:

- Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді пайдаландыңыз?
- Теориялық материалдарды тексеру үшін қандай әдістерді қолдандыңыз?
- Сабаққа барлық оқушы белсенді қатысты ма?

Әр сабақ пен тақырыптың өз ерекшелігі бар. Келешекте осы тарау бойынша өз жұмысыңызды жетілдіре түсу үшін әлі де жақсартуды қажет ететін жайттарды немесе қиындықтарды жазып қойыңыз.

Сабақ/ тақырып	Қандай қиындық туындады?	Қалай шешуге/ жақсартуға болады?	Ескертулер

Сәндік-қолданбалы өнер

Қымбатты мұғалім!

Үй ішіндегі заттарға, киімдерге, қабырғадағы тұсқағаздарға назар аударыңыз. Сәндік-қолданбалы өнердің үлгілері, әдетте, адамның күнделікті өмірде пайдаланатын осындай заттардың барлығында кездеседі.

Бұл тарауда оқушылар көркем өрнек салудың бір түрі – батикпен танысады. Оқушылар суық, ыстық және түйіндеу батигінің ерекшеліктерімен, матада еркін өрнек салу тәсілімен жұмыс істеп, батик техникасында орындалған шығармаларға талдау жасайды. Матаға өрнек салуда қолданылатын әдіс-тәсілдермен тәжірибе жасап, өз бетінше шығармашылықпен айналысады. Оқушылар көрме ұйымдастырып, шығармашылық жұмыстарын көпшілік назарына ұсынады. Оқу мақсаттарын толық жүзеге асыру үшін мата, матаға арналған бояулар мен жұмыс істеуге басқа да құрал-жабдықтар керек.

Іске сәт! Шығармашылық табыс тілейміз!

Көркем өрнек салу өнері

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- өз бетінше көркем өрнек түрлері мен ерекшеліктерін оқып, танысады;
- әртүрлі ақпарат көздерін зерттеу және шығармашылық идеяларын дамыту үшін (соның ішінде АКТ-ны) қолданады.

Ресурстар:

көркем жазу туралы көрнекі материал, зерттеу альбомы, түрлі түсті қарындаштар, фломастерлер.

Тірек сөздер: сәндік-қолданбалы өнер, көркем өрнек, жостов өрнегі, гжель, мезен өрнегі, хохлома өрнегі, федоскино өрнегі.

Оқулық: Көркем өрнек салу өнері, 26-27 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Сәндік-қолданбалы өнер – халық мәдениетінің көрсеткіші. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, өмір сүретін ортасының географиялық ерекшелігі, сол жерде тіршілік ететін жануарлар мен өсімдіктер осы сәндік-қолданбалы өнерден көрініс табады.

Қазақ ұлттық өнерінде кесене қабырғаларындағы және жартастағы жазулар үлкен орын алады. Ата-бабаларымыз осындай жазу өнері арқылы өзінің ерекше мәдениетін келер ұрпаққа жеткізген. Оған Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қабырғасындағы өрнектер мен еліміздің әр түкпірінде кездесетін жартас бетіндегі қызыл бояулы таңбалы жазулар жарқын мысал болады.

Көптеген көркем жазулар орыс мәдениетінде де кездеседі, атап айтқанда, жостов өрнегі, гжель, мезен өрнегі, хохлома өрнегі, федоскино өрнегі т.б.

Мезен өрнегі ең көне өрнектердің бірі. Өрнек элементтері – шаршылар, ромбтар, бұтақтар, жануарлар мен құстар бейнелері. Мұндағы дәстүрлі түстер – қызыл және қара түстер. Кейін жоса түсі қолданыла бастады.

Гжель – кейін орыс кәсіпшілігінің атауына айналған өрнек атауы. Мәскеуден 60 км жердегі Гжель өңірінде пайда болған. Бұл кәсіп Гжель шеберлері жартылай фаянс, одан кейін фарфор секілді жаңа технология ойлап тапқан кезде, яғни XVII ғасырдың басы мен XIX ғасырда шарықтау шегіне жетті. Гжельдің символы – ақ фондағы көк жазу, тақырыбы негізінен өсімдіктер, әртүрлі өрнектер мен табиғат көріністері. *Хохлома* – орыс ұлтының көне кәсібі. Хохлома өрнегінің ерекшелігі – күрделі өңдеу нәтижесінде алтын қоспай алынған өзіне тән алтын түс. Хохломаға тән палитра – алтын түстің қызыл және қара түспен үйлесімі, жасыл мен қоңыр түстер үстеме рең беретін дәстүрлі өсімдік бейнелі өрнек.

Жостов өрнегі – орыстың қақталған жалпақ темір табаққа көркем өрнек салатын халықтық қолөнері, XIX ғасырда Мәскеу облысының Жостово деревнясында пайда болған. Жостов өрнегінің негізгі сарыны – басым көпшілігі қара немесе қызыл фонда тұратын гүл шоғы. Өрнек қылқаламмен еркін стильде, бірнеше кезеңде салынады.

Федоскино – Мәскеу жанындағы Федоскино елдімекенінде XVIII ғасыр соңында дамыған орыстың дәстүрлі жылтыр миниатюра кескіндемесі. Қобдишаларға, қораптарға, альбом мұқабасына бірнеше қабат майлы бояумен салынады.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта оқушылар көркем өрнектің бірнеше түрімен, технология және материал ерекшеліктерімен танысады.

Суреттерге қара және сұрақтарға жауап бер.

Берілген тапсырма оқушыларға сәндік-қолданбалы өнер түрлері, олардың айырмашылықтары мен ерекшеліктері туралы, олардың материалда-

ры, дайындау технологиялары мен сәндеу тәсілдері туралы ой салады.

Ықтимал жауаптар:

Иллюстрацияда сәндік-қолданбалы шығармашылықта пайдаланылатын ағаш, темір, былғары, мата секілді алуан түрлі материалдар мен сәндеу тәсілдері көрсетілген. Бір бұйым жазумен өрнектелсе, тағы бірі оюмен, үшіншісі кестемен әшекейленген. Сәндеу тәсілдері бұйым материалына байланысты.

Оқушылармен сәндік-қолданбалы өнер туралы әңгіме жүргізіп, көркем өрнек салу өнеріне тоқталыңыз.

Анықта.

Оқулықта берілген суреттермен таныса отырып, оқушылар бұйымдардың қандай материалдардан жасалғанын, қай мәдениет белгісі болып табылатынын анықтайды. Оқушылар меңгерген білімі бойынша жауап береді немесе заттардың сыртқы белгілері бойынша болжап айтады.

Ықтимал жауаптар:

Экспозицияда түрлі мәдениеттегі көркем жазудың төрт түрі берілген. Олар – қытай (фарфор) және көне грек (қыш) құмырасы, орыс хохлома өрнегі салынған ыдыс (ағаш бетіндегі жазу) және үнді сарынында безендірілген орамал (жібектегі батик). Бұйымдардың қай мәдениетке жататынын сол мәдениетке тән образдардан анықтауға болады. Мысалы, қытай қыздарының келбеті мен олардың құмырадағы киімінен қытай мәдениеті аңғарылады. Оқушылар назарын Қазақстанның ұлттық өнеріндегі көркем өрнек үлгісін пайдалану дәстүріне аударыңыз. Оның бір мысалы – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қабырғасындағы жазулар.

Зертте.

Тапсырма оқушылардың көркем өрнек түрлері туралы бейнеленген суреттерге қарай отырып, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарына көз жеткізуіне мүмкіндік береді.

Ықтимал жауаптар:

Өзіне ғана тән белгілері мен элементтері бар көркем өрнектердің бір-бірінен айырмасы көп.

Өрнек атаулары, көбіне, өзі пайда болған жер атымен байланысты болады. Мұнда сол заманның тіршілік тынысын елестетуге болатын көне тастағы жазулар туралы ақпарат ұсынылған. Олармен жан-жақты танысу үшін мүмкіндігінше жергілікті жерлердегі нысандарды пайдаланыңыз. Мәтінде гжель технологиясы бойынша ақпарат берілген. Осы мысал бойынша оқушылар көркем өрнектің басқа түрлерінің ерекшеліктерін оқып, үйрене алады. Оқушылар тапсырманы орындағанда әртүрлі мәдениетке қатысты өрнектерді салыстырады, талдайды. Әртүрлі өрнектердің ерекшелігі халықтың географиялық тұрғыдан орналасуына, қоршаған табиғи ортаның флорасы мен фаунасының рухани өмірге тигізер ықпалына байланысты пайда болады деген тұжырым жасайды.

Орындап көр.

Оқып, қарастыру барысында оқушылар зерттеу альбомына көркем өрнек элементтерін салады.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Бұл тапсырма көркем өрнекті өңдеу және орындау сатысына әкеледі. Оқушылар жауаптарын негіздей отырып, көркем өрнек түрлері қолданылатын салалар туралы ойланады.

Қосымша тапсырмалар

Әртүрлі ақпарат көздерін пайдаланып, оқушылар материалына, сарынына, сюжетіне және реңіне қарай көркем өрнек түрлерін анықтайды.

Бағалау

Талдау жұмысы, дәйекті жауаптар, зерттеу альбомындағы жазулар мен салынған нобайлар оқушылардың білімін бағалауға негіз болып табылады. Жауаптардың дәйектілігіне, зерттеу альбомдарындағы жазулар мен нобайлардың анықтығына назар аударыңыз.

Батик және оны жасау тәсілдері

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- шығармашылық идеяларын жеткізетін батик түрін таңдайды;
- қауіпсіздік техникасын сақтай отырып материалдар мен құралдарды қолданады.

Ресурстар:

батик түрлері бойынша бейнематериалдар, әр оқушыға арналған А4 форматтағы мақта матаның немесе сәтен матаның қиындысы, резервтік құрам, резервтік құрамға арналған шыны түтікше, матаға арналған бояулар (акварель бояуды пайдалануға болады), қылқалам, зерттеу альбомы.

Тірек сөздер: батик, «ыстық батик», «суық батик», «түйінді батик», чантинг, шибори, резерв.

Оқулық: Батик және оны жасау тәсілдері, 28-29 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Батик шамамен 2 мың жыл бұрын Индонезияда пайда болған. Көркем өрнек салудың бұл түрі кейін Үндістан, Қытай, Жапонияға және басқа да мемлекеттерге тараған. Батик кең тараған Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде әртүрлі аталады. Батик техникасының негізгі элементі ретінде балауыз пайдаланылады. Балауыз мата бетінде бояудың жайылмай, суреттің сақталуына септігін тигізеді. Батиктің ыстық батик, суық батик және шибори (түйінді батик) дейтін негізгі тәсілдері белгілі.

Ыстық батик суреттер мен өрнектер «чантинг» атты арнайы құрал арқылы ыстық балауызбен салынады. Ол үшін шаблон қолданылады немесе қылқаламмен ыстық балауыз себіледі.

Суық батик кезінде арнайы шыны түтіктің көмегімен матаның бетіне суреттің тұйық жиегін бойлатып арнайы резерв жүргізеді. Одан кейін тұйық бөліктерге бояу жағылады. Бояп болғаннан кейін мата бетіне жұқа қағаз жайылып, резерв ыстық үтікпен үтіктеледі. Резерв осылайша қағаз бетіне көшеді.

Шибори әдісінде мата бүктеліп, түйінделеді және арнайы тәсілмен боялады. Бояу матаға оңай сіңуі үшін бояр алдында матаны сулайды. Белгілі бір тәртіппен түйіндерді байлап, ішіне тиындарды, тастарды немесе түймелерді түйіп, ерекше өрнек алуға болады.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақта батик түрлерін зерттеп, суық батик жасау үшін резервпен тәжірибе жасайды. Олар батиктегі резервті жиек сызықтың қызметін түсініп, онымен жұмыс істеу дағдыларын дамытқаны жөн. Сабақты батик туралы қысқаша әңгімемен бастаңыз. Батик туралы мәтінді оқытып, түсінгендерін сұраңыз.

Сызбамен таныс.

Оқушылар батик тәсілдері туралы сызбаны мұқият зерделесін. Батик тәсілдерін салыстырып, олардың айырмашылықтары мен ерекшеліктеріне назар аударсын.

Сен білесің бе?

Оқулықта берілген мағлұматтар оқушылардың батик туралы түсінігін кеңейте түседі. Батик

тәсілінің пайда болуын тереңірек түсіндіру мақсатында батик сөзінің мағынасы сипатталған. Оқушыларға түйінді батик тәсіліне ұқсас шибори тәсілі туралы айтып беріңіз. Оқулықтағы мәтінді оқып болған соң, шибори немесе түйінді батик тәсілімен жасалған бұйымды көрсетіңіз.

Назар аудар.

Оқушылар суреттерді мұқият зерделесін, содан соң зерттеу альбомдарына суық батик тәсілі бойынша жасалатын жұмыстың негізгі сатыларын сипаттап жазсын. Тапсырманы орындау барысында оқушылар суық батик тәсілдерін естеріне сақтап, құралдарды пайдалану тәсілін үйренеді.

Орындап көр.

Бұл тапсырмада оқушылар рамаға керілген мата қиындысымен жұмыс істейді. Алдымен мата бетіне қарындашпен сурет жиектері салынады.

Содан кейін шыны түтікшемен мата бетіне біркелкі жіңішке үздіксіз сызықтар түсіріледі. Ол үшін біршама уақыт пен күш-жігер жұмсалуды мүмкін. Жұмысты дер кезінде аяқтап үлгеру үшін суреттің тым күрделі болмауын қадағалаңыз.

Шығармашылық жұмысты орында.

Оқушылар резервпен суреттің жиек сызығын толтырып, жұмысты әрі қарай жалғастырады. Бояу жиек сызықтан шығып кетпес үшін ол үзілмей сызылуы керек. Сызып болған соң, резерв құрғауы керек, өйткені бояу жайылып, араласып кетуі мүмкін. Жұмыс аяқталғаннан кейін рамадан шешіп, қағаз арқылы жылы үтікпен резервті басады.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар негізгі терминдерді, батик жасау ерекшеліктері жөніндегі білімдерін көрсетеді. Сөйтіп, келесі сабақтарда немесе басқа уақытта өз бетінше батик тәсілдерімен тәжірибе жасайды.

Қауіпсіздік ережелері

Батикке арналған резерв құрамында улы заттар бар, сондықтан оны мұқият жабылған ыдыста сақтау керек. Жұмыс соңында бөлме ауасын тазартып, желдету қажет. Жұмыс орнының дұрыс ұйымдастырылуына, бояу тұрған орынға т.б. назар аударыңыз. Резервті алу үшін үтіктерді ересектердің бақылауымен пайдалану қажет.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар сабақта үлгермеген суық батикпен жасалатын жұмыстарын аяқтайды. Содан соң жұмысты рамаға немесе багетке салып безендіреді. Оқушылар келесі сабақтарында пайдалану үшін ыстық батик және шиборидың ерекшеліктерін қайталайды.

Бағалау

Жұмысты бағалағанда резерв жиек сызығының біркелкілігіне, түстердің ара қатынасына, жұмыстың ұқыптылығына және аяқталғандығына назар аударыңыз.

Шығармашылық жұмыстың басы. Батикке арналған нобай салу

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- әртүрлі графикалық құралдарды, соның ішінде АКТ-ны пайдаланып, бұйым нобайын жасайды;
- алған білімдерін және тәжірибесін пайдаланып, алдағы жұмыстарын жоспарлайды.

Ресурстар:

жазу техникалары жөніндегі бейнематериалдар, зерттеу альбомы, түрлі түсті қарындаштар, акварель бояулар.

Тірек сөздер: еркін сурет салу техникасы.

Оқулық: Шығармашылық жұмыстың басы. Батикке арналған нобай салу, 30-31 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Қазіргі батикте дымқыл бетке акварельмен сурет салуға ұқсайтын еркін сурет салу тәсілі қолданылады. Еркін сурет салу тәсілінде резерв немесе балауыз пайдаланылмайды. Ыстық және суық батикке қарағанда, еркін сурет салу тәсілі батиктен гөрі кескіндемеге көбірек ұқсайды. Өрнек грунтталған матаға түсіріледі. Грунттың арқасында бояу жайылмай, алғашқы формасын сақтап қалады. Матаны грунттау үшін тұз, крахмал, ПВА желімі мен желатинді пайдалануға болады.

Қазіргі кезде батикті қолдану аясы өте ауқымды. Тоқыманың пластикасы және фактурасы, өрнектер мен суреттердің шексіз комбинациясы, матаны бояу тәсілдерінің үйлесімі батикті дизайнның алуан түрінде қолдануға мүмкіндік береді. Батик киім элементтері мен аксессуарларда кеңінен пайдаланылады. Қолдан жазылған жазулары бар орамал, шалма, галстук, көйлектерге қашан да сұраныс көп, өйткені олардың әрқайсысы эксклюзив бұйым болып саналады.

Гүлнәр Өмірбек – матаға көркем өрнек салатын кәсіби суретші, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, ЮНЕСКО сапа белгісінің иегері, көптеген халықаралық байқаулардың жеңімпазы. Түрлі түсті қанық бояулы палитрадан бастап, ашық түстер шоғырын құрайтын акварель дақтарына дейінгі графикаларды қолданатын суретшінің өрнек салу стилі алуан түрлі.

Габриель Даниель Жан-Баптист – Кариб аралдарында туып-өскен батик суретшісі. Оның сюжеттері – экзотикалық тропикалық өсімдіктер әлемі, жұмақ құстары және тотықұстар, ғажайып суасты әлемі. Суретші өз сайтында және YouTube парақшасында шығармашылық жұмыстарын жұртшылыққа кеңінен таныстырып жүр.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақ батик түрлері және оны қолдану саласы туралы оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, өз бұйымының нобайын жасап көруге ынталандырады.

Батик техникасымен жасалған шығармаларды салыстыр.

Оқушылар ойлау дағдыларын дамыту үшін берілген тапсырманы орындау кезінде олар әр жұмыстың ерекшеліктерін анықтай отырып, бір тақырып бойынша матада өрнек салу техникасымен жасалған екі жұмысты салыстырады. Оқулықта қазақстандық суретші Гүлнәр Өмірбекованың және

батик суретшісі Габриель Жан-Баптистің шығармалары берілген.

Ықтимал жауаптар:

Суасты әлемі тақырыбына арналған екі жұмыс та матада орындалған, бірақ әртүрлі әдіспен жасалған. Бірінде еркін жазу тәсілі қолданылса, екіншісінде ыстық және суық батикте қолданатын нысандардың жиек сызықтары айқын байқалады. Көркемдік тәсіл жұмыстың сапасы мен көрермен қабылдауына қалай әсер ететінін байқатады.

Оқы, қызық!

Мұнда еркін өрнек салу тәсілі сипатталған. Оқушылардан сипаттаманы оқып, аталмыш тәсіл-

дің ерекшеліктерін есте сақтауды сұраңыз, оны келешек жұмыстарында пайдаланады.

Сен білесің бе?

Батикті қолдану саласы мен мүмкіндіктері туралы ақпарат оқушыларды кейінгі практикалық жұмыстарға ынталандырады, өз жұмыстарының нобайы туралы ойлануға әсер етеді.

Суреттерге мұқият қара.

Бұл тапсырма оқушылардың идеяларын дамытуға және практикалық жұмыстың тақырыбы мен нысанын таңдауға көмектеседі.

Ықтимал жауаптар:

Орамалға, көйлекке, футболкаға т.б. мата материалдарына батик өрнегін салуға болатыны көрсетілген. Суретшілердің картиналарына қарап, оқушылар батик тәсілімен пейзаж, портрет, натюрморт секілді кез келген жанрда жұмыс істеуге болатыны туралы қорытындыға келеді.

Ойлан және тапсырманы орында.

Оқушылар өз бетінше жұмыс істейді. Алдымен батик тәсілімен не жасайтынын анықтайды, мысалы, сурет (панно) салады немесе орамал жасайды. Содан кейін өз қиялындағы нобайды салып, оған қажетті материалдарды анықтайды.

Орындап көр.

Оқушылар акварельмен немесе гуашьпен алдағы уақытта жасалатын бұйымының нобайын жасайды. Композицияға қажетті орталық, тепе-теңдік, қарама-қарсылық т.б. түстердің үйлесімі секілді қағидаларды сақтайды.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Сұрақтарға берген жауаптардан оқушылардың келесі сабаққа дайындығы, жаңа идеялары мен жоспарларын байқауға болады. Батик жасауға арналған идеяларды ойлап табуға қиналған оқушыларға көмектесіңіз.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, батик техникасында салатын суретшілердің шығармашылықтарын, олардың стилдері мен тәсілдерінің ерекшеліктерін егжей-тегжейлі зерттейді. Сонымен қатар келесі сабаққа қажетті материалдар мен құралдарды дайындауды ескертіңіз.

Бағалау

Талқылаулар, қисынды жауаптар, зерттеу альбомындағы жазулар мен нобайлар, практикалық жұмысқа дайындық сапасы оқушылардың еңбегін бағалауға негіз болады. Матамен жұмыс жасау тәсілдерінің ерекшеліктерін анықтауына, терминдерді дұрыс қолдануына назар аударыңыз.

Батик жасауға дайындық

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- батикке арналған көркемдік тәсілді анықтап, материалдар мен құралдарды таңдайды;
- меңгерген білімдері мен тәжірибелерін пайдалана отырып, шығармашылық жұмыс тарын жоспарлайды.

Ресурстар:

матаны рамаға керу тәсілдері туралы материал, мата (мақта мата, жібек), кергіштер мен батырмалар, матаны бекітетін құралдар мен жабдықтар, суретті көшіруге арналған резервтік жиектер, зерттеу альбомы.

Тірек сөздер: кергіш, резервтік құрам.

Оқулық: Батик жасауға дайындық, 32-33 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Матаны кергішке керудің бірнеше тәсілдері бар: матаны степлер-атқышпен (жұмсақ жиһазды қаптауда қолданады) түйреу, батырмамен немесе шегемен бекіту, терможеліммен жабыстыру, шегемен, өзара тігу т.б. тәсілдермен бекітуге болады. Мата біркелкі керілмесе, бояу резервтен асып, ағып кетеді. Ағаш рамалармен қатар арзан материал пластик құбырлардан қолдан жасалған кергіштерді пайдалануға болады. Құбырларды пайдалану арнайы құралдарды қажет етпегендіктен қауіпсіз болып саналады. Ол үшін біркелкі төрт құбыр мен төрт «тройник» қажет. Матаны бекіту үшін қағаз скотчы пайдалануға болады. Ол үшін скотчтың желімсіз жағын матаға түйреуіштермен бекітеді, ал құбырға әдеттегі скотчпен жабыстырады. Резервті жаққанда мұқият болу керек. Қолды матаға, әсіресе, жаңа жағылған резервке тигізіп алмау қажет. Егер дымқыл резервке дақ тисе, оны бензинге малынған тампонмен кетіреді, өйткені бұл дақ бояу барысында міндетті түрде көрінеді (бензиннің уытты иісі барын есте сақтаңыз). Егер дақты кетіре алмасаңыз, оны сәндік элемент ретінде көрсетіп, білдіртпей жіберуге де болады.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта батик тәсілімен жұмыс істеу үшін мата мен басқа да қажетті құрал-жабдықтар дайындалады. Оқушылардан жұмыс сапасына әсер ететін дайындық жұмыстарының сипаттамасымен танысуды сұраңыз.

Назар аудар.

Оқушылар матаны кергішке керу үдерісімен мұқият танысады. Танысу барысында құрал-жабдықтарын дайындайды. Мүмкіндік болса, барлық әрекеттерді іс жүзінде көрсетіңіз.

Оқы, қызық!

Бұл айдарда жиек сызық сапасының қалай тексерілетіні туралы мәліметтер берілген. Оқушылар бұл жердегі ережелер мен тәсілдерді алдағы практикалық жұмыста қолданады.

Ойлан

Оқушылар суреттерге қарап, матаға резерв жаққан кезде жіберілген қателіктерді, яғни ақауларды анықтайды. Осы арқылы резервті мұқият жағуды үйренеді. Оқушыларға элементтің жиек сызығын салғанда пайдаланылатын үздіксіз сызық туралы айтып беріңіз.

Ықтимал жауаптар:

Суретте гүлдің жиек сызығы үзілгені, сол себепті бояудың жайылып кеткені көрініп тұр. Сурет сапалы болуы үшін жиек сызық үзілмеуі керек, оны осыған дейін үйренген тәсілдердің бірімен тексеру қажет.

Орындап көр.

Оқушылар бұл кезеңде жұмыстың маңызды бөлігін жасайды, яғни матаны кергішке кереді, суретті көшіріп, жиегін салады. Тапсырманың қаншалықты маңызды екенін ескертіп қойыңыз.

Соңғы нәтиже жұмыстың сапасына байланысты. Матаға суретті көшірген кезде нобайдың өлшемін ескеріңіз. Матаның бетінде қарындашпен сызықтарды бірнеше қайтара түзеуге болмайды, ол көрініп тұрады. Сызық жіңішке, әзер көрінетіндей болуы тиіс. Әрі қарай біркелкі, жіңішке, тұйық сызықпен резерв жүргізіледі. Оқушы алдыңғы сабақтан резервпен қалай жұмыс істеу керектігін біледі. Оқулықта сурет резервпен жүргізіліп, суреттің жиегі сақталатын суық батикті қолдану ұсынылады. Бұл – суретті матаға түсірудің кең тараған қарапайым тәсілі. Саралау жұмысы ретінде ыстық немесе еркін техникада сурет салуды ұсынуға болады. Сабақта уақытты ұтымды пайдалануға назар аударыңыз.

Қауіпсіздік ережелері

Өткір және кескіш құралдармен жұмыс істеу барысында оқушылардың естеріне қауіпсіздік ережелерін сақтауды түсіріп отырыңыз. Резервпен жұмыс істегеннен кейін бөлмені желдетіңіз.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар шығармашылық жұмыстарында қолдану үшін матаның бетінде өрнек салу ерекшеліктері мен тәсілдерін қайталайды. Оларға келесі сабаққа қажетті материалдар мен құралдарды әкелуді тапсырыңыз.

Бағалау

Оқушылар өз бетінше орындалған жұмыстарды бағаласын. Мына талаптар ескерілуі тиіс:

- матаның бостау керілуі;
- суреттің кергішке толық енуі;
- жиек сызықтың түзу, үздіксіз жүргізілуі.

Матаға өрнек салу

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- матаға өрнек салу барысында композиция заңдылықтарын қолданады;
- матаға өрнек салу техникалары мен тәсілдерін анықтап, үйлестіреді;
- қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолданады.

Ресурстар:

матасы керілген дайын кергіштер, матаға арналған бояулар, қылқаламдар, матаның бетін таза сумен ылғалдауға арналған ыдыстар, бояумен тәжірибе жасауға қажетті қағаздар, «тамшы» тәсілін жасауға арналған ірі тұз.

Тірек сөздер: «тамшы» тәсілі, лессировка.

Оқулық: Матаға өрнек салу, 34-35 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Батикте кескіндеменің **лессировка** деп аталатын дәстүрлі техникасын өте жиі қолданады. Лессировка деп қанық түсті алу үшін негізгі түске мөлдір жұқа немесе жартылай мөлдір бояу жағуды айтады. Ол күрделі фонды жасаумен қатар, бейне мазмұнын тереңдету, түс реңін жұмсарту үшін қажет. Лессировка арқылы түстерді мейлінше біртіндеп өзгертіп, бейне көлемін және жеңілдігін көрсетуге болады. Тұзды негізінен суық батикте қолданады, ол матаның бетінде ерекше көрік беріп, көркем және нәзік із қалдырады. Ол үшін ірі тұзды (ваннаға арналған тұз) қолдану керек. Алдымен матаның қиындысына бояу жағылады, соңынан бірден тұз түйіршіктері себіледі. Тұз тез арада бояуды сорып алады да, мата бояуын «өңсіздендіреді». Мата кепкеннен кейін тұзды мұқият сілкіп тастаңыз, матаның бетінде әдемі іздер қалады. Осы тәсілдермен қағаз бетінде де тәжірибе жасап көруге болады.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта матаға бояумен өрнек салу жұмысының ерекшеліктері мен оны орындаудың түрлі тәсілдерін оқып, қарастырады, көркем өрнек салады.

Суреттерге мұқият қара.

Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Меңгерген білімдерін тәжірибеде қолдану үшін матада бояумен жұмыс істеуге дайындалады.

Ықтимал жауаптар:

Бұл бейнелер дымқыл және құрғақ маталарға акварель бояу жағу арқылы алынған. Дымқыл беттерде бояу жиектері жайылып, бір түс екінші түске біртіндеп өзгереді. Құрғақ қағаз бетіне түскен бояу жиектері бірден көзге шалынады.

Бояулармен тәжірибе жасап көр.

Осы тапсырманы орындай отырып, оқушылар дымқыл және құрғақ маталарды бояу арқылы

қандай эффект шығаруға болатынына көз жеткізеді. Ол үшін мүмкіндігінше А4 форматтағы қағазды алып, теңдей бөлген жөн. Бір жартысын құрғақ қалдырып, екінші бөлігін жалпақ қылқаламмен дымқылдайды. Оқушылар құрғақ және дымқыл парақтарға бояу жағып көрсін. Бояуды жылдам жақпаса, дымқыл қағаз тез кеуіп, қажетті нәтиже шықпауы мүмкін. Бұл жаттығуды шеберлік-класс түрінде өткізуге болады, оқушылар сізге ілесіп боясын. Қалаған эффектін алған соң, олар сұрақтарға жауап беріп, өз беттерінше қорытынды жасайды. Бұл тәжірибе оқушыларға матаға көркем өрнек салғанда қажет болады.

Оқы, қызық!

Оқушылар матаға өрнек салу техникасында қолдануға болатын лессировка туралы ақпаратпен таныссын.

Матаға суретті қалай салады?

Оқушыларға жұмыс сапалы болуы үшін жиек бойымен бояудың қыр-сыры туралы ақпаратты мұқият оқуға мүмкіндік беріңіз.

Оқы, қызық!

Оқушылар берілген мәтіннен матаны бояу кезінде тұзды пайдалану арқылы «тамшы» тәсілін жасауға болатыны жайлы қызықты дерекпен танысады.

Орындап көр.

Оқушылар оқыған материалдары және меңгерген дағдылары бойынша бояумен жұмыс істеуге кіріседі. Қол үйренгенге дейін қателесуі мүмкін, сол себепті жұмысты шетінен немесе суреттің шағын элементтерінен бастаған жөн. Мүмкіндігінше суреттің шағын бір бөлігін алған дұрыс, оны сумен дымқылдап, бояуды ортасына тамызып, резервтің шетіне дейін жайылуына мүмкіндік беру керек. Осылайша бір элементтен екінші элементке ауысып, бүкіл суретті бояп шығады. Жұмысты неғұрлым ашық түстерден бастап, біртіндеп қанық түстерге көшу қажет. Лас суды ауыстырып, бояуды палитрада араластырады. Оқушылардың жұмыстарын қадағалап отырыңыз, қажет болса көмектесіңіз.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, жұмыстарының ұтымды сәттері мен әлі де жетілдіру қажет тұстарына тоқтала отырып, тәжірибе жинақтайды, батик бояуларымен сурет салу дағдыларын меңгереді.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар өз жұмыстарының нәтижесін зерделеп, қандай тәсілдермен одан әрі жақсартуға болатынын ойланады. Сонымен қатар әртүрлі эффектілерді көрсету және жұмысты аяқтау үшін келесі сабаққа қажетті материалдар мен құралдар дайындайды.

Бағалау

Оқушылар бояудың біркелкілігіне, түс палитрасы үйлесімділігіне назар аударып, өз бетінше орындаған жұмыстарын бағаласын.

Бұйымға көркем өрнек салу жұмысын аяқтау

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- жұмыстарында өз сезімдерін жеткізу үшін ерекше тәсілдерді таңдап, қолданады;
- матаға өрнек салу техникалары мен тәсілдерін үйренеді.

Ресурстар:

батик техникасында сәндеудің тәсілдері туралы бейнематериалдар, батикке арналған бояулар, штамп, кракле жасауға арналған материалдар мен құрал-саймандар, зерттеу альбомдары, жұмысты безендіруге арналған материалдар мен әртүрлі құралдар.

Тірек сөздер: бөлшектеу, безендіру, штамп, кракле, баспатаңба.

Оқулық: Бұйымға көркем өрнек салу жұмысын аяқтау, 36-37 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Матаға көркем өрнек салу технологиясы біздің өмірімізге басқа мәдениеттерден енген көптеген өнер түрлері секілді қарқынды дамып және толығып келеді. Қазір суретшілер матаны бояу мен матаға көркем өрнек салудың суық және ыстық батик, түйінді батик, штамп, кракле басу техникасы т.б. сияқты түрлері мен тәсілдерін қолданады. Батик техникасы кең тараған Индонезия секілді елдерде суретті матаға штамп арқылы түсіру тәсілі кеңінен тараған. Дайын штамптарды (темір, ағаш, піл сүйегі) еріген балауызға малып, матаға таңба басады. Балауыз матаны бояудан қорғайды. Матаны бояуы бар ыдысқа малып, содан кейін кептіреді. Матаны балауыздан тазартқан кезде астынан боялмаған сурет шығып, мата қайтадан табиғи қалпына келеді. Бұл жұмысты суреттің күрделілігіне қарай бірнеше рет қайталайды.

Оқушылар сыныпта матаға суретті балауызды қолданбай басудың жеңіл нұсқасын жасайды. Қырыққабат жапырағын, цитрус жемістерді (бояуға салар алдында артық шырынын сығып тастайды) пайдаланып, қызықты бейне шығаруға болады. Көгөністің және жемістің орнына жұмарланған қағаз немесе қыржым матаны пайдалануға болады. Батик техникасында сондай-ақ түрлі түсті дайын құты контурлар пайдаланады. Сәндік контурлармен көркем өрнектің негізгі бөлігін белгілеп қоюға, сондай-ақ ұсақ бөлшектерді анықтап салуға болады. Композицияда контурды толығымен пайдалану міндетті емес, кейде кейбір элементтерді белгілесе де жеткілікті, сөйтіп композиция түрлене түседі. Контурды түстеріне сәйкес таңдауға болады, қарама-қайшы түстен нәзік түске дейін, сонымен қатар металл реңдер, алтын, күміс, қола түстер де бар.

Батикте **кракле** эффектісін қолдануға болады, яғни әдейі жарықшақ түсіру тәсілі арқылы көп жылдық тарихы бар антиквар бұйымдарға ерекше көрік беретін кракелюрларды қолданады. Матаны бояу түрлері мен тәсілдері мата өндірісімен қатар суретшілердің жеке шығармашылығында да жиі қолданылады.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта кракле және штамп басу эффектілерімен тәжірибе жасайды, сонымен қатар матаға көркем өрнек салудың соңғы кезеңін орындайды.

Ойлан.

Оқушылар матаны көркем өрнектермен безендірген жұмыстарды қарастырсын. Топпен немесе жұппен жұмыс істеу барысында өз жұмыстарын

талдасын. Түс үйлесіміне, композициялық тепе-теңдікке, жиек сызық сапасына назар аудара отырып, ұтымды тұстарын белгілеп, жұмысты әрі қарай жақсарту үшін ұсыныстарын айтсын.

Оқы, қызық!

Оқушылар штамп басу және көлемді контурларды пайдалану туралы ақпараттармен танысады. Бұл тәсілдер шығармашылық жұмысты аяқтауға қажет болуы мүмкін, мысалы, композицияны

теңестіру, жұмысқа нәзіктік, сәндік сипат беру үшін керек болады. Көлемді контурларды пайдаланып, бейнелерді көрсетіңіз.

Анықта.

Оқушылар фотосуреттерге қарап, штамп басу әдісін үйренеді және оны өзінің батигінде қалай қолдануға болатыны туралы ойланады. Тереңірек түсіну үшін бейнеролик көруді ұсынғаныңыз немесе өзіңіз жасап көрсеткеніңіз дұрыс. Оқушылар кракле жасау сатыларын зерделейді. Жаңа оқу материалын жақсы меңгеру және мата фактурасын сезіну үшін кракленмен жасалған матаны дайындаңыз.

Сен қалай ойлайсың?

Оқушылар өз жұмыстарында алдыңғы пікірлер мен ұсыныстарды ескеріп, меңгерген тәсілдер мен эффектілерді қолдана отырып, өз беттерінше ой түйеді.

Орындап көр.

Бұл тапсырма оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар мата қиындысында үйренген тәсілдерімен кракле жасап, штампты басып, сонымен қатар, дақтарды кетіру үшін тұзды пайдаланады. Эксперименттен кейін олар өз батигін жасайды. Жұмыстың бұл кезеңінде оқушылардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескеру өте маңызды. Уақытты ұтымды пайдалану үшін таңдалған тәсілді батиктің тек қана бір тұсында қолданып, жұмысты жеңілдетуге болады. Зерек оқушыларға штамп жасауды ұсыныңыз, мысалы оны картоптан кесіп алуға болады.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар бояумен тәжірибе жасау барысында байқағандарын зерттеу альбомдарына жазсын. Сол арқылы өз нәтижелерін талдап, есте сақтай алады.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар өз жұмыстарына қызықты тұсау-кесер жасау туралы ойластырсын: тұсаукесердің атын, жұмысқа қандай да бір аксессуар қосу мүмкіндігін ескерсін (егер киім элементі болса). Келер сабаққа қажетті материалдар мен құралдарды дайындасын.

Бағалау

Орындалған жұмысты талқылаңыз: топпен немесе бүкіл сыныппен жұмыстың ерекшелігіне, кракле, баспатаңба бояуларына, олардың үйлесіміне және матаның барлық бетіне назар аударыңыз.

Барлығыңызды көрмеге шақырамын

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- орындалған жұмысты көрмеге қоюға дайындайды;
- үлкен аудиторияда таныстырылым жасайды.

Ресурстар:

екінші тоқсанда орындалған шығармашылық жұмыстар, жұмыстарды безендіруге арналған материалдар мен құралдар, зерттеу альбомдары.

Оқулық: Барлығыңызды көрмеге шақырамын, 38-39 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Қазіргі кезде батиктен жасалған бұйымдарға, әсіресе, қыздар арасында сұраныс көп. Олар интернет-дүкендерде, эксклюзивті киімдер салонында сатылады. Олар ғажайып түстеріне, қолданған табиғи материалына (мақта мата, жібек) және қайталанбас ерекшелігіне қарай аса жоғары бағаланады. Батик техникасында бұйым жасау қолға алынса (егер ол қандай да бір киім элементі болса), онда ол соңына дейін аяқталуы керек. Мысалы, егер ол мақта матадан дайындалған орамал болса, жиегін іс мәшинесімен (үлкендерден өтінуге болады) тігу қажет, әйтпесе шеттері сетінеп кетеді. Немесе шетін тарқатып және көлденең жіптерін суырып, шашақ жасап қоюға болады. Жібектегі немесе органзадағы батикті де іс мәшинесінде (қалауынша мөлдір жіппен) өңдейді, болмаса, үлкендердің бақылауымен балауыз отының үстіне ұстап күйдіреді.

Жарнама деп үлкен аудитория жинау үшін көрермендер мен сатып алушылардың назарын тарту мақсатында хабарлама жасауды айтады. Онда өтетін шаралар туралы ақпарат беріледі, уақыты, орны, қатысушылар, т.б. көрсетіледі. Көрермендер афишадан негізгі ақпараттармен танысуы тиіс. Мектеп көрмесінде шығармашылық жұмыс барысы бейнефильммен немесе фотосуреттермен көрсетілуі мүмкін.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақта орындаған жұмыстың таныстырылымын жасайды.

Ойлан.

Оқушылар алдыңғы тарауда жинаған тәжірибелеріне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс тәсілдері туралы ойланады. Егер шығармашылық жұмыс барысында киім элементтері, аксессуарлар дайындалса, онда олардың тұсаукесерін қалай жасауға болатыны жөнінде талқылаңыздар. Мысалы, модельдерше киініп және подиуммен жүріп, таныстырылым жасауға болады. Осы ретте әр оқушы ұйымдастырушылық қабілетін көрсете алады. Жауапты оқушыны белгілеп, кімнің қандай қызмет атқаратынын белгілеу керек.

Оқы, қызық!

Оқушылар ұсынылған ақпаратты оқып, танысады. Сыныпта, мектепте шығармашылық жұмыстарының таныстырылымын қандай тәсілмен ұсынуға болатыны жөнінде ойланады.

Өз жұмысыңды безендір.

Оқушылар бұрынғы тәжірибелеріне сүйеніп, шығармашылық жұмыстарын безендірумен айналысады. Қажет болған жағдайда (мысалы, егер ол панно түріндегі жұмыс болса) оларға қолдау көрсетіңіз.

Анықта.

Оқушылар көрмеге өз жұмыстарын қалай орналастыру керектігі жөнінде ойланады.

Қыржымдалмау және жан-жағынан қарағанда жақсы көріну үшін (егер батик жібекте орындалған болса, сурет екі жақты болып шығады) қатырма қағазға бетін тығыз етіп керіп, багетке безендіруге болады.

Ойлан.

Оқушылар көрменің қалай өтетіні туралы ойланады. Өтетін орнын безендіру, бұйымдарды бекіту, көрмеге қажетті бос алаңды жоспарлау үшін көрме өтетін орынды алдын ала анықтап алу қажет. Оқушылар шығармашылық жұмысты дайын

дау және безендіру, заттаңба әзірлеу туралы ақпараттармен танысады.

Заттаңбаның құрылымымен таныс.

Оқушылар заттаңбада бұйымның атауы (мысалы, қызыл ағаштан жасалған үстел), негізгі мәліметтер (автордың аты-жөні, дайындау мерзімі, материалы, жасалу тәсілі, қолданатын орны) мен қосымша мәліметтер берілетіндігін біледі.

Өз жұмысыңа заттаңба дайында.

Оқушылар жазуға арналған қажетті қаріпті, түсті, әріптің өлшемін таңдайды және кішкене жолақ қағазға жұмыстың атын, қолданған материалын, бұйымның техникалық сипаттамасын және автор туралы мәліметтерді жазады. Олар дайындаған заттаңбаларын бұйымға бекітеді.

Көрме алдындағы соңғы жұмыстар

Оқушылар батик көрмесіне арнап афиша және өздерінің жұмыстары жайлы қысқаша әңгіме дайындайды.

Көрмеге қатыс.

Оқушылармен бірге шығармашылық жұмыстарға шолу жасаңыз, әрқайсысының ерекшеліктеріне тоқталыңыз. Оқушылар зерттеу альбомдарына өткен тақырыптарын тұжырымдап, меңгерген білімдері мен дағдыларын жазып қояды, үйренген әдіс-тәсілдерін көрсетеді.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар батикпен жұмыс істейтін суретшілердің сайттары мен жеке парақшаларына және интернет-дүкендердегі қолдан жасалған батиктерге қарап, бұйымдарды көрерменге ұсыну тәсілдеріне (сайттың дизайны), сөреге орналастыру ерекшеліктеріне, модельдердің қалай киінгеніне назар аударсын.

Бағалау

Атқарылған жұмыстарды бүкіл сыныппен талқылап, бағалаңыз. Бұған әрбір оқушының қатысуы маңызды. Әр оқушының шығармашылық дағдысының қалай дамығанын, қиындықтардан қалай жол тапқанын айтыңыз. Қорыта бағалағанда жұмыстың күрделілігіне және аяқталғанына, жиегінің сапасына, түстерінің үйлесіміне, композициялық тұтастығына, шығармашылық идеясына назар аударыңыз.

Сәндік-қолданбалы өнер. Қорытынды

Тарау барысындағы шығармашылық жұмыс қорытындысын жасаңыз. Оқушылар батик түрлерімен танысты, әртүрлі материалдармен тәжірибе жасап көрді, матада еркін сурет салуды меңгерді, штамппен, кракле әдісімен басуды қолданды және көрмеге дайындалды. Атқарылған жұмыстарды талдай отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріп көріңіз:

- Қандай оқу әдістері барынша сәтті шықты деп ойлайсыз?
- Тәжірибе жасауға арналған жұмыс орындары дұрыс ойластырылды ма?
- Саралау ісіне ойдағыдай назар аудардыңыз ба?

Тарау барысында туындаған мәселелерді және оларды шешу жолдары мен жақсарту тәсілдерін көрсетіңіз.

Сабақ/тақырып	Қандай қиындық туындады?	Қалай шешуге/ жақсартуға болады?	Ескертулер

Құрметті мұғалім!

Оқушылар бұл тарауда тоқыма, аксессуар, бижутерия, стиль және сән әлеміне саяхат жасайды. Олар сабақ барысында зерттеу жұмыстарымен айналысып, тәжірибе жасау арқылы:

- киімді трансформациялау мен оның әдіс-тәсілдерін біледі;
- ескі киімдерді қайта жөндеу жолдарын үйренеді;
- әшекейлеу материалдарымен және фурнитуралармен танысып, олармен жұмыс істеу тәсілдерін меңгереді;
- киімді өңдейді және әсемдейді;
- дефиле өнерін үйренеді.

Оқушылар киімді әдеттегіден өзгеше тәсілмен кию арқылы тәжірибе жасап көреді, киімді қайта жөндеуге қатысты өз ұсыныстарын айтады. Фурнитураға және әшекейлеуге арналған тігін материалдарының түрлерімен танысады, оларды дұрыс таңдауды үйренеді. Оқушылар өздері жасаған сөмке үлгісін пішіп, тігеді. Мәшине тігісінің сапасын реттеуді үйренеді, әртүрлі құралдармен ылғалды жылу арқылы өңдеуді меңгереді.

Оқушылар шығармашылық жұмыс барысында қазақ қолөнерінің элементтерін қолданады. Оқушылар топтық жұмыс істеу дағдысын дамыта отырып, өз туындыларын көпшілікке таныстырады.

Оқу мақсатарына қол жеткізу үшін тігін мәшинесі, бұйымды ылғалды жылумен өңдеуге арналған жабдықтар, әрлеу материалдары (мысалы, керексіз киім) және фурнитуралар қажет.

Жұмысыңызға шығармашылық табыс тілейміз!

Киімді түрлендіру (трансформациялау)

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- графика әдісін қолдана отырып, киімді түрлендіру үшін нобай жасайды;
- эстетикалық және функционалдық талаптарға сәйкес трансформер киімдерді түрлендіреді.

Ресурстар:

киімді өзгерту туралы суреттер, созылмалы материалдардан тігілген киімдер, аксессуарлар (белдік, бау, мойынорағыш, шаш қыстырғыш т.б.), түйреуіш, сәнмүсін (манекен) немесе адам денесінің шаблону.

Тірек сөздер: өзгерту, трансформер, модуль, модульді киім.

Оқулық: Киімді түрлендіру (трансформациялау), 42-43 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Трансформация дегеніміз бұйымның пішінін немесе түрін өзгерту, ауыстыру, қайта жасау дегенді білдіреді. Ал модификация деп киімді жетілдіру, өзгеріс енгізу, жаңа түр немесе белгі қосу арқылы оны өзгертуді айтады. Тарихта киімді трансформациялаудың көптеген үлгілері болған. Қазақтың ер адамдарға арналған тымағы соның бір түрі деуге болады. Қатты суықта екі құлақ пен маңдайды және желкені жауып тұратын тымақ бөліктерін күн жылыда төбеге жинап киеді. Мұны да киімді түрлендіріп киюдің бір түрі деуге болады.

Киімді қарапайым тәсілдермен де, оны күрделі тәсілдермен де түрлендіреді. Киімнің материалы мен мүмкіндігіне қарай оны алуан түрлі етіп өзгертуге болады. Ол үшін құрастыру, модульдеу, қайта жасау, т.б. тәсілдер қолданылады. Осы ретте киімнің бөлшектерін өзгертуге, орындарын алмастыруға болады. Мұны комбинаторика дейді.

Комбинаторикалық тәсілдің бірі - белгілі бір өлшемсіз киім тігу. Түрлі үлгідегі киімдерді матамен денені түрлі тәсілдерді пайдалана отырып айналдыра орау арқылы дайындауға болады. Британдық журналист Лидия Сильвестр жүзден аса түрге өзгертін трансформер - көйлек *InfiniteDress* («шексіз көйлек») ойлап тауып, патенттеді. Лидия қызмет бабымен көптеген елдерге саяхаттайды, сондықтан оған жолдорбасында көп орын алмайтын, көпфункционалды киім қажет болды. Осылайша конструкциясында бір ғана тігісі бар трансформер-көйлек пайда болды. Киімді ілгек, батырма, түйін, бау және т.б. арқылы біріктіру тәсілімен модульді киімнің алуан түрі жасалды. Мысалы, ұзын бұйымнан қысқа бұйым жасау, қарапайым пішінді күрделі пішінге өзгерту (капюшон немесе жаға қосу).

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта оқушылар трансформация ұғымымен, оның түрлерімен танысады. Қарапайым тәсілдермен трансформер-киім жасап көреді.

Суреттерге қара және сұрақтарға жауап бер.

Бұл тапсырмада киімді түрлендіру жолдары көрсетіледі, оқушылар киімді қалай өзгертіп киюге болатыны жайлы ойланады. Суретте бір кеудеше түрліше киілген. Оқушылар түрлендіру және модификация туралы мәтінмен мұқият танысып, екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығына назар аударсын.

Сен білесің бе?

Бұл ақпарат оқушылардың киімді түрлендіруге арналған дизайнерлік идея туралы білімін кеңейту, алдағы жұмысқа ынталандыру үшін берілген. Оқушылар жүзден астам түрге өзгертін *InfiniteDress* трансформер-көйлегін ойлап тауып, патенттеп алған британдық журналист Лидия Сильвестр туралы біледі. Оқушылар түрлендіру тәсілі туралы мәтінмен, оны жасайтын құралдармен танысады. Қолда бар материалдарды пайдаланып, оның қалай жасалатынын көрсетіңіз.

Оқы, қызық!

Оқушылар алдыңғы тәжірибе бойынша материалды қайталау, терминдерді дұрыс қолдану және әрі қарай мағлұмат алу үшін тігін бұйымының конструкциясы туралы ақпаратпен таныссын.

Анықта.

Киімді түрлендіруге арналған суреттерді зерделей отырып, оқушылар бұл нұсқалардың қандай тәсілмен жасалатынын, қандай бөліктері ауыстырылатынын немесе алынатынын жобалайды. Суретте модульді киім үлгілері көрсетілген. Модульдерді түймесінен ағытып алғанда жадағай көйлекке және болероға айналады. Тағы бір нұсқада модульдер комбинациясы жасырын сыдырма арқылы жасалады. Сөйтіп ол алдымен қысқа көйлекке, содан соң ұзын көйлекке айналады. Киімді түрлендірудің мұндай әдістері оқушыларды жаңа идеяларға жетелейді. Тәжірибелік тапсырманы орындау алдында оқушыларға өткен материалды есте қалдыруды ұсыныңыз. Олар зерттеу альбомына киімді түрлендірудің үлгілерін салып, сипаттамасын жазып алсын.

Орындап көр.

Тапсырманы орындау үшін оқушылар топтарға бөлінеді. Әр топ киім түрлерінің бірін, мысалы футболканы, жейдені, шалманы және т.б. таңдайды. Тапсырманы орындау үшін тоқыма немесе басқа да созылмалы материалдардан тігілген киім, аксессуарлар, сонымен қатар адам денесінің үлгісі (егер сәнмүсін болмаса) қолданылады.

Оқушылар өз нұсқаларын жасаулары үшін бұйым түрін (кофта, көйлек және т.б.), оның кімге арналғанын, пайдалану орнын, қандай бөлшектерден тұратынын және өзгерту үлгілерін анықтауы тиіс. Мысалы, кеуде деңгейі үлкен өлшемдегі футболканы кию және мойын тұсын, жеңін жинау. Тапсырма қиялды дамытып, шығармашылық еркіндікке мүмкіндік береді. Оқушылардың идеяларын талқылай отырып, киім дизайнын ойлап табу – шығармашылық үдеріс, ал киімді түрлендіру – дизайнерлер арасында кең тараған шығармашылық тәсілдердің бірі екенін түсіндіріңіз.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Тапсырманы орындай отырып, оқушылар өткен материалды есте сақтайды, сонымен қатар трансформер-киімнің қажеттілігі, әмбебаптығы мен пайдасы туралы ойланады.

Қосымша тапсырмалар

Қосымша тапсырма ретінде оқушыларға өздерінде немесе отбасы мүшелерінің киімдерінде трансформер-киімнің барын немесе жоғын анықтауды ұсыныңыз. Әсіресе, маусымдық киімдер мен аксессуарларға назар аударыңыз.

Бағалау

Бағалау кезінде оқушылардың ауызша қайтарған жауабы, зерттеу альбомындағы нобайлар мен сипаттамалары, топтық жұмыс барысындағы нәтижелердің (түрлендіру) фотосуреттері ескеріледі.

Киімді трансформациялауға арналған идеялар

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- идеяны дамыту және зерттеу үшін әртүрлі ақпарат көздерін қолданады;
- киімді түрлендіру үшін графика тәсілін қолданып, нобай салады;
- эстетикалық және функционалдық талаптарына сәйкес келетін трансформер-киім нұсқаларын жасайды.

Ресурстар:

киімді қайта жөндеу тәсілдері туралы көрнекі материалдар, түрлі түсті қағаздар, қайшы, желім, фломастер немесе түрлі түсті қарындаштар; өзгертуге рұқсат берілген киім (ескі джинсы, футболка, жейде, т.б.), ине, жіп, бөлшектерді бекітуге арналған материалдар; шілтер, жапсырма, түймелер, әшекейлеуге арналған моншақтар.

Тірек сөздер: қайта жасау, рециклинг, жаңалау.

Оқулық: Киімді трансформациялауға арналған идеялар, 44-45 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Киімді қайта жасау деп бір немесе бірнеше киімді басқаша өзгертуді айтады. Киімді қайта тігу - киімнің басқа түріне немесе аксессуарға (бас киім, сөмке, белдік, тоқыма бижутерия) сәйкес өзгертіп қайта жасау, қолданысын, сыртқы түрін өзгерту. Киімді жаңарту және өзгерту тәсілдері әртүрлі болып келеді, атап айтқанда:

- қайта пішу және бөлшектерді біріктіру;
- киімнің бір түрінің қиындысын оның басқа элементімен біріктіру;
- киімнің бөліктерін әртүрлі түсті және фактуралы материалдардан, шілтерден т.б. жасалған ендірімемен алмастыру;
- бұйым бөлшектеріне фигуралы және қатар тілік жасау;
- футболка немесе топтың төменгі бөлігін тік жолақтарға қию және оларды түйіндеп өру;
- сәндік материалдармен, фурнитура, жапсырма және т.б. әшекейлеу.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақ киім дизайнының экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімді болуын түсіндіруге, рециклинг (жаңадан жасап, қайта қолдану) тәсілін үйретуге бағытталған.

Суреттерге қара.

Тапсырма белгілі бір киімді екінші қайтара қолдану тәсілі туралы ой салады. Оқушылар суреттерде берілген киімнің жаңа конструкциясының қандай тәсілмен жасалғанын зерделейді.

Оқушыларға рециклинг ұғымын, тоқыма өнімдерінің табиғи ерекшеліктерін зерттеуді тапсырыңыз.

Сен білесің бе?

Мәтін трансформация туралы білімді кеңейтеді және келесі тапсырманы орындауға ықпал етеді.

Оқушылар киім бөліктерін қайта пішу және біріктіру, бұйымның көлемін кішірейту, оларды алмастыру, қосымша аксессуар қосу арқылы түрленетіні туралы және киімді өзгерту үшін жапсырма, шілтер және т.б. материалдар қолданылатынын біледі.

Анықта.

Тапсырмада оқушылар суретке қарай отырып бұйымды жаңарту және қайта жөндеу тәсілдерін берілген сурет бойынша анықтаулары қажет. Суреттерде таспа және сызбамен әсемделген джинсы белдемше; жейде мен майка бөліктерінен құрастырылған көйлек; футболкадан қайта жасалған топ; джинсы қалтасынан жасалған, телефонның зарядтау жабдығына арналған сөмке көрсетілген.

Назар аудар.

Тапсырма шығармашылық идеяны дамытуға бағытталған. Оқушылар ұсынылған суреттердегі киім элементтерін түрлендіру тәсілін анықтайды, жұмыс кезеңдерін сипаттай отырып, зерделейді.

Ықтимал жауаптар:

Романтикалық стильдегі блузка классикалық жейдені түрлендіру тәсілімен жасалған: мойын ойығының сызығы бойымен жоғарғы бөлігі, жеңі шынтақ сызығынан төмен және блузканың төменгі бөлігі қиылған. Жеңі мен етегіне шілтерлі жолақ тігілген. Екіншісінде футболкадан әдемі топик тігілген. Үшіншіде ұзын футболкадан сарафанның қалай жасалатыны көрсетілген.

Ойлан.

Оқушылар өз бетінше, жұптасып немесе топтасып жұмыс жасай отырып, тың идея табу үшін әртүрлі ақпарат көздерін оқиды. Зерттеу альбомына таңдаған киімдерінің (джинсы, футболка, жейде және т.б.), жаңа нобайын салады немесе коллаж техникасын қолданып түрлі түсті қағаздан жасап көреді. Сонымен бірге, киімді бекіту тәсілі мен қолданылатын материалын, ерекшелігін, жұмыс барысын суреттей отырып, өз идеясын дамытады. Мысалы, джинсыдан бас киім, сөмке және тоқыма бижутерия жасауға болады. Идеялар топтарда талқыланады, оқушылар сыныптастарының идеяларымен танысады және киімді жетілдіруге қатысты өз ұсыныстарын білдіреді.

Орындап көр.

Киімді трансформациялау идеясын анықтаған соң, оқушылар жасалған нобай бойынша киімді түрлендіруге кіріседі. Бұйымның қолданылу орны, функционалдық және эстетикалық қасиетіне ерекше назар аударылады. Оқушылардың жұмысын бақылап, қажеттілігіне қарай қолдау көрсетіңіз.

Қосымша тапсырмалар

Қосымша тапсырма ретінде трансформер бұйымдарды бекіту тәсілдерін жете үйренуді, сонымен бірге бұйымды қалай әшекейлеуге болатынын ойластыруды және келесі сабаққа материал дайындауды ұсыныңыз.

Бағалау

Сыныппен бірге немесе топта жасалған бұйым мен нобайды талқылаңыздар және бағалаңыздар. Идеяның ерекшелігіне, жұмыстың күрделілігіне, жұмсалған күш пен қиындықтарды шешу тәсіліне назар аударыңыз.

Сәндік тігін материалдары және фурнитура

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- идеяны дамыту және зерттеу үшін түрлі ақпараттармен танысады;
- жасалған трансформер бұйымдарды сәндідейді.

Ресурстар:

әрлеу материалдары мен фурнитура туралы бейнематериал, ине, жіп, қайшы, желім.

Тірек сөздер: сәндей, сәндік тігін материалдары, страз, пайетка, фурнитура.

Оқулық: Сәндік тігін материалдары және фурнитура, 44-45 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Қазіргі сәндік тігін материалдары сыртқы түрі, қолданылуы, талшықты құрамы, өндіру тәсілі, тігін бұйымдарымен біріктіру тәсілдері жағынан әртүрлі. Тоқыма материалдарды талшық, жіп және иірім жіптерден дайындайды. Тоқымасыз материалдарға қабыршық, жасанды былғары, табиғи былғары, табиғи үлбір, пластика, металл, шыныдан жасалған бұйымдар, әртүрлі фурнитуралар жатады.

Фурнитура – тігін өндірісіндегі қосымша материалдар. Тігін фурнитурасы да дайындау тәсілі, материалы, сыртқы түрі, қолданылуы бойынша алуан түрлі болып келеді. Түймелер қолданылуы, киімге бекіту тәсілі, материалы, пішіні, түсі, бетінің әрлеу сипаты бойынша жіктеледі. Жеке тігін тігу барысында тіктемесі бар түйме бұйымға матамен түстес жіппен тігіледі. Тесігі бар түймелер түймемен түстес жіппен тігіледі. Сыдырма жүргізілгенде бірігіп бекітілетін, металл немесе пластмассадан жасалған тістері бар екі тоқыма таспадан тұрады. Ағыту тәсілі бойынша олар ажыратылатын және ажыратылмайтын (жоғарғы жағынан ағытылады), қос бекітпелі (жоғарғы және төменгі жағынан ағытылады) болып бөлінеді. Металл ілгек пен түймелік 3-4 ине шаншыммен негізгі матамен түстес жіппен екі тесігінен және ілгек немесе түймелік негізіне көлденең тігіледі. Тігін фурнитурасына дублирин де жатады. Бұл материалдың бір бетінде арнайы термопластикалық желім болады, дублирин сол желім арқылы матаға жапсырылады. Бұл матаның ең басты артықшылығы жұмсақтығы мен күлтеленуінде. Дублириннің түрлі мақсатта қолданылатын бірнеше түрі болады.

Тоғалар, жиектемелер, сақиналар әртүрлі формада болат сымнан, таспадан немесе жезден жасалады.

Сабаққа қатысты ескерту

Сабақта оқушылар бұрын жасаған трансформер киімдерін сәндейді.

Суреттерге мұқият қара.

Суретті зерделей отырып, оқушылар тігін өндірісінде қолданылатын әрлеу материалдарының түрлерімен танысады. Оқушылардың жақынырақ танысуы үшін сәндік тігін материалдары жиынтығын, әртүрлі мақсатта қолданылатын фурнитураны ұсыну керек. Оқушылар олардың сипаттамасын талқылай отырып, бұл бұйымдардың эстетикалық және функционалдық ерекшеліктерін түсінеді.

Ықтимал жауаптар:

Бөлшектерді біріктіру үшін түйме, сыдырма қолданылады, сызба мен қиғаш жиекті сәндей,

сонымен бірге жасырын біріктіру тігісі мен жиекті өңдеу үшін страз бен пайетка пайдаланылады. Сәндік тігін материалдары тоқымалы (шілтер, таспа, ызба, бау) және тоқымасыз (бисер, пайетка, страз) болатынына назар аудартыңыз.

Зейін салып қара.

Оқушыларға әрлеу материалдарының түрлері жазылған кестені зейін қойып оқуды тапсырыңыз. Талқылай отырып, сәндік материалдары қолданылған тігін бұйымдарының суреттерін көрсетіңіз. Материалдар мен фурнитуралардың түрі, конструкциясы, қолданылуы, материалы, түсі, әрлеу сипатына қарай бөлінетінін айтыңыз.

Анықта.

Суреттерді зерделей отырып, оқушылар сәндік материалдарының түрлері мен оларды бұйымға бекіту тәсілдерін анықтайды. Оқушыларға бұйымды сәндеу материалдары: бау, пайетка, страз, жапсырма, бисер, моншақ атауларына қатысты терминдерді дәптерлеріне жазуды тапсырыңыз. Оқушыларға фурнитура және тігін бұйымдарымен біріктіру тәсілдері мен түрлері туралы мәтінді оқуды тапсырыңыз. Бұл тәсілдер алдағы уақытта бұйым дайындау үшін қолданылады. Оқушылар мәтіннен фурнитураға әртүрлі түймелер, түймелеу, сыдырма, ілгектер, түймеліктер, батырмалар жататынын біледі. Олардың бір-бірінен айырмашылығын, қалай бекітілетінін көру үшін оқушылардың назарын суреттерге аударыңыз.

Орындап көр.

Оқушылар жеке, жұптаса немесе топтаса отырып, алдыңғы сабақта жасалған трансформер бұйымдарын сәндейді. Алдыңғы сабақта меңгерген тәжірибесіне сүйене отырып, сәндік материалдарды бекітеді. Оқушыларға қажеттілігіне қарай қолдау жасаңыз. Әрбір оқушы сәндеуге арналған материалды өз бетінше еркін таңдауына, сонымен қатар фурнитураның бірнеше түрін қолдануына болады.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Тапсырма өткен материалды жүйелеуге және қайталауға бағытталған. Оқушылар фурнитура арқылы киімді қалай сәндеуге болатыны туралы ойланады. Бұл тапсырма фурнитураны қолдану бойынша шығармашылық идеяларын дамытады.

Қосымша тапсырмалар

Өз гардеробтарындағы бұйымдарда қолданылған сәндік материалдары мен фурнитураға, олардың құрылымына, қолданыстық ерекшелігіне, бекіту тәсіліне назар аударып, зерттеу.

Бағалау

Сәнделген жұмысты бүкіл сынып болып, жұптасып немесе топпен отырып бағалау және талқылау. Идеяның көркемділігіне, материалдың орынды қолданылуына, жасалған жұмыстың сапасына назар аударыңыз.

Тоқыма материалдарынан жасалған аксессуарлар

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- материалды және бұйымды өңдеу тәсілін анықтайды, таңдайды, қолданады;
- тоқыма және әрлеу материалдарынан аксессуарлар жасайды.

Ресурстар:

аксессуар туралы суретті материалдар, жібек орамалдар немесе шаршы пішінді мақта мата қиығы, керексіз футболка немесе майка, қайшы, сызғыш, алқа дайындауға арналған фурнитура (бау, алқа, түйме), жіп, ине, тігінші түйреуіші.

Тірек сөздер: аксессуар, фуруошики, бижутерия, алқа.

Оқулық: Тоқыма материалдарынан жасалған аксессуарлар, 46-47 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Бас киім, шалма, орамал, сөмке, белдік, бау, қолғап, галстук, қолшатыр, көзілдіріктер пайдалы қызмет атқарып қана қоймай, киім, аяқ киіммен үйлесім тауып, жарасып тұрғаны жақсы. Киім мен аксессуарлар арқылы жаңа бейне жасауға болады.

Аксессуарлар (фр. *accessoire*, лат. сөзі *accedere біріктіру*) - киімге сән беретін қосымша бұйымдар. Аксессуарларға арзан материалдардан зергерлік әшекейлерге ұқсатып жасалған бижутериялар да (фр. тілінен *bijouterie*) жатады, олар көбіне күнделікті киімге тағылады. Бижутериялар әртүрлі болып келеді, олардың қатарына: сырға, жүзік, білезік, моншақ, алқа, өңіржиек, мойынтұмар, шашқа тағылатын әшекейлер, т.б. жатады. Бижутерия өз ішінен классикалық, авангард, этникалық, винтаж, т.б. стильдерге бөлінеді.

Жапондық өнер – фуруошикилер мыңдаған жылдардан астам уақыттан бері қолданылып келеді. «Фуруошики» жапон тілінде «*монша кілемі*» деген мағынаны білдіреді. Кез келген пішіндегі, көлемі әртүрлі бұйымды тасымалдауға және орауға арналған төрт бұрышты матаны айтады. Бұл мата моншада кілемше ретінде қолданылады, ал моншадан кейін оған заттарын орайды. Фуруошики сөмкелер тоқыма эко-сөмкеге жатады. Сыйлықтар мен басқа да бұйымдарды әдемілеп орап, бұйым салып қоюға да болады. Көп мәрте қолданылатын фуруошики қалталар бір рет қана пайдаланылатын, шірімейтін, табиғатқа залал келтіретін үлдір қалталардан экологиялық жағынан әлдеқайда пайдалы.

Сабаққа қатысты ескерту

Оқушылар сабақта тоқыма материалдардан аксессуарлар дайындау технологиясымен танысады және оларды әртүрлі түйіндеп байлау тәсілдерін үйренеді.

Суреттерге қара.

Оқушыларға әртүрлі аксессуарларды қолдана отырып, гардеробты түрлендіруге болатынын көрсетеді. Аксессуар дегеніміздің не екенін, оған қандай бұйымдардың жататыны туралы түсіндіріңіз. Оқушыларға суреттерге қарап, онда қандай аксессуарлардың бейнеленгенін, олардың қандай қызмет атқаратынын анықтауды тапсырыңыз.

Мүмкін жауаптар:

Әшекей, шалма, орамал, сөмкелер адамның сырт келбетін өзгелерден өзгеше, тартымды етіп

көрсетеді. Олар киімнің түсіне, стиліне сәйкес таңдалады.

Оқы, қызық!

Оқушыларға аксессуар түрінде дайындауға арналған қолжетімді және кеңінен таралған жапонның фуруошики-сөмкесі туралы ақпаратты назар аударып оқып шығуды тапсырыңыз.

Үйрен.

Оқушылар өз бетінше немесе жұптаса отырып, алдарына шаршы мата қиығын немесе орамал жайып, фуруошики байлау тәсілін үйренеді. Олар түйіндеп байлау тәсілі бұйымның қызметіне әсер ететінін түсінгені жөн. Сөмкеге әуелі қандай болса да бір затты салып қою керек, өйткені фуруошики алдын ала байланбайды, затпен бірге байланады.

Түйіндеп байлау дағдысы алқа дайындау барысында қажет болады. Шағын бұйымға арналған қиық өлшемі 0,5×0,5м, ең қолайлы өлшем – 1×1м. Қалың матадан түйіндеп байлау қиын болғандықтан, мақта немесе жібек матаны алған дұрыс. Тәжірибе нәтижесін суретке түсіріп алу керек немесе зерттеу альбомына дайындау кезеңдерінің суретін салған дұрыс. Оқушыларға қолда бар материалдардан аксессуар дайындау технологиясы мен тәсілі туралы мәтінді оқытыңыз. Бұл тапсырма практикалық жұмысқа дайындық жасауға арналған.

Анықта.

Оқушылар мата қиығымен тәжірибе жасай отырып, трикотаж материалдардан алқа дайындауды үйренеді. Ол үшін алдын ала ескі футболкадан ені мен ұзындығы әртүрлі мата жолағын дайындайды. Тоқыма бұйымдарды қиюда жолақтардың еніне назар аударып отыруды ескертіңіз. Себебі жасалатын түтікшелер мен олардың жуандығы жұмыстың сапасына әсер етеді.

Орындап көр.

Оқушылар өз беттерінше немесе жұптаса отырып, фурашики-сөмке не алқа жасайды. Элементтерінің фактурасы мен түстерін араластыру үшін тоқыма бөліктерінің орнын ауыстыруларына болады. Трикотаж түтікшелерді байлау тәсілін көрсетіңіз.

Сыйлық жаса.

Бұл тапсырма өнерге бейімді оқушыларды ынталандыру үшін қосымша тапсырма ретінде беріледі.

Футболка мен майка жасалған трикотаж мата созылмалы болады және шиыршықталып кетеді. Бірақ оның бұл қасиеті тоқыма алқа дайындау барысында пайдаға асады. Оқушыларға бұйым қасиетінің ерекшелігі, трикотаж матасының өрімі әртүрлі болатынын түсіндіріңіз. Түтікшелерді байлауға арналған алқаның негізі алқа, бау, таспа немесе ызба, т.б. болуы мүмкін. Оқушыларға алқа элементтерін біріктіру тәсілін таңдауды ұсыныңыз. Олар өз бетінше фурашики-жолдорба жасап, бауырларына немесе достарына сыйлай алады.

Қосымша тапсырмалар

Оқушыларға бұйымды сынап көруді ұсыныңыз. Сөмкенің қолдануға, затты тасымалдауға және сақтауға жарамдылығы, қанша салмақты көтере алатындығы, басқа да сапасы ескерілгені жөн. Алқаны киім мен аксессуарларға сәйкес таңдауға болады.

Бағалау

Сабақта жасалған жұмыстарды, яғни сөмке мен алқаны бағалау және талқылау керек. Олардың күрделілігі мен сапасына, дизайнының үйлесімділігі мен әдемілігіне назар аударыңыз.

Тігін бұйымдарын пішуге дайындау

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- материалдарды ажыратады, оларды өңдеу және қолдану ерекшеліктерін анықтайды;
- сәндік материалдары мен фурнитураның сипаттамасы және жіктелуін анықтайды, салыстырады және сипаттайды.

Ресурстар:

сөмке түрлері туралы көрнекі материалдар, А4 немесе А3 форматты қағаз, полиэтиленді үлбір немесе файл, қайшы, сызғыш, циркуль, қарындаштар, степлерге арналған тоғындар, скотч, ПВА желімі, қағаз қыстырғыш, тігінші түйреуіші, сөмке суреттері.

Тірек сөздер: конструкция, пішім, қақпақша.

Оқулық: Тігін бұйымдарын пішуге дайындау, 50-51 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Тігін бұйымын дайындаудың әр кезеңі маңызды, өйткені оның әрбірі бұйым сапасына әсер етеді. Конструкциялау кезеңінде біріктірілген бөлшектерінің конфигурациясы мен өлшемінің сәйкестігі бұйым дизайнына айналады және дайындау барысын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан бөлшек сызбасын сызу, пішім дайындау – бұйым жасаудың жауапты кезеңі.

Тігін бұйымының көлемді-кеңістікті нысаны мен сыртқы түрі конструкциясына, оның бөліктерге жіктелу сипаты мен конфигурациясына (сыртқы кескіні) және бөліктерінің өлшеміне, оларды біріктіру тәсілдеріне байланысты. Сөмке пішіні дөңгелек, жартылай дөңгелек, төртбұрышты, тікбұрышты, трапеция тәрізді, үш бұрышты және әдеттен тыс өзгеше болуы мүмкін. Тоқыма материалдардан жасалған сөмкелер шағын немесе көлемді болуы мүмкін. Шағын сөмкелердің түп бөлшегі болмайды, негізгі, яғни алдыңғы және артқы бөлшектері ғана болады. Бұл бөлшектердің пішіні мен өлшемі, саны мен бауының ұзындығы, жоғарғы бөлігінің жабылу тәсілі шағын сөмкенің түріне байланысты анықталады. Сөмке бауының ұзындығына қарай білекте, қолда, шынтаққа жақын, иыққа салып ұсталады. Сөмкенің аузы жоғарғы қақпақша, жиектемелі бекітпе, сыдырма, магнитті ілгекпен бекітіледі. Сонымен қатар сөмкенің конструкциясында жапсырма қалта, бастырма, сәндік элементтер және т.б. болуы мүмкін.

Көлемді сөмкелердің түбі маңызды рөл атқарады. Түбіне тікбұрышты жолақ дайындалады, ұзындығы «негізінің» ұзындығы бойынша анықталады және сөмке биіктігінің екі есе көлемі қосылады. Түп жолағының ұшынан кішірейтуге немесе үлкейтуге болады. Дөңгелек сөмкенің астыңғы бөлшегі дөңгелек етіп жасалады. Сөмкенің қабырғалары тік бұрышты жолақ болады, ұзындығы түп шеңберінің ұзындығына тең. Шеңбер ұзындығы $L=2\pi R$ формуласы бойынша есептеледі, L – шеңбер ұзындығы, R – радиус, $\pi = 3,14$ (тұрақты шама).

Трансформер «MyPlayFurla» сөмкесі конструктор сияқты жиналады. Сөмкенің ауыспалы жоғарғы бөлігі негізгі қаңқасына метал батырмамен бекітіледі. Сөмкенің негізгі бөлігіне жаңа қақпақша бекітілгенде мүлдем басқаша көрінеді. Таңдауға негізгі қаңқаға бекітілетін қара, ақ және ақшыл сары түсті сүйір корпусымен құрамдастырылатын былғарыдан немесе үлбірден жасалған бес түрлі фактуралы, он екі түрлі реңк ұсынылған.

Сабаққа қатысты ескерту

Сабақта оқушылар сөмке дизайнын жасап, қағаздан оның макетін құрастырады.

Суреттен қандай сөмкелерді көрдің?

Суреттерді зерделей отырып, оқушылар сөмкелердің айырмашылығы мен ерекшеліктерін,

яғни материалы мен дайындау тәсілін, стилін, қолданылуын және т.б. сипаттайды. Оқушыларға бұйым конструкциясы туралы мәтінді зейін қойып оқуды тапсырыңыз. Бұл материал практикалық жұмысқа қажет. Өзіңіз жасап, үлгісін көрсетсеңіз болады.

Зертте.

Оқушылар зерттеу альбомына сөмкенің суретін сала отырып, оның әртүрлі қолданылу орны, дизайны мен конструкциясы туралы біледі. Олар алдыңғы сабақтардың бірінде өткен жіктеу кестесіне сүйене отырып, қолданылған фурнитуралар мен әрлеу материалдарының түрлерін сипаттайды. Олардың жауаптарын түйіндеп, сөмкелердің конструкцияларының әртүрлілігіне қарамай, бәрінің бірдей конструктивті элементтерден тұратынын түсіндіріңіз. Тігін бұйымының конструкциясы жайлы қысқаша сұхбат жүргізіңіз. Тігін бұйымының конструкциясын сыртқы түрі, құрамдас бөліктерінің өлшемдері, бөліктерін тұтас біріктіру тәсілдері құрайды. Сөмке тігу үшін оның барлық бөліктерінің пішімін жасау қажет. Сөмкенің негізгі бөлшектеріне өңі, алдыңғы, артқы, бүйір, астыңғы бөлшегі (түбі), сабы, қақпақша, түймелеуі жатады.

Оқы, қызық!

Бұл айдарда практикалық жұмысқа және оқушылардың қиялын дамытуға арналған шағын трансформер-сөмке туралы ақпарат берілген.

Назар аудар.

Оқушыларға қағаздан макет дайындау үшін қолданылатын бұйымды пішу үдерісімен зейін қойып танысуды ұсыныңыз. Көрнекілік үшін әртүрлі конструкциялы сөмкелердің бірнеше үлгілерін дайындаңыз. Сөмкенің белгілі бір түріне қандай да бір детальдардың қалай пайдаланылатына назар аударыңыз.

Орындап көр.

Берілген практикалық жұмыс топпен, жұппен немесе жеке орындалады. Оқушылар сөмкенің конструкциясы туралы өткен материал негізінде сөмке үлгілерін жасайды. Сөмке тігер алдында оның дизайнын ойластырып, барлық бөлшектерін нақтылау, уақыт пен материалдық мүмкіндікті ескеру қажет. Олар бөлшек сызбасын сызғыш, үшбұрышты сызғыш, циркуль, қисық сы-

зықты лекало және т.б. қолдана отырып сызады. Зерттеу альбомында сипаттап, суретін сала отырып, олар сөмке бөлшектерін, пішінін, өлшемін анықтайды. Ойша сөмке элементтерін құрастырады. Сонан соң қағаздан немесе полиэтиленді үлбірден сөмкенің шынайы көлемдегі пішімін (сызбасы) жасайды. Бөлшектердің жазық суретін дайындап, көлемді бұйым жасайды. Қағаздардан жасалған бөлшектер пішінін жақсы сақтайды, ал қағаздың түрлі түсті жағы бұйымның өңі болады. Полиэтиленді үлбірден жасалған макет бөлшектері мата сияқты жұмсақ болғандықтан, оңай бүгіліп, бірігеді.

Бөлшек қиықтарына өңдеуге немесе біріктіруге арналған қосымша қосу керектігін естеріне салыңыз. Бөлшектерді уақытша қыстырғышпен немесе түйреуішпен қыстырып, бөлшектердің біріккенін тексеру керек. Бөлшектерді біріктіру ретін анықтап, степлер, скотч немесе желіммен біріктіреді.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Рефлексияға арналған тапсырма оқыған материалды есте қалдырады және басқа салада қолдану мүмкіндігі туралы ойлануға әсер етеді.

Қосымша тапсырма

Оқушыларға келесі сабаққа сөмке жасауға арналған қажетті материалдар мен фурнитура дайындауды тапсырыңыз. Таңдауға мүмкіндік болуы үшін элементтері өзара үйлесетін бірнеше нұсқаларын дайындаған дұрыс. Материалы пішінін сақтайтындай тығыз (мысалы, фетр) болғаны жөн.

Бағалау

Оқушылар сынып болып, жұптасып немесе топтасып жұмыс істей отырып, жасалған бұйым макетін бағалайды және талқылайды, жұмысты жетілдіру үшін пікір алмасады. Бұл сөмке жасау бойынша келесі практикалық жұмысқа дайындауға мүмкіндік береді.

Тігін бұйымдарын пішу

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- тігін бұйымын ылғалды жылумен өңдеуге арналған құралдарды қолданады;
- бұйымды пішеді, заманауи тоқыма және әрлеу материалдарын қолданады.

Ресурстар:

сөмкеге арналған материалдар және астар мата, қайшы, сызғыш, тігінші қарындашы, (ұшталған бор немесе сабын), түйреуіш, жайылма сызбасы.

Тірек сөздер: орналастыру, бормен сызу, пішу, декатирлеу, дискілі пышақ.

Оқулық: Тігін бұйымдарын пішу, 52-53 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Матаға пішімді **орналастыру** кезінде:

- матаны пішу үшін оң жағымен ортасынан екі бүктеп немесе оң жағын астына қаратып, үстел үстіне жаяды;
- пішім матаға түйреуішпен түйреледі;
- жайылманы мата бүктемесіне қойып пішілетін ірі бөлшектерді орналастырудан бастайды;
- ұсақ бөлшектер бойлық жіп бағыты, мата суреті мен қосымша көлемі ескеріле отырып, орналастырылады, сөмке бауының бөлшектерінде бойлық жіп оның ұзындығы бойымен жүреді;
- материалды үнемдеп пайдалану қажет;
- орналастырылған пішімді **бормен сызу** үшін сызғыш пен лекало қолданылады;
- пішімді айналдыра сызу үшін тігінші боры немесе құрғақ жіңішке сабын қолданылады.

Қосымша көлемін анықтау кезінде: тігіс конструкциясы, қиық бүктемесінің көлемі, материал қасиеті, яғни сетінегіштігі мен созылмалығы ескеріледі. Қажетсіз киімді қолдану барысында тігін бұйымын пішу ерекшелігін: тігісі мен бүкпенің есебінен пішуге арналған жерінің аздығы, оңған және ескірген бөлігін, сонымен қатар болашақ сөмкенің бөліктерін біріктіру мүмкіндігін ескеру қажет.

Бұл факторлар қажетсіз киімнен тігін бұйымын пішу барысын қиындатады, материал алуға кететін шығынды үнемдейді. Оқушылардың бейімділігін көрсетіп, шығармашылық қабілетін дамытады. Жоғары технологиялы өндірісте барлық материал түрін пішу және қию жоғары деңгейде автоматтандырылған, өңделетін материалмен механикалық байланыссыз, жоғары қуатты лазерлік сәуле арқылы орындалады. Материал қиықтары еріп, ал бөлшек жиектері, тіпті күрделі қисық сызықты контурлары түзу және сапалы болып шығады. Бірнеше қабатталған (төсем) материалдарды да пішуге болады.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақта тоқыма немесе тоқымасыз материалдардан белгілі бір пішім жасап, сөмке тігуді жалғастырады. Материал таңдайды, оны ылғалды жылумен өңдеуді және дайындайды. Қыртысталмайтын материалдар үтіктеуді қажет етпейді.

Назар аудар.

Оқушыларға тәжірибелік жұмысы барысында қолданылатын пішу жұмысы мен оның дұрыс ұйымдастырылуы туралы мәтінді зейін қойып оқуды тапсырыңыз. Ұсынылған мәтіннің әрбір пунктін

практика жүзінде көрсетіңіз, өйткені оқушылар оның қалай жасалатынын білуі тиіс. Оқушыларға тігін бұйымын пішу кезінде қолданылатын құралдар туралы мәтінді оқуды ұсыныңыз.

Оқы, қызық!

Оқушылар білімін және ой-өрісін кеңейту мақсатында өнеркәсіпте бұйымды пішуге арналған құралдар туралы ақпаратты оқиды. Олардан бұл құралдардың қолданылуы туралы білетіндерін айтуды сұраңыз. Мысалы, фетрден өрнектер ою үшін лазермен қию әдісі қолданылады (жарнамалық мәтіннен).

Орындап көр.

Оқушылар өз бетінше немесе жұптасып орындайды. Материал төсеміне арналған жұмыс орнын дайындайды. Оқушыларға бормен қалай сызу керектігін (қима үлгі бойымен контурын айналдыра сызу) көрсетіңіз, алдымен пішім контурын, содан соң олардың жиегінен қосымша сызық жүргізу керек. Бормен сызылатын сызықтар қисық сызықты лекаломен және сызғышпен жүргізіледі. Егер пішу үшін киілмейтін киім қолданылатын болса, онда ол таза, үтіктелген болуы тиіс. Егер материалдың бояуы оңып кетсе, бұйымның ішін сыртына айналдырып пішу және тігу мүмкіндігін қарастыру, яғни материалдың өң бетін өзгерту керек. Мүмкін тігін бұйымының бір бөлігін қию, тігісін сөгу немесе жеке бөліктері мен бөлшектерді өзара біріктіру қажет болар. Материалдың өңі мен теріс бетін ажырату тәсілі туралы айтып беріңіз. Пішуге материалдың дұрыс дайындалуын қадағалаңыз, қажеттілігіне қарай қолдау көрсетіңіз. Пішімнің тиімді және дұрыс орналасуын тексерген соң ғана қайшымен қиюды бастауды ұсыныңыз. Осы ретте «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген мақалды есіне салып, мағынасын түсіндіріңіз.

Оқушылар бақылау сызықтары мен белгілері туралы нұсқаулықты оқып, оларды дайындалған пішімге түсіреді. Пішім бөлшегіне бақылау сызықтары мен белгілерді, яғни бөлшек ортасының сызығы немесе нүктесін, құрастыру барысында өзара бөлшектерді біріктіру нүктесін түсіреді.

Ойлан және сұраққа жауап бер

Берілген сұрақтар оқушыларға өз тәжірибесін бағалауға және жұмысты меңгеріп алуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың естеріне қауіпсіз ережесін салығыз және орындалуын қадағалаңыз:

- қайшының ұшын ашық қалдырма, оны белгіленген орнына қой;
- ақаулы, өтпейтін қайшыны пайдаланба;
- жүріп бара жатып қайшымен қима;
- жұмыс барысында қию бағытын мұқият қадағала;
- қайшының ұшын жауып, сабымен бер.

Қосымша тапсырмалар

Оқушыларға зерттеу альбомдарына бұйымды пішу үдерісін жазуды, материалмен жұмыс істеу барысында оның ерекшелігіне, қалдырған әсеріне, тапқан жаңалығына ерекше мән беруді ұсыныңыз.

Бағалау

Бағалау кезінде жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру, оқушылардың құралдар мен материалдарды тиімді қолдану дағдысы ескеріледі.

Тігін бұйымдары бөлшектерін өңдеу

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- тігін мәшинесінің жұмысындағы ақауларды анықтайды және оны жөндейді;
- қазіргі заманғы және ерекше материалдарды ажыратады және оларды қалай тиімді құрамдастыруға, өңдеуге және қолдануға болатынын анықтайды.

Ресурстар:

тігін мәшинесі, бұйымды пішкеннен қалған материал қиығы, жуандығы әртүрлі мәшине инесі мен қол ине, қайшы.

Тірек сөздер: ақау, реттеу, жіптің керілуі, тігістің іркілуі.

Оқулық: Тігін бұйымдары бөлшектерін өңдеу, 54-55 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Сыртқы айырмашылығына және конструктивті ерекшелігіне қарамастан, әмбебап тігін мәшinelерінің конструкциясы бірдей болады. Ине тетігі, жіпартқыш, қайық, мата жылжытқыштың жұмыс істеу барысында қайықтық инешаншым құрылады. Қайықтық тігістің құрылу барысын түсіндіру үшін «Мәшине туралы повесть» (Перля З.Н., 1955 ж.) кітабындағы қайық рөлінде тентек бала ойнайтын суреттерді көрсетуге болады.

Тігін мәшинесіне арналған ине өлшемдерінің екі жүйесі бар. Еуропалық жүйеде ине өлшемі иненің диаметріне сәйкес миллиметрмен көрсетіледі, америкалық жүйеде ине өлшемі дюйм арқылы есептеледі. Кейбір өндірушілер иненің колбасында нөмірінің екі мәнін көрсетеді, мысалы 14(90) немесе 90/14.

Ине өлшемдері және олардың қолданылуы

	Материал	Жіптер	Ине өлшемі
Жеңіл (жұқа)	Крепдешин, вуаль, бәтес, жұқа кісе, креп-жоржет, трико	жіңішке жібек, жіңішке мақта, жіңішке синтетикалық, полиэстер араласқан жіңішке мақта	9 (65) немесе 11 (75)
Орташа	зығыр, мақта, пике, тоқыма, перкаль, саржа	жібек №50, мақта №50-80, синтетикалық №50-60, мақта полиэстермен	11 (75) немесе 14 (90)
Ауыр (қалың)	тик, твид, габардин, пальтолық, драп, репс	жібек №50, мақта №40-50, жіңішке синтетикалық, полиэстер араласқан мақта	14 (90) немесе 16 (110)

Тігін бұйымын тігу сапасы ине сапасына, оның дұрыс таңдалуына байланысты. Тот басқан немесе ұшы өтпейтін ине материалды зақымдайды. Қисық ине тігу барысында сынуы немесе тігістің аттап кетуіне себеп болуы мүмкін. Қалың және ауыр маталарды жіңішке инемен тіккенде ине сынып қалады. Жуан инелер материалда тесік қалдырып, ақау жасауы мүмкін. Ине дұрыс орнатылмаса немесе иненің нөмірі матаның қалыңдығы мен жіптің нөміріне сәйкес келмесе, ине сынуы мүмкін.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта оқушылар тігін мәшинесімен қиықтарды өңдеу тәсілімен танысады, инешаншым түрлерін жасап, тәжірибе жасап көреді.

Суреттерге мұқият қара.

Тапсырма алдыңғы материалдарды қайталауға және тігін мәшинесін қолданудың алдыңғы тәжірибесін талдап қорытуға, практикалық жұмысқа дайындалуға бағытталған. Суреттерде электр және механикалық тігін мәшинелері, табан ине, т.б. инелер көрсетілген. Тігін мәшинесінің жұмысын реттеу қажеттілігіне назар аударта отырып, тігін бұйымын өңдеу және біріктіру туралы қысқаша сұқбат жүргізіңіз. Тігіс түрі мен сапасы ине мен жіптің дұрыс таңдалуына байланысты екенін айтыңыз.

Назар аудар.

Оқушылардан тігін мәшинесінің конструкциясы бейнеленген суреттерге зейін қойып қарауды сұраңыз. Оқушылар негізгі бөлшектерді атай отырып, тігін мәшинесінің құрылысын қайталайды. Тапсырма тігін мәшинесімен жұмыс істеу тәжірибесін қайталау арқылы есте сақталады. Тігін мәшинесін жұмысқа дұрыс дайындау және жұмыстың жауапты әрі маңызды кезеңі туралы ақпаратпен танысыңыз.

Анықта.

Кестеде тігін инелерінің жіктелімі берілген. Оны зерделей отырып, оқушылар бұйым тігуге қолданатын материалға сәйкес ине таңдайды. Оқушылар оқулықтағы мәтінді оқысын, сонан соң олардың меңгерген білімін: ине шаншым ұзындығы деген не, 10 мм тігімде қанша ине шаншым жасалады, ирек тігіске қою үшін нені реттеу қажет, іркілген тігіс қандай болатынын талқылаңыз. Міндетті түрде іркілген тігіс үлгісін көрсетіңіз.

Тігін мәшинесімен жұмыс істеу кезінде сақталатын қауіпсіздік ережелері

Оқушыларды тігін мәшинесін қолдану барысында сақталуы тиіс қауіпсіздік ережелерімен таныстырыңыз. Зерттеу альбомына жазу арқылы есте сақтауға болады.

- жұмысты бастар алдында тігін мәшинесінің дайындығын тексеру;
- мәшиненің айналмалы, қозғалмалы бөліктеріне жақындамау;
- ине мен табанның берік бекітілуін тексеру;
- жұмыс барысында мәшинеге дейінгі аралық 10-15 см болуы тиіс;
- жұмыс барысында мәшине жанында бөгде заттар жатпауы тиіс;
- педальмен абайлап жұмыс істеу, үзбей, бір сарынды басу;
- тігу барысында қолды мәшиненің қозғалмалы бөлшегіне өте жақын ұстамау қажет.

Орындап көр.

Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыра отырып, оқушылар тігін мәшинесінің реттеуішінен инешаншым жиілігін реттей отырып, тігіс жүргізеді. Содан соң мәшинені әртүрлі жіппен сабақтап, жоғарғы жіптің керілуін өзгерте отырып, тігіс жүргізеді. Сырып тігу тігісін түзу сызық бойымен ғана тікпей, қисық сызықты контур бойымен де тігуді ұсыныңыз. Тігіс сапасын тексереді. Оқушыларға зерттеу альбомдарына үйренген дағдыларын және жасаған жұмысының нәтижесін, жұмыс барысында кездескен қиындықты және оның шешімін жазуды тапсырыңыз.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Өз жұмысының нәтижесін бағалау оқушыларға алған білімін алдағы жұмыстарында пайдалануға көмектеседі.

Қосымша тапсырмалар

Оқушыларға сөмкенің түпкі дизайнын толықтыруды тапсырыңыз, тігін мәшинесімен жұмыс істеу дағдысын ескере отырып, оған элементтер қосып тігуді тапсырыңыз.

Бағалау

Осы сабақта тігілген сөмке, мұғалімнің оқушылардың жұмыс барысын бақылауы жасалған жұмыс сапасын бағалауға негізі болады.

Тігін бұйымдарын біріктіру және ылғалды жылумен өңдеу

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- әртүрлі конструкцияларды және заманауи тоқыма әрлеу материалдарын қолданып, бұйымды тігін мәшинесімен тігеді;
- тігін бұйымдарын ылғалды жылумен өңдеуге арналған құралдарды таңдайды және оларды қолданады.

Ресурстар:

оқушылардың жұмысы, үтік, үтіктеу тақтасы немесе үстелі, үтіктеуге арналған мата, қалып, үтіктеу жастықшасы, бұйым бөлшектерінің пішімі, қатты қағаз (картон) немесе тығыз қағаз, қайшы.

Тірек сөздер: үтіктеуге арналған мата, ылғалды жылумен өңдеу.

Оқулық: Тігін бұйымдарын біріктіру және ылғалды жылумен өңдеу, 56-57 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материал

Әртүрлі материалдардың ылғалды жылумен өңделуі де түрліше. Материалдың қасиетін сақтау үшін ЫЖӨ режимін таңдау және оны сақтау қажет. Ылғалды жылумен өңдеу режиміне температура, ылғалдылық, қысым және әсердің ұзақтығы кіреді.

ЫЖӨ температурасы талшықтың жылу тұрақтылығына, яғни ең жоғарғы температурада материал қасиетінің қайтымды өзгеруіне байланысты. Материалды ұсынылған температурадан жоғары қыздырып үтіктеу, матаның беріктілігін жояды, түсін өзгертіп, сапасын төмендетеді.

Өндірісте құралдар үтіктеуге арналған жабдықтар жиынтығына кіреді немесе жеке атаумен шығарылады. Ылғалды жылумен өңдеу өнімділігін және сапасын жақсартатын кейбір құралдарды өз қолыңмен жасауға болады. Жең үтіктейтін қалып – үстел үстіндегі үтіктеу тақтасы, бас жағы әртүрлі пішінде болады, ұсақ бөлшектерді және қысқа бекітілген элементтерді үтіктеуге арналған. Білеу – бөлшектердің жөрмелген тігісін жатқыза үтіктеуге арналған.

Білікше – тігісті жатқыза үтіктеуге арналған, нығыздап толтырып, матадан жасалған цилиндр жастықша, бұйымның өңі жағында тігіс қосымшасының ізін қалдырмауға септігін тигізеді. Қағаз жолағы тігіс қосымшасының астына төселеді, бұйымның өң жағында із қалдырмауға септігін тигізеді.

Бұйымды ылғалды-жылумен өңдеуден өткізер алдында түйреуіштерді, уақытша тігілген жіптерді алу қажет. Жұқа матадан тігілген тігін бұйымының тігіс қосымшасы бір жағына қарай жатқыза үтіктеледі, қалың матадан тігілген бұйымның тігіс қосымшасы екі жағына жатқыза үтіктеледі.

Бұйымды үтіктеу барысында:

- мақта маталарды үтіктеу үшін үтік температурасы 200-270°C-та қолданылады және ылғалдап үтіктеледі;
- зығыр маталар – 250-300°C-та ылғалдап үтіктеледі;
- табиғи жібек –140°C дейін ылғалсыз, теріс жағынан үтіктеледі;
- жасанды жібек – 140°C-та, су тамшысы дақ қалдыратын болғандықтан, теріс жағынан құрғақ үтіктеледі.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта оқушылар тігін мәшинесімен бұйым тігіп, оны ылғалды жылумен өңдейді. Келесі тапсырманы орындау үшін тігін бұйымын дайындаудың технологиялық реті туралы мәтінді зерделейді.

Зертте.

Оқушыларға келесі жұмыс кезеңдерін түсіну үшін бұйым дайындау реттілігін зейін қойып оқуды тапсырыңыз. Оқушылар бұйымды ылғалды жылумен өңдеу үшін оның қолданылуы туралы мәтінді оқиды. ЫЖӨ маңыздылығы жайлы түсіндіріп айтып беріңіз.

Есте сақта!

Оқушылардың киімді үтіктеу кезінде қауіпсіздік ережесін сақтаудың маңызын түсінгеніне көз жеткізіңіз. Бұйымды үтіктеу барысында:

1) мақта маталарды үтіктеу үшін үтік температурасы 200-270°C-қа дейін қыздырылады және ылғалдап үтіктеледі;

2) зығыр маталар – 250-300°C-та, ылғалдап үтіктеледі;

3) табиғи жібек – 140°C дейін, ылғалсыз, теріс жағынан үтіктеледі;

4) жасанды жібек – 140°C-та, су тамшысы дақ қалдыратын болғандықтан, теріс жағынан құрғақ үтіктеледі.

Оқушылар өз жұмысына қолдану үшін, бұйымды ылғалды жылумен өңдеу барысында қолданылатын құралдар туралы ақпаратты зерделейді.

Анықта.

Оқушылар суреттерге қарап, қажеттілігіне қарай қолданатын арнайы қалыптардың жұмыс принципін түсінеді.

Орындап көр.

Тігісті жатқыза үтіктеу тәсілін көрсету керек. Үтіктің температура реттегішін ауыстыра отырып, үтікті тігіске 2-3 секунд ұстап, орын алуы мүмкін өзгерістерге, мата бояуының өзгеруіне, ақаудың пайда болуына назар аудару керек. Оқушыларға булап үтіктеу мата қыртысының тезірек жазылуына, тігістерінің жатық болуына мүмкіндік беретінін көрсетіңіз. Бұды немесе суды шектен тыс қолдану да матаны бүлдіруі мүмкін. Оқушылар сөмке бөлшектерін ылғалды жылумен өңдейді, сонан соң бұйымды құрастырады.

Электр үтікпен жұмыс істеу кезінде сақталатын қауіпсіздік ережелері

1. Үтіктер алдында баусымының дұрыстығын тексеру.

2. Үтікті құрғақ қолмен ұстап тоққа қосу және ажырату.

3. Үтікті үтік қойғышқа қою.

4. Баусымының үтік табанына тимеуін қадағалау.

5. Жұмыс соңында үтікті токтан ажырату.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Өз жұмысының нәтижесін бағалау оқушыларға меңгерген дағдыларын есте сақтауға мүмкіндік береді.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар зерттеу альбомына жұмыс нәтижесінің сапасын, жұмыс барысында кездескен қиындықтарды, оларды шешу жолдарын суреттеп жазсын, сонымен қатар сөмкені сәндеу тәсілі туралы ойланып, келесі сабаққа қажетті материалдарды алып келсін.

Бағалау

Сабақ барысында орындалған жұмыс сапасын, оқушылардың тігін мәшинесімен және ЫЖӨ арналған жабдықтармен жұмыс жасау дағдыларын бағалаңыз.

Тігін бұйымдарын әшекейлеу

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- әртүрлі конструкцияларды, қазіргі тоқыма және әрлеу материалдарын қолданып, бұйымды безендіреді;
- бұйымдарды дайындау және шығармашылық жұмыс жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін қолданады.

Ресурстар:

оқушылардың алдыңғы сабақта жасаған бұйымдары, желімді өрнек, әшекейлеуге арналған материалдар, үтік, үтіктеуге арналған мата, қайшы, желімді термотапанша, зерттеу альбомы және түрлі түсті қарындаштар.

Тірек сөздер: монограмма, желімді тапанша.

Оқулық: Тігін бұйымдарын әшекейлеу, 58-59 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материал

Бұйымды әшекейлеу арқылы өзіндік стиль жасауға, бұйымды ерекшелеуге, сонымен бірге кемшілігін жасыруға болады.

Баумен немесе таспамен әшекейлеу. Баудың ұшын бұйымның теріс жағына шығару қажет, бауды суреттің контуры бойымен орналастырып, баудың түсімен түстес жіппен немесе мөлдір моножіппен қол ине арқылы шаншып тігу керек. Немесе бауды уақытша қол тігісімен бекітіп, баудың бойымен ирек мәшине тігісін жүргізу қажет.

Кестемен әшекейлеу үшін пайетка керек. Сумоншақ, моншақ, түйме, жуан жіптерді қолдануға болады. Элементтер жапсыруды ыстық тәсілмен бекіту – тігін бұйымын сәндеудің жылдам және қолжетімді тәсілі. Жапсырманы желімдеп жасау үшін тоқымасыз материал желімді өрмек қолданылады. Жапсырма бөлшектерін материалды бірге қабаттап қойып, бір мезгілде әрлеу материалы мен желімді өрмектен қиып алады. Сәндейтін бөлшекке жапсырма бөлшектерін қойып, бұйым мен жапсырма арасына желімді өрмекті орналастырып, түйреуішпен бекітеді. Жапсырма бөлшектерін қызып тұрған үтікпен үтіктеп, түйреуішін алып бұйымға жапсырады. Әрлеу заттарына бұйымға тез бекітілетін, әртүрлі термотрансферлер де жатады. Терможапсырма, термопринт, термостраздар дайын түрінде шығарылады, олар бұйымға үтіктеу арқылы жапсырылады. Әрлеу элементтерін, сонымен қатар қыздыратын желімді тапаншамен де жапсыруға болады. Тапаншалар желімді білік диаметріне байланысты ажыратылады. Желімді білік жіңішке болса, тезірек еріп, жұмысқа тез дайын болады. Әшекейлеуге термостразды қолдану барысында алдымен бұйымның әшекейленетін бөлігіне сурет салу қажет. Бөлшек немесе бұйым астына желім шықпау үшін фольга немесе тығыз қағаз қояды. Сурет бойымен стражды орналастыру, үстінен үтіктеуге арналған мата немесе мата қиығын жабу керек.

Үтікті қыздыру режимін таңдау. Стражды баса үтіктеу. Монограммамен бұйымды сәндеу оны ерекше етіп көрсету тәсілдерінің бірі болып табылады. Монограмма (грек. *μόνος* – *бір*, *γραμμά* – *әріп*) – аты-жөнінің бірінші әріптерінен тұратын белгі. Адамның аты-жөнінің бірінші әріптері арнайы логотип ретінде қолданылады. Өнер туындыларына көптеген авторлар қолтаңба орнына өз монограммаларын (аты-жөнінің бірінші әріптері) қояды. Монограммаларды жауынгерлердің жейделеріне, жүрек тұсына, кеуде қалтасына, қаттамаға, бұйымның төменгі жағына кестелеген. Қазақ халқының салт-дәстүрінде қыздардың өздері ұнатқан жігітіне аты-жөнінің бірінші әріптері кестеленген орамал сыйлайтын дәстүрі болған.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта оқушылар сөмкелерін әртүрлі тәсілдермен әшекейлейді.

Суретке қара және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар ұсынылған суреттерді зерделей отырып, бұйымды әшекейлеу тәсілін сипаттайды.

Ықтимал жауаптар:

Бірінші сөмке органза жолақтарынан жасалған, үлкен раушан гүлдерімен безендірілген. Екінші сөмке (клатч) қарапайым пішінді, бір-біріне тығыз тігілген сызба жолақтарымен сәнделген. Үшінші сөмке айқас кестемен кестеленген. Келесі тапсырманы орындау үшін оқушылар монограмма, оның қолданылуы және орындау тәсілі туралы мәтінді оқысын.

Монограмма дайында.

Оқушылар өз беттерінше зерттеу альбомында жеке жұмыс істей отырып, өз монограммаларын жасайды.

Әрлеу материалдарын қолданып, оны қалай жасауға болатынын, түсі мен дайындау тәсілін ойластырады. Монограмма жасау үшін жылумен өңдеу арқылы әрлеу материалдарын бекіту тәсілдерімен танысады. Оқушылар мәтінді оқып, желімді тапаншаның қалай жасалғанын, қалай жұмыс істейтінін, желімді материалдардың түрлерін және оларды қалай қолданатынын біледі. Оқушыларға желімді тапаншаға желімнің қалай орнатылатынын көрсетіп, өз беттерінше қолдандуды үйретіңіз.

Ойлан.

Оқушылар өткен материалға сүйене отырып, оқушылар қолжетімді тәсілмен монограмма жасау туралы ойланады.

Есте сақта!

1. Жұмыс барысында тапаншаның темір ұшын қолмен ұстама.
2. Еріген желімді қолыңмен ұстауға болмайды.

Орындап көр.

Оқушылар үйренген бір немесе бірнеше тәсілдерімен сөмкелерін әшекейлейді. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру, безендіру тәсілдерінің ұқсастығына қарай таңдап, оқушыларды топтастыру керек, ыңғайлы болуы үшін оларды жақын орналастырған дұрыс. Әшекейлеуге ұлттық ою-өрнектерді қолдануға болатынын естеріне салған жөн. Қажет болса, оқушыларға монограмманы немесе ұлттық өрнекті дұрыс қолдануға бағыт беріңіз. Оқушылардың құрал-жабдықтармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалаңыз.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Бұйымның функционалдығы және әшекейлеудің маңыздылығын түсіну үшін рефлексия жүргізу керек.

Қосымша тапсырма

Оқушыларға әшекейлеуге арналған материалдарды және құралдармен жұмыс істеу ерекшелігін көрсете отырып, зерттеу альбомына әшекейлеу үдерісін жазуды тапсыру.

Бағалау

Зерттеу альбомындағы нобайлар мен жазбаларды, монограмманың күрделілігін, әсемдігі мен дайындалу сапасын бағалаңыз.

Жұмысты таныстыру рәсімі

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- көрермендер алдында бұйымдарын таныстырады;
- өзінің және өзгелердің жұмысын жетілдіру мақсатында ұсыныстарын білдіреді.

Ресурстар:

дайын жұмыстар, аксессуарлар, заттаңба жасауға арналған материалдар.

Тірек сөздер: таныстыру рәсімі, дефиле, афиша.

Оқулық: Жұмысты таныстыру рәсімі, 60-61 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материал

Таныстыру рәсімі (лат. тілінде *praesento* – *көрсету*) – тыңдарманға бұйым туралы толымды ақпарат беру. Осы ретте ақпараттарды көрсетудің әртүрлі формалары – мәтін, мультимедиялық технология, суреттер және т.б. пайдаланылады. Сәнгерлер өз шеберліктерін ортаға салып, болашақ сәннің дамуы бағытын көрсетеді. Сән көрсетілімінде топ-модель деп аталатын танымал модельдер өнер көрсетеді. **Дефиле** – жарнамалаудың маңызды құралының бірі, тауардың таныстырылымы, модель жинағының жұртшылыққа ұсынылуы, ерекше жүру мәнері мен денесін бір қалыпта ұстай отырып, сәнді жаңа киім үлгілерін көрсетуі.

Дефилеге қатысу үшін денені дұрыс ұстап жаттығу қажет. Жаттығуды еңсені тік ұстаудан бастаған жөн. Бойды тік ұстап, басты жоғары, иекті сәл алға ұмсындыру керек, иықты шалқайтыңқырап, ішті тарта ұстаған жөн. Денені қалыптастыру үшін қабырғаға өкшені, бөксені, жауырын мен басты тигізіп, осы қалыпта түзу сызық бойымен жүріп жаттығу қажет. Подиум соңында фотографтың суретке түсіруіне мүмкіндік беру үшін бірнеше секундқа тоқтау қажет. Денені тік ұстау және жүру мәнерін қалыптастырудың қарапайым тәсілі – басқа кітапты қойып әрі-бері жүру. Қол бос жіберіліп, шынтақ бүгілмеуі тиіс.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақта тоқсандық жұмыс бойынша таныстыру рәсіміне дайындық жасалады және дефиле жүргізіледі.

Сен қалай ойлайсың?

Оқушылар алдыңғы сабақтағы тәжірибелеріне сүйене отырып, сөмкелерінің таныстыру рәсімін қалай ұйымдастыратынын ойластырады.

Ықтимал жауаптар:

Сөмкені дүкендегідей сөреге орналастырып, дәстүрлі көрмедегідей таныстыруға болады.

Оқушыларға таныстыруды ұйымдастыру кезінде қолданылатын дефиле, таныстыру рәсімі туралы мәтінді оқуды тапсырыңыз. Дефиле жайлы біліміне сүйеніп, сұхбатқа қатысуды өтініңіз. Мәтінмен танысқан соң оқушылармен дефиле туралы әңгімелесіңіз: Дефиледе ең бастысы не? Дефилені не үшін жасайды? Оған қалай дайындалу керек? Оқушылармен бірге суреттерді қа-

рап шығыңыз, фотосессия түріндегі қарапайым киім көрсетілімі мен дефилені анықтаңыз. Афиша жайлы қысқаша сұхбат ұйымдастырыңыз. Киім көрсетіліміне арналған афиша қандай болуы керек, онда нені бейнелеуге болатынын анықтаңыз. Оқушылардың пікірлерін тыңдаңыз.

Ойлан.

Оқушылар өз жұмыстарының көрермендерге әсер қалдыратындай артықшылығы мен әсерін талқылай отырып, оларды таныстыру рәсімі туралы ойланады. Көрме өтетін орынды анықтау оның ауқымын, ресурстары мен уақытын тиімді есептеуге мүмкіндік береді. Оқушылар сонымен қатар өз бұйымына арналған заттаңба үлгісін ойластырады.

Өз жұмысыңа заттаңба дайында.

Оқушылар өткен сабақтарда көрмеге дайындалу, орындау дағдысын меңгерді. Олар оның

құрылымын еске түсіре отырып, заттаңба да йындайды. Тоқыма сөмкеге арналған заттаңбаны тоқымадан жасауға болады.

Дефилеге дайындал.

Дефиле өткізу барысында алдын ала подиумда жүру мәнеріне арналған жаттығулар нұсқаулығын дайындау ұсынылады. Оқушыларға дефиле, сән көрсетілімі жайлы суреттер көрсетіңіз. Әдемі әрі әсем жүруді үйрену үшін дененің бұлшық еттерін жаттықтыру қажеттігін естеріне салыңыз. Үй жағдайында жаттығу үшін өзіңді толық бойыңмен көре алатындай айна орналастыруға болатын ұзын дәліздің болғаны дұрыс.

Оқушылар өз бұйымының көрсетілімі үшін дефилеге арналған киім дайындаулары, үйлесімді музыка таңдаулары қажет.

Сыныптастарыңмен талқыла.

Оқушылар бұйымды таныстыру рәсімін ұйымдастыру тәсілін топпен талқылайды. Үйлесімді киімдерді, сонымен бірге аксессуарлар (мысалы, сөмке фактурасы мен түсіне қарай бижутерия) таңдайды. Дефилені музыкамен жүріп көрсету ұсынылады. Оқушылар подиумға кезекпен шығады, жетекшіні, музыкаға жауапты адамды т.б. тағайындайды.

Орындап көр.

Бұйымды таныстыру рәсімін жүргізу керек. Көрермен ретінде ата-аналарды, басқа сыныптың оқушыларын, мұғалімдерді шақыруға болады.

Өз жұмысың туралы әңгімеле.

Оқушылармен сөмкені таныстыру рәсімінің нәтижесі бойынша рефлексия жүргізу ұсынылады. Өз жетістіктері мен жинақтаған тәжірибесі алдағы жұмысқа ынталандырады.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Оқушылармен бірге тарау барысында өткен тақырыптарға шолу жасаңыз, әр тақырыптың ерекшелігіне тоқталыңыз. Оқушылар зерттеу альбомдарын қолдана алады.

Қосымша тапсырма

Оқушыларға киім дизайны, сән әлеміндегі жаңалықтар туралы көбірек білуді, танымал бренд киімдерді зерттеуді тапсырыңыз. Зерттеу альбомына негізгі ақпараттарды жазып алсын.

Бағалау

Бағалау үшін тоқсан бойындағы ұсынылған идеяларды, жұмыс үдерісін және нәтижелерін жазып алу керек. Бағалау барысында зерттеу альбомының мазмұнына, бұйымның эстетикалық, қолданыстық тиімділігіне, күрделілігіне және әсемдігіне назар аударыңыз.

Дизайн және технология. Қорытынды

Оқушылар киімді трансформациялау тәсілдерін үйренді, керексіз киімді қайта тігу бойынша өз нұсқаларын ұсынды. Фурушики-сөмкелер, тоқыма бижутерия жасай отырып, материалдармен және оларды өңдеу техникасымен тәжірибе жасады. Пішім жасауды, сөмкенің бөлшектерін пішуді, бөлшектерін өңдеуді және оларды тұтас бұйымға біріктіруді үйренді. Оқушылар тігін мәшинесінде технологиялық іс-әрекеттерді орындай отырып, өз жұмыстарында жіберген кемшіліктерді жөндеуді үйренді. Ылғалды жылумен өңдеуге арналған әртүрлі құралдарды қолданды. Бұйымды заманауи әрлеу материалдарымен әсемдеу барысында ұлттық мәдениет элементтерін пайдаланды. Оқушылар жасаған жұмыстарын көпшілікке таныстырды, өз пікірлерін дәлелдеді. Жұмыс нәтижелерін салыстырып, қорытынды жасады, жұмыс сапасын жақсарту мақсатында ұсыныстар білдірді.

Орындалған жұмыстарды талдай отырып, мына сұрақтарға жауап беріңіз:

- Сіз әрбір оқушыны қызықтыра алдыңыз ба?
- Оқытуда қай әдіс ең қолайлы болды?
- Жұмыс орны тиімді және ыңғайлы ұйымдастырылды ма?
- Сіз жаңадан нені білдіңіз?

Төмендегі кестеге алдағы уақытта жетілдіретін, есте қалған жайттарды, сабақ ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Сабақ/тақырып	Қандай қиындық туындады?	Қалай шешуге/жақсартуға болады?	Ескертулер

Оқушылар бұл тарауды оқу барысында меңгерген білімін, дағдылары мен тәжірибелерін оқушылар алдағы уақытта дамытып, жеке шығармашылығында қолдануларына болады.

Тамақтану мәдениеті және үй мәдениеті

Оқушылар бұл тарауда күнделікті өмірдегі *тамақтану мәдениетімен* және *үй мәдениетімен* жақынырақ танысады.

Оқушылар *тамақтану мәдениеті* бөлімінде қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін оқып-біледі, халықтың өмір салтының ұлттық тағамдармен байланысын түсінеді, Наурызкөже жасауды үйреніп, оның құрамымен танысады. Әлем халықтарының ұлттық тағамдарының ерекшеліктеріне назар аударады.

Әлем халықтарының ас мәзіріндегі нан өнімдері мен тәтті тағамдарын даярлау әдістерін үйреніп, әзірлеп көреді. Оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін асүй жабдықтары, тәжірибелік жұмысты орындау үшін тағамдарға қосатын заттар қажет.

Оқушылар *үй мәдениеті* бөлімінде тұрмыстық техника түрлерімен таныстырып, олардың техникалық сипаттамаларын зерттейді, оларды пайдалану ережелерін, ғылыми прогрестің техника дамуына әсерін оқып, біледі. Өсімдіктерді әшекей, киім немесе интерьер элементі ретінде пайдалану жолдарын қарастырады. Интерьерге арналған тірі немесе жасанды гүлдерден бутоньерлер мен композициялар жасауды үйренеді, гүлдерді глицеринде консервациялайды.

Оқушылар осы тарауды оқу барысында тарих, математика және биология пәндерінен алған білімдерін пайдаланады. Қазақ халқының ұлттық мәдениетін оқып-үйрену кезінде тілдік мақсаттар жүзеге асырылады. Оқушылар тағамдарды әзірлеуде және оларды безендіруде, өсімдіктер және гүлдер композицияларын жасау әрі сәндеу кезінде дизайнерлік дағдыларын дамытады. Идеяларды талқылау және бағалау кезінде қатысымдық дағдыларын жетілдіреді.

Шығармашылық табыс тілейміз!

Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- ұлттық тағамдарды әзірлеу технологиясын оқып-үйренеді және іс-жүзінде қолданады.

Ресурстар:

қазақтың ұлттық тағамдары жайлы көрнекі материалдар, зерттеу жұмысына арналған альбомдар.

Тірек сөздер: ет, құрт, қымыз, жал-жая, жент.

Оқулық: Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері, 64-65 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материал

Қазақ халқының дәстүрлі тағамдары негізінен ет пен сүттен құралды. Көшпелі тұрмыс салтын ұстанған қазақ халқы жылқы еті мен қой еті, биенің қымызын, түйенің шұбатын, қой мен сиырдың сүтін және сүттен жасалған алуан түрлі тағамдарды (ірімшік, құрт) жыл он екі ай азық етті. XV ғ. қазақ жерінде егіншілік дами бастады да, ас мәзірі құрамында бидай, тары, қарабидай, арпа, сұлыдан жасалған тағамдар пайда болды. Қазақтың дәстүрлі тағамдарын шартты түрде ет, сүт, және ұн тағамдары деп бөлуге болады.

Маусымдық көші-қон кезінде азық-түлікті ұзақ уақыт бұзбай сақтау қажет болды, ал тағамдар дәмді әрі сіңімді болуы тиіс еді. Осылайша жылқы еті мен қой етінің сүрленген, тұздалып ысталған және ысталып пісірілген түрлері пайда болды. Сондай-ақ көші-қон кезінде алып жүруге ыңғайлы түрлі сүт өнімдері де кеңінен таралды. Торсықтағы қымыз бен дорбадағы құрт пен ірімшік кез келген сәтте ішіп-жеуге қолайлы болды.

Жентті үйде әзірлеудің қарапайым рецепті:

- қарапайым үгілмелі печеньеге (100 г) қант (қалауынша) қосып, ұнтақтайды;
- оған талқан (0,5 кг) және қалауынша мейіз қосады;
- еріген майға (1 қорап) бал (2 ас қасық) және тосап (1 ас қ.) қосады;
- барлық қоспаны бір ыдысқа құйып, біркелкі болғанша араластырады;
- белгілі бір пішінге келтіріп, тоңазытқышқа қояды.

Күнделікті азық қатарында жиі қолданылатын айранды алғаш рет көшпелі халықтар ойлап тапқан деседі. Себебі алыс сапарға шыққанда тамақпен бірге сусын қажет еді. Сондықтан да айранды қою етіп ұйытқан. Үйде айран ұйыту тәсілі: қайнап, суыған 1 л сүтке 100 г ұйытқы (айран) қосып, шыны (керамика немесе фарфор) ыдысқа құяды. Содан соң бөлме температурасында кем дегенде 10 сағат ұстап, ұйығанша күтеді.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақта қазақтың дәстүрлі тағамдарының түрлерімен танысады және олардың бірін әзірлейді. Сабақ тарих пәні бойынша көшпелілердің өмір салты мен мәдениетін оқып-білуге негізделген.

Суреттерге мұқият қара.

Оқулықта қазақтың ұлттық тағамдарының, шелпектің, еттің, қымыздың суреттері берілген. Олар сүт, ұн және ет тағамдарына жатады. Оқушылар өздері бұрыннан меңгерген білімдеріне сүйене отырып, оқулықтағы сұрақтарға жауап

береді. Тапсырма қазақтың ұлттық тағамдарының түрлері жайлы ойларға жетелейді. Оқушылардан қазақтың дәстүрлі тағамдарының түрлері жайлы мәтінге ден қоюды сұраңыз. Тағам атауларын жақсы есте сақтау үшін оларды тақтаға жазып қойған жөн.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар тағам құрамына қосылатын заттардың атауларын есте сақтап, қажет болса, зерттеу альбомдарына жазып алып, сипаттайды. Олар еттен, ұннан, сүттен дайындалған қазақтың ұлттық тағамдарын атайды және өздеріне ұнайтын тағамдар жайлы әңгімелейді. Оқушылар мәтінді

оқып, қазақ ұлттық тағамдарының қатарына ұннан жасалған тағамдардың ену тарихы туралы біледі.

Тағамдарды түрлеріне қарай топтастыр.

Оқушылар оқып-үйренген материалдары мен жеке тәжірибелеріне сүйеніп, аталған тағамдарды дайындалған өнім түріне қарай топтастырады және зерттеу альбомдарына жазады.

Ықтимал жауаптар:

Сүт өнімдері: шұбат, құрт, қымыз, ірімшік, шаппа, айран, қатық. Ет өнімдері: ет, қуырдақ, қазы, сорпа. Ұннан жасалған өнімдер: шелпек, бауырсақ, таба нан, қатырма нан, жент.

Оқушылар жентті мысалға алып, оны әзірлеуді үйрену және білімдерін кеңейту үшін ұннан жасалған тағамдардың пайда болуының тарихи алғышарттарын зерттейді.

Зертте.

Оқушылардан жентті әзірлеу технологиясымен мұқият танысуды сұраңыз. Оқулықта заманауи өнімдермен дайындалатын жеңілдетілген рецептің келтірілгенін естеріне салыңыз. Әзірлеудің түпнұсқа технологиясы – еңбекті көп қажет ететін, әрі ұзақ уақыт алатын үдеріс. Оқушылар сүт тағамдарын жасауды үйренуге көшеді. Олар сүт өнімдері пайда болуының тарихи алғышарттары жайлы мәліметпен танысады және айран ұйытуды оқып, үйренеді.

Оқы, қызық!

Оқушылар көшпенді халықтардың азық-түлік сақтау ерекшеліктері жайлы оқиды. Тапсырма оқушылардың білімін кеңейтуге арналған. Оны орындату үшін алдын ала парақшалар даярлап алған дұрыс.

Қой мен жылқының сүрленген, тұздап қақталған, сүрлеп пісірілген жартылай дайын ет өнімдерінің әзірленуіне назар аударады. Сүт өнімдерін дайындау ерекшеліктерімен танысады.

Орындап көр.

Оқушылар топпен немесе жұппен бірігіп жент жасайды немесе айран ұйытады. Жұмыс үдерісіне назар аударып, бақылаңыз. Қажет болған жағдайда қолдау көрсетіңіз.

Айран келесі күні дайын болуы мүмкін, сондықтан жент әзірлеуге айранды ұйытып болған соң кіріскен жөн.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Сынып болып әзірленген тағамдардан ауыз тиіп, сабақта жасалған жұмыстың қорытындысын шығарыңыз. Бұл жолы тек женттің ғана дәмін көруге болады, айран ұйығанша бір күн өтеді.

Қосымша тапсырмалар

Қосымша тапсырма ретінде оқушылардан көшпелі халықтардың азық-түлікті сақтау тәсілдері жайлы зерттеу жүргізуін ұсыныңыз. Оқушылар түрлі дереккөздерді, интернет-ресурстарды пайдалана отырып, ата-аналар, туысқандар, көршілер арасында сауалнама жүргізіп, зерттеу альбомына көшпелілердің тағамдарды сақтауы жайлы мәліметтер жазады. Сондай-ақ келесі сабақта әзірлейтін тағамға арналған ингредиенттерді даярлау қажет.

Бағалау

Әзірленген тағамдарды дәміне, гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік ережелерінің сақталуына назар аудара отырып, талқылап, бағалаңыз.

Наурызкөже – наурыз мерекесінің басты тағамы

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- ұлттық тағамдарды әзірлеу жолдарын қарастырады және іс жүзінде қолданады.

Ресурстар:

наурызкөже мен бауырсақ пісіру туралы көрнекі материал, асүй жабдықтары мен құралдары, наурызкөже және бауырсақ пісіруге қажетті ингредиенттер.

Тірек сөздер: дастарқан, наурызкөже, бауырсақ, сумалак.

Оқулық: Наурызкөже - наурыз мерекесінің басты тағамы, 66-67 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материал

Наурыз мейрамы көктем мерекесі, табиғат жаңаратын жыл басы мерекесі, жаңа өмірдің басталуы. Наурыз сөзі парсы тіліндегі «ноу» – жаңа, «руз» – күн деген екі сөзден шыққан. Қазақтар наурызды «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Аталмыш мереке – тазалықтың, рухани жаңғырудың, кешірімділік пен мейірімнің күні. Халық наурыз мерекесін қарсы алуға арнайы дайындалады, үй ішін жинастырып, көшелер мен арықтарды тазалайды, ағаш отырғызады, кең дастарқан жайып, туған -туыс, көрші-көлемін наурызкөжеге шақырады.

Мерекенің басты тағамы – наурызкөже жеті түрлі дәмнен әзірленеді. Бұл санның да өз мәні бар, жеті – өмірдің жеті бастауын білдіретін қасиетті сан, олар: бақыт, сәттілік, даналық, денсаулық, байлық, өсу және көк тәңірінің жебеуі. Қазақ мәдениетінде бұл сан өткен күнге, халықтың дәстүрлеріне деген құрметті көрсете отырып, жарқын болашаққа ұмтылуды білдіреді. Қазақстанның өңірлік ерекшеліктері мен жергілікті жағдайларына байланысты кейбір ингредиенттер өзгеше болуы мүмкін.

Ұлттық ерекшеліктерге байланысты наурыз мерекесі түрлі елдерде түрліше тойланады.

Сумалак – наурыздың көктемгі дәмі, қыс бойы жұмсалған күшті қалпына келтіретін және сергітетін дәмді әрі пайдалы тағам. Тарихы терең сумалак тағамы парсы және түркі халықтарының наурызға жайған дастарқанында басты орын алады. Оны өнген бидайдан әзірлейді. Қазақстанның кейбір өңірлерінде, мысалы, оңтүстік облыстарда аталмыш тағам жақсы таныс.

Наурызкөжені әзірлеу тәсілі:

- 1) сүр етті пісіріп, суытады;
- 2) еттің сорпасына күріш, тары, арпа жармасы және тұз салынады;
- 3) дақылдар қайнап піскеннен кейін сорпа суытылады;
- 4) етті ұсақтап турап, суытылған сорпаға салады;
- 5) көжеге айран құйып, араластырады;
- 6) көже жылы күйінде ұсынылады;
- 7) наурызкөжемен бірге дастарқанға бауырсақ қойылады.

Бауырсақ пісіру тәсілі:

1. Ыстық суға қант пен тұзды ерітеді.
2. Жылы суға ашытқыны езіп, оған еріген сары май, жұмыртқа, тұз бен қанттың ерітіндісін қосып, барлығын араластырады.
3. Дайын қоспаға ұн сеуіп, 10 минут қамыр илейді (жабысып қалмас үшін қолға май жағып алған дұрыс). Қамыр көтерілуі үшін ыдыстың бетін жауып, 1,5 сағатқа жылы жерге қою керек.
4. Ашыған қамырды жайып, шаршылап немесе дөңгелектеп кеседі.
5. Бауырсақты ыстық майда бірқалыпты отта сарғайғанша екі бетін аударып, пісіру қажет.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақта наурызкөже мен бауырсақ пісіруді үйреніп, оларды әзірлеумен айналысады.

Суреттерде қай мереке көрінісі бейнеленген?

Оқушылар суреттерге қарап, наурыз мерекесінің ерекшеліктерін сипаттай отырып, сұрақтарға жауап береді.

Ықтимал жауаптар:

Наурыз – көктем мерекесі, жыл басы, жаңа өмірдің бастауы. Наурыз байырғы кезеңнен бері тойланып келе жатқан мереке.

Еліміздегі наурыз мерекесі күн мен түннің теңесетін күні – 22 наурызда тойланады. Бұл күні аспан денелері (шоқжұлдыздар мен жұлдыздар) бір жылғы айналымнан кейін бастапқы нүктелеріне қайтып оралады да, жаңа шеңбер бастайды.

Оқушылар наурыз мерекесі, оның маңызы мен ерекшеліктері жайлы ақпаратты оқып-біледі, сондай-ақ өз білімдерімен бөлісе алады.

Сен білесің бе?

Бұл айдарда оқушылар наурызкөже дайындаудың ерекшелігін және оның неліктен жеті түрлі дәмнен әзірленетінін біледі.

Оқы, қызық!

Оқушылар парсы және түркі халықтарының наурыз мерекесіндегі дәстүрлі тағамдары жайлы ақпаратты оқып-біледі. Бұл мереке тек Қазақстанда ғана емес, Орта және Таяу Шығыстағы басқа да халықтар мен этностарда тойланатын мереке екенін біліп, білімін кеңейтеді.

Назар аудар.

Оқушылардан наурызкөжені әзірлеу технологиясымен және оның құрамымен мұқият танысуын сұраңыз. Оқулықта әр аймақта және басқа жағдайларға қарай өзгертілуі мүмкін ең оңай рецепт берілгенін айтыңыз. Оқушылар бауырсақ дайындауға арналған ингредиенттермен танысады.

Анықта.

Оқушылар бауырсақ жасау әдісімен мұқият таныссын. Зерттеу альбомдарына наурызкөже мен бауырсақ дайындау рецептісін жазып алсын. Оқушылар сондай-ақ әжелері мен аналарының рецептерімен бөлісулеріне болады.

Орындап көр.

Оқушыларға оқып-үйренген әдіс-тәсілдері бойынша тамақ әзірлеу ұсынылады. Сабақта уақыттың шектеулі болуына әрі тағам әзірлеу үдерісінің ұзақтығына байланысты оның бір бөлігін сабақтан тыс уақытқа қалдырып, әрекетті бөлуіңізге болады. Мысалы, алдын ала етті және наурызкөжеге арналған жармаларды пісіріп қою немесе ашытылған қамырды алдын-ала дайындап қойып, оны сабақта пісіру.

Тәжірибелік жұмысты даярлау және орындау кезінде гигиеналық нормалардың және қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалаңыз:

1. Қолды мұқият жуу, арнайы қолғап кию.
2. Шашты орамал астына жинау және алжапқыш кию.
3. Ыдыстар таза болуы тиіс.
4. Өнімдердің мерзімі өтіп кетпеуі керек.
5. Пышақпен, ыстық тамақпен және заттармен жұмыс кезінде абай болу керек.
6. Плитамен жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Сабақта әзірленген тағамдардың дәмін татып, жасалған жұмысқа қорытынды шығарыңыз.

Оқушылардан өздері әзірлейтін және қажетті ингредиенттерді атай алатын қазақтың ұлттық тағамдарын атауды сұраңыз.

Қосымша тапсырмалар

Қосымша тапсырма ретінде оқушыларға зерттеу альбомдарына бір-бірімен бөлісе алатын басқа да дәстүрлі тағамдар рецептілерін жазып алуды ұсыныңыз.

Бағалау

Дәміне, гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік ережелерінің сақталуына назар аударып, әзірленген тағамдарды талқылап, бағалаңыз.

Әлем халықтарының тағамдары

Оқушылар сабақ соңында:

- зерттеу дағдылары мен шығармашылық идеяларды дамыту үшін түрлі ақпарат көздерін пайдаланады;
- түрлі халықтар мен әлемдегі танымал асхана тағамдарының ерекшеліктерін сипаттайды және салыстырады.

Ресурстар:

әлем халықтарының дәстүрлі тағамдарының сан алуандығы жайлы бейнематериал, зерттеу альбомдары, лаваштан жасалатын рулетке және хачапуриге қажетті ингредиенттер.

Тірек сөздер: ұлттық тағам, суши, лаваш, кебаб, хачапури.

Оқулық: Әлем халықтарының тағамдары, 68-69 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Әрбір халықтың дәстүрлі тағамдары оның ұлт ретінде қалыптасу ерекшелігін, өзіндік сипатын, тарихи жүріп өткен жолын көрсетеді, тағамдардың рецептілері ұқыпты сақталады және ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Әрбір ұлттық тағам, адам ағзасын қоректендіретін заттармен барынша қамтамасыз ету, қоршаған ортадағы климаттық жағдайларға бейімдеуге әсер ету үшін көптеген ғасырлар бойы қалыптасты.

Жапондардың дәстүрлі тағамдары микроэлементтер мен дәрумендерге бай, негізгі құрамы-балық, теңіз өнімдері және көк шай. *Қытай тағамдарында* көгөністер мен жемістер, бұршақ тұқымдастар мен тұтас дақылдардан жасалған тағамдар жиі қолданылады, дәмдеуіштер ретінде зімбір, сарымсақ, түрлі шөптер мен тамырлар жиі пайдаланылады. *Француз тағамдары* жоғары калориялы тағамдармен молыққан (ет, ірімшіктер, тұздықтар, шоколад). *Италиялық тағамдардың* ерекшеліктері - зәйтүн майы және оның құрамындағы дәрумендер, тамыр мен жүрекке пайдалы микроэлементтер, дәмдеуіштердің мол құрамы.

Лаваш - ашытылмаған, жұқа жайылған ақ нан, Орта Азия мен Таяу Шығыста кең тараған нан түрі. Қазақтарда дәл осындай нан «жұқа нан» деп аталады. Армян халқының лавашы әлемге кең таралып, көптеген тағамдарға қоса әзірленетін таптырмас азыққа айналған.

Лаваштан рулет жасау технологиясы. Үш түрлі салма дайындау керек: 1) ұсақталған сарымсақ және үгілген қатты ірімшікті қаймақпен араластыру; 2) үгілген сәбізді қаймақпен араластыру; 3) ұсақтап туралған жұмыртқаны тұздап, қаймақпен араластыру. Үстел үстіне лаваштың біреуін қойып, оған бірінші қоспаны біркелкі қабатпен жаю керек, үстінен екінші лавашты жайып, екінші қоспаны дәл солай біркелкі жайып шығады. Әрі қарай осылайша жалғаса береді. Шетінен бастап, суретте көрсетілгендей, қабатталған лавашты ұқыппен орау керек. Рулет етіп турап, ыдысқа салып, безендіруге қолда бар ингредиенттерді пайдаланған жөн.

Грузин тағамы **хачапуриді** әзірлеу технологиясы: ұн, тұз, қант, ас содасы мен қантсыз йогуртты араластырып, жұмсақ етіп қамыр илеп, жылы жерге қою қажет. Үгітілген сулугуни ірімшігі мен брынзаны сүзбемен араластырып, татымына қарай тұз бен бұрыш қосады, олардан төрт дөңгелек жайып, қойып қояды. Қамырды шұжық секілді бірдей сегіз бөлікке бөліп, әр бөлігін жұқалап жаяды. Әр жұқа қамырға ірімшікті дөңгелектерді салып, екінші жұқа қамырмен жабады да үстінен оқтаумен жаяды. Содан соң күлшенің екі жағын қыздырылған өсімдік майында бірнеше минуттан қуырады.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақта әртүрлі халықтардың ұлттық тағамдарымен танысып, оларды өзара салыстыра отырып, өзіндік ерекшеліктерін анықтайды, тағамдар әзірлеумен айналысады.

Саған бұл тағамдар таныс па?

Оқушылар меңгерген білімдеріне сүйене отырып, оқулықтағы сұрақтарға жауап береді.

Тапсырма әлем халықтарының алуан түрлі ұлттық тағамдары жайлы оқушылардың білімін арттырады.

Ықтимал жауаптар:

Суреттерде сәбізден жасалған корей салаты, италиялық паста, жапондық суши бейнеленген. Ұлттық тағамдардың қалыптасуына өмір салты (көшпелілерді мысалға алсақ), табиғи ресурстар (жапондар үшін теңіз өнімдері) және т.б. әсер етуі мүмкін.

Оқушылар әлем халықтарының дәстүрлі тағамдарының ерекшеліктері, дәстүр құндылықтары жайлы мәтінді оқиды және салт-дәстүрді сақтаудың маңызын сезінеді.

Ойлан.

Тапсырманы орындай отырып, оқушылар әлем халықтарының дәстүрлі тағамдары жайлы білімдерін мен түсініктерін кеңейтеді. Олар мәтіннен белгілі бір ассоциацияны айқындайды: Жапония – күріш, суши; Үндістан – шай, карри; Түркия – кебаб, пахлава т.б.

Оқы, қызық!

Бұл айдарда лаваштан рулет әзірлеу тәсілі сипатталған. Оқушылардан алдағы уақытта осы тағамды әзірлеу үшін оны мұқият оқуды және есте сақтауды сұраңыз.

Сен білесің бе?

Бұл айдарда грузин халқының ұлттық тағамы хачапуриды әзірлеу технологиясы туралы ақпарат берілген.

Орындап көр.

Оқушылар лаваштан рулет немесе хачапури әзірлейді. Топтаса немесе жұптаса отырып жұмыс істейді, жұмыс орнын және әрқайсысының атқарар міндеттерін тиімді бөледі. Оларға қажет кезде қолдау көрсетіп, жұмыстарын бақылаңыз. Топтар түрлі салма салынған тағамдар әзірлесін. Оқушылар тағамға салынатын ингредиенттермен тәжірибе жасап көрсін, ол үшін түрлі ақпарат көздерін пайдалансын. Олардың асүй жабдықтарымен жұмыс істеуде қауіпсіздік ережелерін, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауын қадағалаңыз.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылардың жұмысын бақылаңыз, қажеттілігіне қарай қолдау көрсетіңіз. Олардың пікірлерін тыңдай отырып, ойларын түсіндіруді немесе негіздеуді сұраңыз. Оқушылардың барлық жауаптарын қабылдаңыз. Оқушылардың жауабынан сізге жұмыстың бұл түрін ұйымдастыру шартын жетілдіру немесе қайта қарастыру, тәсілін өзгерту немесе оқушыларға сіздің қандай қолдауыңыз бен көмегіңіз қажет екенін түсінесіз.

Қосымша тапсырмалар

Танымал мейрамханалар мен ұлттық тағам әзірлеумен айналысатын аспаздарының өмірбаян дарын, олардың табысқа жету құпиялары мен өзіндік ерекшеліктерін зерттеу. Келесі сабақта жасалатын тағам ингредиенттерін даярлау.

Бағалау

Бағалаған кезде зерттеу альбомындағы жазбаларды, тағамның дәмін және тағам ұсыну ерекшелігін, жұмысты дұрыс ұйымдастыруын ескере отырып, әзір тағамдарды талқылаңыздар.

Әлем халықтарының дәстүрлі тәтті тағамдары

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- зерттеу дағдылары мен шығармашылық идеяларды дамыту үшін түрлі ақпарат көздерін пайдаланады;
- түрлі халықтар мен әлемге танымал асхана тағамдарының ерекшеліктерін сипаттайды және салыстырады.

Ресурстар:

әлем халықтарының дәстүрлі тәтті тағамдары жайлы көрнекі материалдар, зерттеу альбомдары, «картоп» тәтті наны мен ыстық шоколадқа арналған ингредиенттер.

Тірек сөздер: рахат-лукум, чурчхела, чизкейк.

Оқулық: Әлем халықтарының дәстүрлі тәтті тағамдары, 70-71 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Тәтті тағамдар немесе десерт – кез келген ас мәзірінің құрамдас бөлігі. Тамақтан кейін тәтті жеңсік астар ұсынылады (жеміс-жидек емес). Тамақта тазартылған көмірсулер көп болған жағдайда ағзада май түзіліп, қант асқазан сөлінің бөлінуін тоқтатады, сондықтан да бұл топтағы тағамдар негізгі тамақ бола алмайды, тоқбасар (десерт) ретінде беріледі. Десерт тағамдар қатарына мыналар жатады:

- кондитерлік өнімдер – торт, печенье, вафли, кекс, бәліш;
- кәмпит, кілегей;
- балмұздақ және одан жасалған десерттер;
- тәтті жеміс-жидек қоспалары;
- тәтті сүт, шоколад және жеміс-жидек мусы, кремдер, желе, конфитюр;
- жеміс-жидек еzbесі.

Десерт ретінде сондай-ақ сусындар да ұсынылады. Мысалы, ыстық сусындар (шай, какао, кофе, балмұздақпен бірге берілетін кофе); алкогольсіз сусындар (шырындар, газдалған сулар, компоттар, кисельдер).

Десерттер ұсынылатын температурасына қарай ыстық және суық десерттер болып бөлінеді. Ыстық тәтті тағамдарға ұн, жарма, қант қосылады. Сонымен қатар жұмыртқа, сүт, май, жеміс-жидек, жаңғақ, түрлі дәмдеуіш және хош иісті қоспалар қолданылады. Тәтті суық тағамдарға, әдетте қант, жеміс-жидектер мен олардан жасалған өнімдер, жұмыртқа, сүт, кілегей, кейбір жармалар қолданылады.

Десерттер арнайы тәрелкелермен, десерт қасықпен береді (ас қасық пен шай қасық арасындағы қасық) ұсынылады. Десерт үстеліне де десерт пышақ және десерт шанышқы қойылады.

Ыстық шоколад әзірлеу технологиясы. 200 г қара шоколадты сындырып, сүт құйылған (50 мл) кастрөлде ерітеді. Оны 50°C-қа дейін қыздырып, шоколадты аздап салу керек. Шоколад ерігенше араластыру керек. Керамика шыныаяққа құйып, бір стақан суық сумен қоса беріледі. «Картоп» тәтті нанын әзірлеу. Печеньені үгітіп, жеке ыдыста сары майды ерітіп, қою сүтпен араластырады да, үстіне какао қосып, тағы араластырады. Дайындалған қоспаға үгілген печеньені қосып, араластыру керек. Дөңгелек немесе кішкене сопақша дөңгелектер жасайды. Тәтті нанды ыдысқа салып, жаңғақ немесе креммен әшекейлейді.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақта дәстүрлі тәтті тағамдарды, олардың ерекшеліктері мен әзірлеу технологиясын оқып-біледі, тағамдар әзірлеумен айналысады.

Суреттерге мұқият қара.

Оқушылар суреттерге мұқият қарай отырып, бейнеленген тағамдардың шығу тегін түсінеді, сұрақтарға жауап береді. Тоқбасар тағамдармен жақынырақ танысады.

Ықтимал жауаптар:

Мұнда әлем халықтарының тәтті тағамдары бейнеленген: чурчела (грузин тағамы), чизкейк (америкалық тағам), рахат-лукум (түрік тағамы), піскен алма (орыс тағамы). Оқушылар десерт туралы, оның мақсаты мен басқа тағамдардан ерекшелігі жөнінде айтылған мәтінді оқиды.

Сен білесің бе?

Оқушылар берілген десерттің ағзаға әсері жайлы берілген мәтіннен біледі. Олар сонымен қатар десертті негізгі тағамнан кейін берілу себебі мен ерекшеліктерін түсінеді. Бұл білімдерін сабақ соңында дайын тағамды беру кезінде қолданады.

Назар аудар.

Оқушылар дастарқанға ұсыну температурасы бойынша ажыратылатын десерттің жікте-месімен танысады. Материалды есте сақтау үшін осы белгілер бойынша суреттерде бейнеленген тағамдарды анықтасын.

Анықта.

Оқушылар зерттеу альбомына, ыстық шоколад әзірлеу технологиясын жаза отырып, оны әзірлеуге дайындалады.

Үйрен.

Оқушылар оқулықта ұсынылған суреттер бойынша қажет ингредиенттерді есте сақтай отырып, «Картоп» тәтті нанын әзірлеп үйренеді. Оқушылар тәтті нанды әзірлеу үшін қандай ингредиенттер қажет болатынын біліп, оны зерттеу альбомына жазып алады.

Қандай ережелерді сақтау қажет?

Оқушылардың жұмысты даярлау кезінде және барысында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар мен санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтағанына көз жеткізіңіз. Оқушыларға альбомдарына қауіпсіздік ережелерін жазып алуды тапсырыңыз.

Орындап көр

Оқушылар топтасып немесе жұптасып жұмыс жасау арқылы үйренген технологиялары бойынша тәтті нан және ыстық шоколад әзірлейді. Қажет болса қолдау көрсетіп, іс барысын бақылаңыз.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Оқушылар бұдан әрі өз мүмкіндіктерін бағалай отырып, оқып-білген материалдарын есте сақтайды.

Қосымша тапсырмалар

Оқулықта бейнеленген тағамдарды (чурчела, чизкейк, рахат-лукум, пісірілген алма) әзірлеу технологиясын зерттеу альбомында сипаттай отырып, олар жайлы зерттеу жүргізеді.

Бағалау

Сынып болып әзірлеген тағамдардың дәмін татып, оларды талқылап, жүргізілген жұмысқа қорытынды жасаңыздар. Тағамның дәміне және безендірілуіне, дайындау технологиясының сақталуына, ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне назар аударыңыз.

Ұннан дайындалатын ұлттық тағамдар

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- әлем халықтарының тағамдарын әзірлеу технологиясын үйренеді және қолданады;
- өз беттерінше тағамдарды әзірлеуге арналған азық-түлікті, құралдарды және жабдықтарды таңдайды;

Ресурстар:

түрлі халықтардың ұннан дайындалатын ұлттық тағамдары жайлы көрнекі материалдар, зерттеу альбомдары, пицца немесе құймаққа қажет ингредиенттер.

Тірек сөздер: ұлттық ұн тағамдары, пицца, багет, құймақ.

Оқулық: Ұннан дайындалатын ұлттық тағамдар, 72-73 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Тағамдар арасында ұннан дайындалатын ұлттық тағамдар ерекше орын алады. Ашыған, ашымаған қамырдан әзірленген тағамдар дәмі алуан түрлі болады. Ұннан жасалатын тағамдар жоғары калориялы болып келеді, бұл ағзаның күш-қуатын қалпына келтіру үшін қажет.

Пицца – бетіне томат және еріген ірімшік себіліп, шелпек тәрізді пісірілетін италиялық ұлттық тағам. Классикалық италиялық пицца өте жоғары температурада бірнеше минутта пісіріледі. Бұл кезде қамыр жақсы пісіп, салымы нәрлі әрі жұмсақ күйінде қалады. Кейбір деректерге сүйенсек, гректер, бұрынғы кезде көгөніс салынған шелпек нанды әзірлеген, бұл тағам *плакунтос* деп аталған. Олар шикі жұқа шелпектерге түрлі дәмдеуіштер салып пісірген. Грек плаконтусына қарағанда италиялық пицца ірімшік салмасымен ерекшеленеді. Пицца қарапайым халықтың жеңсік асы болған. 1905 жылы италиялық эмигранттар Америкада алғашқы пиццерияны ашады да, онда моцарела, пармезан, пекорино, горгонзола ірімшіктері салынған пицца түрлері кеңінен танымал болады. Содан бері ингредиенттердің жетімділігі мен әзірлеудің қарапайымдылығы арқасында пицца әлемге кең таралған.

Пиццаны әзірлеу рецептісі. Алдымен қамыр әзірлейміз: 1) тұз, жұмыртқа мен қантты араластырғышпен жақсылап араластыру; 2) жұмсартылған майға жұмыртқа қосып араластыру; 3) дайындалған қоспаға айран, ұн қосып, жұмсақ қамыр илеп, 5 минутқа қойып қою. Қамыр жайып немесе созып, пісіруге арналған қалыпқа салу. Жіңішкелеп туралған қызанақты бетіне салу, үстіне үгітілген ірімшік себу, тұз қосу. Пиццаны духовкада немесе плитада, жиегі биік табада 200°C температурада 10 минуттай пісіреді.

Құймақ – шығыс славяндардың дәстүрлі тағамы. *Құймақты әзірлеу технологиясы:* жұмыртқаны тостағанға салып, қант пен тұз қосып араластырады. Ерітіндіге жылы сүт қосып, тағы да араластырады. Сосын елекпен ұнды елеп салу керек. Дайын құрамның консистенциясы сұйық қаймаққа ұқсас болуы тиіс, оған өсімдік майын қосып, араластырады. Табаны отқа қойып қыздырып, табанын өсімдік майымен майлау керек. Құймақты орташа отта тұрған табаққа ожаумен құйып, қалақшамен жайып, кезекпе-кезек аударып пісіреді.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақта әлем халықтарының дәстүрлі ұн тағамдарын әзірлеу технологиясын үйреніп, қолданады.

Суреттерге мұқият қара.

Оқушылар суреттерге қарап, тағамдардың шығу тегіне, оларды әзірлеу технологиясына қатысты болжамдар жасайды.

Ықтимал жауаптар:

Фотосуреттерде багет (француз тағамы), пицца (италиялық тағам), құймақ (орыс тағамы) бейнеленген.

Оқушылар пиццаның құрамы және оны әзірлеу тәсілі туралы мәтінді оқиды. Осы тақырыпта әңгіме өткізіңіз, кейбір оқушылар ингредиенттер мен пісіру ерекшеліктері жайлы жеке тәжірибесімен бөлісуі мүмкін.

Оқы, қызық!

Пицца әзірлеудің ерекшеліктері жайлы ақпарат оқушылардың білімін кеңейту мақсатында берілген. Пицца дайындау барысын түсінуге көмектеседі.

Үйрен.

Оқушылар кейін тәжірибелік жұмыстарында қолдану үшін суреттерге қарай отырып, және ұсынылған рецепт бойынша пицца әзірлеу тәсілін мұқият оқысын.

Анықта.

Оқушылар құймақ әзірлеу тәсілін үйренеді, қажет ингредиенттер мен құралдарды тәжірибелік жұмысқа даярлау үшін жазып алады.

Орындап көр.

Оқушылар сабақта меңгерген білімдері мен дағдыларын пайдаланып, тағам әзірлейді. Жұппен немесе топпен жұмыс істейді. Пиццаға түрлі ингредиенттерді пайдалануды ұсыныңыз, бұл жерде оқушылар азық-түлік құрамын өз беттерінше белгілейді. Оқушылар құймақ пісіруде қиналса, өзіңіз істеп көрсетіңіз. Әрбір оқушы өз бетінше құймақ пісіріп көрсін.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Оқушылар ұннан тағам дайындау барысында кездескен сәтті тұстар мен қиындықтарды сипаттап, алған тәжірибесімен бөліседі, өз идеяларын ортаға салады.

Қауіпсіздік ережелері

Жұмыс барысын бақылаңыз, оқушылардың санитарлық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздік техникасын сақтағанына көз жеткізіңіз.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар оқу материалын есте қалдыру үшін ересектердің рұқсатымен және қадағалауымен пицца пісіріп көрсін. Тәжірибе нәтижелерін зерттеу альбомына жазсын.

Бағалау

Бүкіл сынып болып немесе топтасып әзірленген тағамдардың дәмі мен безендірілуіне, гигиеналық талаптар мен жұмыс қауіпсіздігі ережелерін сақтауына назар аударыңыз.

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- тұрмыстық техниканы пайдалана отырып, олардың эстетикалық және экономикалық сапаларын бағалайды, оларды қолданылуы мен жұмыс принципі бойынша жіктейді;
- тұрмыстық техниканы пайдалану және күтіп-сақтау ережелерін біледі және сипаттайды;
- заманауи технологиялық мәшинелерде қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін үйренеді және түсіндіреді.

Ресурстар:

тұрмыстық техника түрлері мен олардың жіктелуі және «ақылды үй» жайлы көрнекі материал, зерттеу альбомдары.

Тірек сөздер: тұрмыстық техника, энергиялық тиімділік, ақылды тұрмыстық техника.

Оқулық: Тұрмыстық техника әлемі, 74-75 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Тұрмыстық техникаға үйдегі жұмыстарды орындауға арналған құрылғылар, механикалық және электр аспаптар, тұрмыстық электр құралдары жатады. Тұрмыстық техниканы таңдауда түрлі өлшемдер, яғни тауардың қызметі, құрастыру сапасы, материалдары мен бөлшектерінің сапасы, өндіруші, бағасы, эстетикасы т.б. ескеріледі. Соның бірі - қуат үнемділігі. Қуат үнемділігі жұмсалатын электр қуатының мөлшеріне қарай А, В, С, D, E, F, G болып жеті санатқа бөлінеді. Үнемділігі жоғарылаған сайын аспаптың да бағасы да қымбаттай береді. Тұтынушылардың экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, үнемді техниканы таңдауы өндірушінің қоршаған ортаға зиян келтіретін техниканы шығарудан бас тартуына алып келеді.

Тұрмыстық техниканың қарқынды дамып келе жатқанын қарапайым үтіктен де көруге болады. Ежелде үтіктің қызметін жалпақ тас атқарған, оған ылғал киімді жайып салып, үстіне ауыр және барынша жалпақ тағы бір тасты қоятын болған. Кейін киім үтіктеудің басқа түрі ойлап табылады: киім білікке немесе оқтауға оралып, көлденең дөңгелектелген тісшелері бар ағаш тілімшемен жайылатын болды. Бұл іс жылусыз, қолмен орындалған, сондықтан да айтарлықтай дене күші қажет болған. Сөйтіп, алғашқы шойын немесе темір үтік те пайда болды. Үтік ішіне ыстық көмір салынды. Электр қуаты пайда болған соң, электр үтіктер ойлап шығарылды. Электр үтіктердің ең алғашқы үлгілерінде температура реттегіші болған жоқ. Қазіргі үтіктердің табан температурасы да реттеледі. Киім булағышта су қайнағанша қыздырылып, бу тесіктен шығарылады. Бу материал талшықтарын қыздырып, тегістейді. Үтіктеу мәшинесі киімді үлкен айналмалы дестемен және бумен үтіктеуге арналған аспап. Булы-ауалы манекенде жылу мен ылғал өңделетін киім бетіне бір уақытта әсер етеді, сондықтан да оны өңдеуге кететін уақыт біршама қысқарады.

Техникалық прогресс техника қызметінің кеңеюіне ықпал етті. Жоғары технологиялы құрал-жабдықтар адамның тұрмыс-тіршілігінде жайлылық орнатып, күнделікті жұмыстың өнімділігін арттырды. Қазіргі уақытта тұрғын үй құрылғыларының автоматтандырылғанын білдіретін «ақылды үй» термині пайда болды. Мұндай үйде аспаптар мен құрылғылар адам қатысуынсыз-ақ іске қосыла береді немесе адам оларды интернет арқылы басқара алады. Мысалы, жарықты, жылу жүйесін автоматты түрде қосып, сөндіруге болады.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сабақта тұрмыстық техника түрлерімен, олардың жіктелуі мен мақсатын, дамуы мен пайдалану ережелерін оқып-үйренеді.

Суреттерге мұқият қара.

Суреттерде көгөністер мен жемістерге арналған кептіргіш (дегидратор), мультиварка, нан турағыш, ыдыс жуатын мәшине бейнеленген. Оқушылар жеке тәжірибелеріне сүйеніп, олардың жұмыс принциптерін айқындайды.

Ықтимал жауаптар:

Мультиварка – автоматты немесе жартылай автоматты режимде тағам әзірлеуге арналған көп функционалды асүй электр аспабы. Нан турағыш нан өнімдерін біркелкі әрі жылдам турайды. Ыдыс жуғыш мәшине ыдыс жуады. Оқушылар үйдегі тұрмыстық техниканың қолданылуы мен оның жіктелуі жайлы мәтінді оқиды. Бұл мәлімет тұрмыстық техника жайлы тереңірек білуге мүмкіндік береді.

Үйрен.

Оқушылар үтіктің дамуына ықпал еткен факторлар жайлы ойлана отырып, киім үтіктеуге арналған техника суреттерін зерделейді. Суреттерде рубель, көмір үтік, электр үтік, киім булағыш, булы-ауалы манекен бейнеленген. Оқушылардан мультиварка, оның қолданылуы мен асүйдегі мүмкіндіктері жайлы мәтінді оқуын сұраңыз. Содан кейін оның көмегімен үйде қандай тағамдардың әзірленетінін, бұл техниканың артықшылықтары туралы сұраңыз.

Анықта.

Оқушылар тұрмыстық техниканың қуат үнемділігі жайлы мәтінді оқиды. Үйге арналған тұрмыстық техниканы таңдауда басшылыққа алынар талаптарды анықтайды. Одан кейін, үйдегі тұрмыстық техниканың өлшемдерін талдап көріңіздер.

Оқы, қызық!

Оқушылардан техникалық прогрестің тұрмыстық техниканың дамуына тигізген ықпалы жайлы ақпаратты мұқият зерделеуін сұраңыз. Тапсырма қазіргі өмірдегі техникалық прогресс қарқыны, күнделікті тіршіліктегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін түсіну үшін ұсынылған.

Орындап көр.

Оқушылар жеке немесе жұптасып отбасындағы тұрмыстық техника түрлерінің маңызы жайлы ойланады. Оларды отбасында қалай пайдаланытыны жайлы қорытынды жасауға бағыттаңыз.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар тұрмыстық техниканың маңызы мен қажеттілігін сезіне отырып, оқыған материалды есте сақтайды.

Қосымша тапсырмалар

Оқушылар үйлеріндегі тұрмыстық техниканың техникалық сипаттамаларын зерттесін. Нәтижесін зерттеу альбомына жазып, ересектермен талқыласын.

Бағалау

Сабақта орындалған жұмысты талқылап, бағалаңыз. Осы ретте оқушылардың сабақтағы белсенділігі мен зерттеу альбомдарындағы жазбаларына көңіл бөліңіз.

Гүлдер - әшекей құралы

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- өсімдік түрлерінің эстетикалық белгілерін сипаттайды, оларды интерьерді сәндеу және безендіру үшін қолданады;
- жұмыста қолданылған әдістерді талқылайды және бағалайды.

Ресурстар:

гүлмен сәндеу тәсілдері жайлы көрнекі құралдар, тірі немесе жасанды гүлдер, бутоньер жасауға арналған материалдар мен құралдар.

Тірек сөздер: гүл шоғы, флористика, бутоньер.

Оқулық: Гүлдер – әшекей құралы, 76-77 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Флористика – көркем гүл шоқтарын жасайтын сәндік-қолданбалы өнер түрі. Флористикалық жұмыстарға гүл шоқтары, композициялар, панно, коллаждар, гүл шеңбері, т.б. жатады. Флористикалық жұмыстарға арналған материалдар тірі немесе жасанды болуы мүмкін.

Үстелде тұрған гүлдер мерекелік көңіл-күй сыйлайды. Гүл үйді сәнді етіп, интерьердің стилі мен ерекшелігін баса көрсетеді. Жағымды эмоция, эстетикалық сезім тудырып, көңілге қуаныш сыйлайды. Гүл шоқтары «көз тиюден», «жағымсыз күштерден» қорғау үшін де пайдаланылған.

Француз тілінен аударғанда «букет» әдемі жиналған **гүл шоғы** деген мағынаны білдіреді. Букет жасаудың негізгі техникасы – байлау. Гүл шоқтары үйлену тойына, мерейтойға, мерекеге арналған гүл шоқтары болып бөлінеді. **Бутоньерлер** – кішкене гүл шоқтары, күйеу мен қалыңдықтың той киіміне тағылатын маңызды аксессуар. Сондай ақ қалпақ, киім, шаш үлгісін сәндеуде де қолданылады. Бутоньер француз тілінен аударғанда «*ілгектегі гүл*» дегенді білдіреді. Бір немесе бірнеше гүлден не гүл шоғынан жасалған шағын ғана букет ертеде ерлердің аксессуары ретінде қолданылған. Оны жүрек тұсына сол жаққа бекітетін тұмар ретінде қолданылған. Сондықтан да ерлердің классикалық пиджактары мен пальтосына бутоньерге арналған ілгек қойылады. Бутоньерге көбіне бір ғана ірі гүл немесе шыбығы ұзын басқа бір өсімдік таңдалған. Композиция ұсақ өсімдіктермен толықтырылып, негізгі гүлдің астына орналастырылады. Бутоньерді бұйымға орнату үшін оның бір жағы тегіс болады. Тірі гүлдерден бутоньер жасап, балғын қалпын сақтап тұру үшін бірнеше сағатқа суға салып қояды. Тірі гүлдің сабағын қиғаш кеседі. Кескен жерден сәлі шықпас үшін еріген балауызға немесе парафинге батырады. Бутоньер бөлшектерін жалғау үшін сым және тейп-лента – жасыл немесе ақ түсті жұқа жабысқақ таспа қолданылады. Бутоньерді шашқа арнаған түйреуішпен бекітіп, инемен тігіп қоюға да болады.

Сабаққа қатысты ескертулер

Оқушылар сәндік мақсатта гүлдердің мүмкіндіктерін оқып-біле отырып, балғын немесе жасанды гүлдерден гүл шоқтарын жасайды. Олар осы ретте биология пәніндегі гүл құрылысы жайлы білімдеріне сүйенеді.

Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар суреттерге қарай отырып, гүлдердің қандай мақсаттарда қолданылғанын айқындайды.

Ықтимал жауаптар:

Суреттерде гүлдер дастарқан безендіруде, венок жасауда, бутоньер құрастыруда және сыйлық жасауда қолданылған. Ұлттық киім киген қыздың басындағы гүлден жасалған венок, сыйға тартылатын гүл шоғы, пиджак қайырмасындағы бутоньер бейнеленген. Гүлдер өз әсемдігімен және нәзіктігімен көз қуантып, көңілге қуаныш сыйлайды. Оқушылар мәтіннен флористика және гүл шоғы туралы біледі.

Анықта.

Оқушылар болашақта тәжірибелік жұмыста қолдану үшін түс гаммасы жайлы ақпаратпен мұқият танысып, есте сақтасын. Мәтінді оқи отырып, гүл шоғындағы өсімдіктердің түс гаммасын қалай үйлестіретінін үйренеді.

Сен білесің бе?

Оқушылар айдарда берілген мәлімет арқылы флористика туралы тереңірек біледі. Оқушылар гүл шоғының алуан түрлерімен танысады. Менгерген білімдерін тәжірибелік жұмыста қолдануларына болады.

Суреттерге қара және гүл шоғының ерекшеліктерін анықта.

Оқушылар букеттерді сипаттау және салыстыру арқылы олардың түрлерін тамшы тәріздес букет, дөңгелек букет (бидермейер), еркін пішінді букет, кашпо тегіс букеті анықтайды. Тамшы тәріздес букет қарама-қарсы түстерден жасалған. Дөңгелек букет бір-біріне тығыз орналасқан ұқсас реңдегі гүлдерден жасалған. Еркін пішіндегі букетте жылы түсті гаммадағы гүлдер жиналған, жасау стилі аралас. Кашпо қарама-қарсы ашық түсті гүлдерден құрастырылады.

Оқушылар мәтіннен бутоньердің не екенін және оның не үшін қолданылатынын оқып біледі.

Үйрен.

Оқушылар сурет бойынша бутоньер дайындау технологиясын зерделейді және алдағы тәжірибелік жұмыста қолдану үшін оның жасалу реттілігін естерінде сақтайды.

Орындап көр.

Оқушылар оқылған материал негізінде тәжірибелік жұмысты орындайды. Бутоньер жасаудың тәсілдері мен реттін көрсетіңіз. Оқушыларға бутоньердің орнатылатын жерін көрсете отырып, белгілі бір оқиғаға арналған бутоньер дизайнын дайындау ұсынылады. Таңдалған гүлдер мен өсімдіктердің киімдермен бір-бірімен түс жағынан үйлесуін ойластырсын. Бутоньер жасау үшін жапырақ, шыбық, жасанды гүлді пайдаланып көрсін.

Ойлан және сұраққа жауап бер.

Оқушылар өз жұмыстарын талқылап, алған тәжірибелерін ортаға салады. Бұл алдағы жұмыстың тиімді ұйымдастырылуы үшін керек.

Қосымша тапсырмалар

Қосымша тапсырма ретінде гүлмен сәндеу тәсілдері жайлы зерттеу беріледі.

Бағалау

Орындалған жұмысты топпен немесе сыныппен бірге талқылаңыз. Жасалған гүл шоқтарының ерекшелігіне, сапасына, гүлдер үйлесіміне, композиция күрделілігіне және жұмсалған еңбекке назар аударыңыз.

Интерьердегі гүл композициясы

Оқушылар сабақ тақырыбын меңгере отырып:

- өсімдіктің эстетикалық қасиеттерін сипаттайды, бағалайды және интерьер безендіруде қолданады;
- жұмыста қолданылған тәсілдерді талқилайды және бағалайды.

Ресурстар:

өсімдіктерді қорғау тәсілдері және композиция принциптері жайлы көрнекі материал, тірі немесе жасанды гүлдер, жапырақтар мен сабақтар және басқа сәндік материалдар, композиция жасауға арналған мөлдір ыдыстар, қайшы, желім тапанша.

Тірек сөздер: икебана, флорариум, конструкция, өсімдіктерді қорғау.

Оқулық: Интерьердегі гүл композициясы, 78-79 беттер.

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Бөлме гүлдерінен, жаңа кесілген, кепкен және жасанды өсімдіктерден жасалған композициялар интерьерге сән береді және жанға жайлы көңіл күй туғызады. Бөлмеге хош иіс беріп, микроклиматты жақсартады. **Икебана** – арнайы ыдыстағы жас бұтақтар мен қиып алынған гүлдерді үйлестіріп құрастыратын дәстүрлі жапон өнері, сонымен қатар интерьерде композицияларды дұрыс орналастыру өнері. Икебана негізінде материалдың табиғи әсемдігін айқындау арқылы жасалатын қарапайым талғампаздық қағида жатыр. Композицияның заманауи түрлерінің бірі – флорариум. Ол шыныдан немесе мөлдір пластиктен жасалған ыдысқа өсімдіктер салу арқылы жасалады, сырт қарағанда аквариумға ұқсайды.

Флористикалық композиция жасау ойша елестету, жоспар құрудан басталады. Алдымен композиция орталығы мен басқа бөліктерінің үйлесімділігі айқындалады; осыдан соң жекелеген бөліктер тұтас туындыға біріктіріледі. Олардың бөлмедегі тұратын орнын, бөлменің түсін ескеру қажет. Өсімдіктер пішінінің, реңі мен биіктігінің, жапырақтар фактурасының үйлесімділігі де маңызды. Пропорция композицияның көлеміне әсер етеді, өсімдік пен ыдыс мөлшерінің қатынасын, түстер мен жапырақтар арасындағы қатынасты айқындайды. Композиция жасауда пропорцияны сақтау үшін «кесіндіні тепе-тең екіге бөлу» формуласы қолданылады. Егер тік түскен гүл шоғын 8 бөлікке бөлсек, оның 5 бөлігі гүлге, ал 3 бөлігі гүлсауытқа бөлінуі тиіс. Флористикада көбінесе 2:3, 3:5, 5:8 қатынасы қолданылады. Жаңа қырқылған өсімдіктерді консервациялау жолымен глицеринде ұзақ сақтауға болады. Глицерин – дәріханада табылатын қою тұтқыр мөлдір майлы сұйықтық. Мұндай гүлдер жылтыр әрі иілгіш болады.

Өсімдіктерді глицеринде консервациялау технологиясы. Глицериннің 1 бөлігіне екі есе артық ыстық су, оны мұқият араластырып, бөлме температурасына дейін суыту қажет. Сабағын қиғаш етіп кесіп, жапырағы көп өсімдікті дайындауға, мөлдір таза ыдыстың түбіне сәндік заттарды (ұсақ тастар, ұлу қабыршағын) салуға болады. Содан соң өсімдікті орналастырып, глицерин ерітіндісін ақырын құю керек. Композиция сәнді көрінуі үшін сабақ, қабық, тырбық ағаш, томар, тас, ұсақ тас, ұлу қабыршағы, құм, керамзит және басқа материалдарды қолдануға болады. Консервацияланған гүлдерді суға салуға болмайды, одан да құрғақ құм толтырылған гүлсауытқа салған дұрыс. Гүлдерге тікелей күн сәулесі түспеуін қадағалау керек, әйтпесе өсімдіктер кеуіп, түсі өзгеруі мүмкін. Консервацияланған гүлдерден жасалған гүл шоқтары мен композицияларды ылғалдылығы жоғары бөлмелерде сақтауға болмайды.

Сабаққа қатысты ескертулер

Сабақ барысында үй интерьерінде өсімдіктерді пайдаланудың түрлі аспектілері зерттеледі, өсімдіктерді сәндік мақсатта консервациялау технологиясы орындалады.

Суреттерге қара және сұрақтарға жауап бер.

Оқушылар суреттерді қарай отырып, өсімдіктердің интерьерде қолданылу мақсаты жайлы ойланады, ұсынылған композицияларды салыстырады, олардың ерекшеліктерін сипаттайды.

Ықтимал жауаптар:

Өсімдіктер интерьерге жайлылық пен ерекше көңіл күй сыйлау үшін қолданылады. Сонымен қатар тірі өсімдіктер ауаны оттегімен толықтырады. Фотосуреттерде құмырадағы гүлдерден жасалған ырғақты композиция, талғампаздықпен орындалған икебана, флорариум, гүлсауыттағы жаңа кесілген гүлдер композициясы бейнеленген. Оқушылар интерьерді безендірудегі өсімдіктің рөлі жайлы мәтінді оқи отырып, әңгіме барысында алған мәліметтерін ойша жүйелеп, есте сақтайды.

Сен білесің бе?

Оқушыларға икебана жайлы мәтінді зейін қойып оқуды тапсырыңыз. Берілген суреттердегі гүл композицияларының ерекшеліктеріне тоқтала отырып талқылаңыздар. Оқушылар композиция конструкциясы жайлы мағлұматты зерделейді. Олар композиция құрастырудың принциптері туралы білімдерін алдағы тәжірибелік жұмыста пайдаланады.

Оқы, қызық!

Композициядағы пропорциялар жайлы ақпарат оқушылардың математика пәнінен алған білімдерін тереңдетеді. Пропорция ұғымы түсініктірек болу үшін бұйымды дайындауда «кесіндіні тепе-тең екіге бөлу» қағидаты туралы суреттер дайындап қойыңыз.

Мұқият қарап, анықта .

Оқушылар тәжірибелік жұмыста қолдану үшін сурет үлгісіндегі композиция принциптері жайлы материалды қайталайды. Берілген суреттерді зерделей отырып, гүл композициясын құрастыруды үйренеді.

Үйрен.

Оқушылар өсімдіктерді глицеринмен консервациялау технологиясын мұқият оқып-үйреніп, есте сақтасын.

Орындап көр.

Оқушыларға түрлі композициялар нұсқаларын (мини-композициялар, бөлме гүлін сәндеу, кепкен немесе жасанды гүлдер композициясы, глицерин ерітіндісіндегі гүлдер немесе жапырақтардан жасалған композициялар) таңдауды ұсыныңыз. Оқушыларға фактурасын, түсін, пішінін таңдауды ұсыныңыз. Жұмысты жеке, жұптасып немесе топпен орындауға болады. Жұмыс барысын бақылаңыз және қажет болса, қолдау көрсетіңіз.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Сыныппен орындалған композицияларды талқылаңыз. Оқушылар өз жауаптарын дәлелдеп, қорытындылар жасайды және жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

Қосымша тапсырмалар

Өсімдіктермен безендіру өнерінің әртүрлі мақсатта қолдану ерекшеліктері туралы (мысалы, өсімдікті бейнелеу өнерінде қолдану, мерекені гүлмен безендіру, интерьерде тірі өсімдіктерді пайдалану т.б.) оқуды тапсырыңыз.

Бағалау

Өсімдік композицияларын бағалау кезінде идеяның ерекшелігіне, жұмыстың күрделілігіне, орындау сапасына, қиындықтарды шешу тәсілдеріне назар аударыңыз.

Тамақтану мәдениеті және үй мәдениеті. Қорытынды

Оқушылар «Тамақтану мәдениеті» тарауын оқи отырып, қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшелігімен танысты, ұлттық тамақтану мәдениетінің қалыптасуына өмір салтының тигізетін әсері туралы білді және әлем халықтарының ас мәзіріндегі кей тағамдарды дайындау тәсілдерін үйренді.

«Үй мәдениеті» тарауында оқушылар заманауи тұрмыстық техниканың алуан түрлерімен танысып, оларды техникалық көрсеткіштері бойынша таңдауды үйренді. Интерьер мен киімді сәндеу үшін өсімдіктерді пайдалану мүмкіндігін қарастырып, бутоньер жасады, глицеринде өсімдіктерді консервациялауды орындады.

Түрлі тағамдарды әзірлеу үшін азық-түлік, құрал-жабдық таңдауға қатысты өз бетінше шешім қабылдауды үйренді, өсімдіктерден композициялар жасау кезінде шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

Жыл бойы жинақтаған тәжірибеңізді талдай отырып, кездескен қиындықтарды атап көрсетіңіз. Алдағы уақытта олардың алдын алу үшін төмендегі кестеге жазып қойыңыз. Есте қаларлық қызықты жағдайларды да көрсетіңіз.

Сабақ тақырыбы	Қандай қиындық туындады?	Қалай шешуге/жақсартуға болады?	Ескертулер

Құрметті мұғалім!

Оқушылар оқу жылы барысында өнердің сан қырлы және алуан түрлі болып келетінін білді.

Олар сабақта түрлі жанрларда өнер туындыларын жасап, әртүрлі бұйым дизайнын дайындады. Батикпен жұмыс істеп, сөмке тігіп үйренді. Оқушылар күнделікті өмірде технологияның адамға қандай тамаша мүмкіндіктер беретінін түсінді. Оқушылар талдау және зерттеу барысында өз мүмкіндіктерін тексеріп, шығармашылық жұмыс барысында қиялдарын дамытты. Бұл – оқушылардың еңбегі ғана емес, сіздің де жетістігіңіз. Сіз оқушылардың шығармашылық қабілетінің қалай ашылғанын көрдіңіз және олардың аздаған жаңалықтарына бірге қуандыңыз.

Оқу жылы қорытындысын шығаратын кез келді, өзіңіздің жыл бойына жасаған жұмысыңызды ой елегінен өткізіп көріңіз және төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Оқыту барысында қандай жаңа жаңалықтармен таныстым?
- Сыныптың, әрбір оқушының белсенділігін арттыру үшін қандай тәсілдер қолдандым? Ол мақсатыма жеттім бе?
- Саралау үшін оқытудың _____ түрлері қолданылды.
- Маған _____ түсініксіз болды.

1-тарау. Визуалды өнер

Абстракционизм	кескіндеуде және мүсіндеуде пішінді нақты бейнелеуді ескермейтін өнер бағыты. Абстракционизмнің негізгі бір мақсаты - геометриялық пішіндерді, белгілі бір түстер үйлесімділігін пайдалана отырып, жалпы көзқарасты бейнелеу, үйлесімділікті сақтау.
Бактериография	бактериялар көмегімен салынған суреттер. Оның ерекшелігі: зертханалық жағдайда талап етілетін бейнелерді қалыптастыру үшін бактериялардың өсуін бақылау
Био-арт	тірі ағзалармен жұмыс жасалатын, ғылым мен өнер ұштастырылған сала
Детализация	шығарманың идеялық бейнесінің әсерін күшейту мақсатымен сансыз ұсақ-түйектерді егжей-тегжейлі нақтылап бейнелеу
Жарнама	белгілі бір затқа немесе бұйымға көпшілік назарын аударту үшін түрлі әдістермен барынша көрнекі жасалатын ақпараттық афиша
Инсталляция	қазіргі заманғы өнер түрі, әртүрлі элементтер тұтас етіп көрсетілетін композициялық көркемөнер туындысы
Комикс	белгілі бір әңгіме немесе хикая мазмұнын жеткізетін суреттер топтамасы
Композиция	көркем шығарманың идеясын жеткізетін бірізділік пен тұтастық
Микроағзалар	жай көзге арнайы құралсыз көрінбейтін, тым ұсақ тірі ағзалар тобының жиынтық атауы
Микрофотография	өте кіші нысанды үлкейтіп көрсететін фотосурет техникасы. Бұл әдетте микроскоптың көмегімен орындалады. Микрофотография деп, сондай-ақ, микрофототехника көмегімен алынған бейнелерді де атайды.
Микросуреттер	микроскоптардың көмегімен орындалған немесе үлкейтіліп салынған суреттер
Модерн	таза сызық, ықшамдылық, тұтастықпен ерекшеленетін XIX ғасырдың соңғы он жылдығы мен XX ғасырдың басында кеңінен таралған өнер стилі
Оп-арт	сәндік мақсаттарда оптикалық сызықтар мен құбылмалы бояу әсерлері пайдаланылатын өнердегі стиль түрі
Поп-арт	бұқаралық мәдениеттің формаларына негізделген заманауи өнер түрі
Перфоманс	заманауи өнер түрі, суретшінің немесе топтың идеясының белгілі бір орын және уақыт арқылы көрсетілуі
Тепе-теңдік	жазықтағы заттар түсі, пішіні мен саны жағынан үйлесіммен теңгерілген кеңістік
Тұтастық	композицияның барлық құрамдас бөліктерінің ортақ бір идеяға бағындырылуы

2-тарау. Сәндік-қолданбалы өнер

Батик	резерв арқылы матаны қолмен бояу техникасы
Гжель	орыс халқының ақшыл көк түсті палитралы өрнек салу өнері
Жостов өрнегі	орыс халқының көркем өрнектерінің бірі, жайпақ металл табақты өрнектеу, әшекейлеу түрі
Кергіш	кескіндеме кенебін керетін ағаш арқау
Көркем өрнек салу	бояумен және қылқаламмен белгілі бір бетті безендіру өнері, яғни көркемдік құралдармен бұйымның сыртын сәндеу. Дайындалған бұйымның материалына байланысты қолданылатын көркем бейнелеу техникасы мен құралдары
Көрме	көпшілікке ғылым, техника, мәдениет және өнер салаларының жетістіктері ұсынылатын мәдени шара
Кракле	(франц. «craquele» – <i>жарықшақтар</i>) – затқа әдейілеп жарықшақ ізін салып, көне бұйымға ұқсату
Лессировка	бояу кепкен соң ретімен бояудың мөлдір қабатын жағу
Мезен өрнегі	орыс халқының тұрмыстық заттарды безендіруде, ағаштың бетін өрнектеуде қолданылатын көркем өрнектерінің бірі
Резерв	бояудың ағып кетпеуіне жағдай жасайтын, мата бетіне көркем өрнек салуға арналған контур
Резервтік құрам	матаны қолмен бояуда қолданатын жиекке арналған құрам
Сәндік-қолданбалы өнер	(лат.«deco» – <i>сәндеймін</i>) шығармашылық іс-әрекеттің әртүрлі саласын қамтитын бейнелеу өнерінің бір түрі
Суық батик	резервті қыздырмай, суық күйінде қолданатын батиктің түрі
Таңба	мөрлеу, басу арқылы салынатын бейне
«Тамшы» тәсілі	тұзды пайдаланып, мата бетіне өрнек қалдыру, мата бояу тәсілі
Түйіндік батик немесе шибори	бүктелген жерінде күрделі сурет түсу үшін матаны түйіндеп бояу техникасы
Федоскино өрнегі	орыс халқының көркем өрнегінің бір түрі
Чантинг	батик дайындауда балауызды жағуға арналған арнайы түтікше
Штамп	мата бетіне дайындалған шаблонды басу барысында із қалдыратын суретті түсіру әдісі

3-тарау. Дизайн және технология

Аксессуарлар	киімді сәндеуге және толықтыруға арналған қосымша бұйымдар
Ақаулар	тігін мәшинесінің бұзылуы
Бижутерия	(фр. тілінен <i>bijouterie</i>) - арзан материалдардан жасалған әшекейлер
Борлау	материалға түйреуішпен бекітілген үлгіні бормен сызып, белгілеу
Дефиле	әсем және кербез жүру өнері, мінбеде жаңа киім үлгісін көрсету
Жинақ	заттардың қолданылуына, түсіне, материалына т.б. сипаттарына қарай біріктірілген топтамасы
Киімнің рециклингi	шығармашылыққа арналған материал ретінде қайта қолдану, басқа мақсаттарға пайдалану
Құрылым	тігін бұйымдарының сырт көрінісі және пішіні, жеке бөлшектерге бөлінуі, бөлшектердің өлшемдері мен оларды біріктіру тәсілдері
Макет	бұйым үлгісі
Модификация	бұйымды өзгерту, қайта жасау
Модульдік киім	киім бөлшектерін (модулін) өзгерту арқылы бастапқы түрін өзгерту. Модуль аяқталған бұйым немесе бұйымның құрылымдық бөлшегінің бірі болуы мүмкін
Монограмма	адамның аты-жөнінің бас әріптерінен тұратын белгі
Тарылту (қысқарту)	дайындау және пайдалану барысында бөлшектер өлшемінің кішіреюі
Тоқылмаған материалдар	химиялық, былғары, тері кәсіпорындарының өнімдері
Тігін өңдеу материалдары	тігін бұйымдарын сәндеуде, эстетикалық сапасын жақсартуда қолданылатын материалдар
Тоқыма материалдары	талшықтар, жіптер және тоқыма жіптерден жасалған бұйымдар
Технологиялық бірізділік	бұйымды дайындау барысында орындау кезегіне сәйкес жасалған технологиялық іс-әрекеттер реті
Трансформация	бір пішінді екінші пішінге айналдыру
Үлгі	бұйым бөлшектерінің сызбасы
Фурнитура	тігін өндірісінде қолданылатын қосымша материалдар, киімді түймелеу, бекіту және сәндеу мақсатында пайдаланылатын жабдықтар мен материалдар
Фурошики	(жапон тілінен аударғанда – «монша кілемшесі») затты орап алып жүруге арналған, матаның төртбұрышты қиындысынан жасалған жапондық қалта

4-тарау. Үй мәдениеті және тамақтану мәдениеті

Айран	қазақ халқының дәстүрлі тағамы, сиыр сүтін ұйыту арқылы жасалатын қышқыл сүт өнімі
«Ақылды үй»	адамның тікелей қатысуынсыз автоматты түрде қосылып, ажырайтын немесе интернет арқылы басқаруға болатын аспаптар жиынтығы
Бутоньерка	бірнеше гүлден құралған кішкене гүл шоғы. Ерлер костюмін, шашты, киімді сәндеуде пайдаланылады.
Глицерин	созылмалы мөлдір, майлы сұйық зат
Жент	қуырылып, диірменге тартылып, ұнтақталған бидай талқанына май, бал қосылып, белгілі бір пішінге келтіріліп ұсынылатын ұлттық ұн өнімі
Икебана	дәстүрлі жапон өнеріндегі кесілген гүлдер мен жас бұтақтардан құрастырылатын гүл шоғы, арнайы композиция
Қуат үнемділігі	электр қуатын үнемді жұмсауға арналған тұрмыстық техника белгісі
Лаваш	ашымаған жұқа қамырдан жасалатын нан өнімі, армяндардың дәстүрлі тағамы
Мультиварка	тағам дайындауға арналған автоматты немесе жартылай автоматты көпқызметті асүй аспабы
Наурызкөже	наурыз мерекесінің басты тағамы
Өсімдіктерді бұзылудан қорғау	өсімдіктердің жас және тартымды түрін ұзақ мерзімде сақтап қалуға бағытталған іс-әрекет
Пицца	бетіне қызанақ пен еріген ірімшік жағылатын, таба нанға ұқсас нан өнімі; италиялықтардың ұлттық тағамы
Сумалак	парсы және кейбір түркі халықтарының наурыз мерекесінде өнген бидай дәнінен дайындайтын дәстүрлі тағамы
Тәтті тағамдар немесе десерт	негізгі тамақтан кейін ұсынылатын тәтті тағамдар
Тұрмыстық техника	үй жұмысын жеңілдетуге арналған құрылғылар мен аспаптар
Ұлттық ас мәзірі	белгілі бір ұлттың дәстүрлі тағамдары
Флорариум	интерьерді безендіруге арналған ыдыстағы өсімдіктер композициясы
Флористика	өсімдіктерден көркем туынды жасау өнері

Оқу-әдістемелік басылым

**Дүйсенова Бахытжан Жолдасовна
Жолдасбекова Сауле Абдразаховна
Кульбекова Жанна Сатвалдиевна
Курабаева Фарида Альмырзиевна**

Көркем еңбек

(қыздарға арналған)

Мұғалімге арналған нұсқаулық

Жалпы білім беретін мектептің
7-сынып мұғаліміне арналған әдістемелік құрал

Ғылыми кеңесші: *педагогика ғылымдарының докторы С.А. Жолдасбекова*
Әдіскерлері *Д.Н. Сейтмолдинов, С.А. Имажанов*
Редакторлары *Б.Ж. Дүйсенова, Ж.А. Исаева*
Техникалық редакторы *С.М. Жапарова*
Корректоры *А. Бәкір*
Дизайнер-беттеушісі *Ж.А. Турегелдиева*

mail@nis.edu.kz

ИБ №042-В/4

Басуға 02.06.2021 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84/8.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Segoe UI». Қағазы офсеттік.
Шартты б.т. 10,23. Есептік б.т. 7,0. Шартты бояулы б.т. 2,75.
Таралымы 35 дана (қосымша). Тапсырыс №

010000, Нұр-Сұлтан қ., Хусейн бен Талал көшесі, 21/1
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ